

2014

**ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕБІ**



«Самұрық–Энерго» АҚ біріктірілген жылдық есебі

AR2014.SAMRUK-ENERGY.KZ



Ақпарат ашудың озық тәжірибелеріне сай, «Самұрық-Энерго» АҚ барлық мүдделі тұлғаларға 2014 жыл ішінде жылдық есептің біріктірілген нұсқасын ұсынып отыр. Осы нұсқада деректерді зерттеуге арналған ыңғайлы функционал, есептілікпен жұмыс істеуге арналған интерактивтік элементтер, сонымен қатар жылдық есепке барлық қосымшалар бар.

МАЗМҰНЫ

01. Есеп туралы	2	07. Корпоративтік басқару	72
		Директорлар кеңесі	74
02. Директорлар кеңесі төрағасының арнау сөзі	4	Ішкі аудит қызметі	85
Басқарма төрағасының арнау сөзі	6	Басқарма	88
		Корпоративтік басқару қағидаттары мен үдерістерін сақтау	99
03. Қызметтің негізгі көрсеткіштері	8		
04. Компанияның келбеті	10	08. Тәуекелдерді басқару жүйесі және сапаны басқару	102
Миссия, пайымдау және құндылықтар	11		
2020 жылға дейінгі стратегиялық бағыттар, мақсаттар мен міндеттер	12	09. Орнықты даму	108
Бизнес моделі	16	Экологиялық факторлар	109
Активтердің құрылымы	17	Әлеуметтік факторлар	117
2014 жылдың негізгі оқиғалары	22	Экономикалық факторлар	137
Халықаралық ынтымақтастық	22	Қоғаммен өзара іс-қимыл жасау	142
2014 жылғы мемлекеттік наградалар	23	Өнім үшін жауаптылық	144
05. Салаға шолу	24	10. Жылдық қаржылық есепке жүргізілген ішкі аудит	146
Электр энергиясы нарығы	25	Сыртқы аудиторды таңдау критерийлері	147
Көмір нарығы	29	Аудиторлық ұйым туралы ақпарат	147
Қоғамның нарық жағдайындағы SWOT-талдауы	31	Тәуелсіз аудитордың қорытындысы	149
06. Қызмет нәтижелері	34	11. Қаржы есеп-қисабы	150
Өндірістік қызмет	35	Пайда мен залал және жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп	151
Еншілес және тәуелді ұйымдар туралы ақпарат	38	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	153
Қуат өндіруші компаниялар	40	Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	154
Су электр станциялары мен жаңартылатын энергия көздері	43	Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	155
Өндіруші және сервистік компаниялар	47		
Энергия бөлуші және энергия таратушы компаниялар	48	12. Қосымшалар	158
Қаржылық нәтижелер	51	Пайдаланылатын қысқартулар	159
Компания қызметінің нәтижелеріне жалған менеджмент талдауы (MD&A)	53	Есептің GRI нұсқауына сәйкестілік кестесі	160
Инвестициялық қызмет	60	Қол жеткізілген прогресс туралы хабарлама	164
Инновациялық қызмет, энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуді арттыру	68		

1. ЕСЕП ТУРАЛЫ

Осы біріктірілген есеп (бұдан әрі — Есеп) «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі — Компания немесе Қоғам) компания қызметі туралы мәнді деректерді көрсетеді. Есеп барлық мүдделі тараптарға «Самұрық-Энерго» компаниялар тобының 2014 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсаны қоса алған мерзімде атқарған қызметінің нәтижелері мен жеткен жетістіктерін көрсетеді. Қоғамның осы Есепте көрсетілген 2014 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2014 жылғы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2013 жылғы есебі ТОО «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС («РwC») тәуелсіз аудитінің нәтижесі болып табылады.

Осы Есеп аясында компанияның экономикалық қызметі, тұрақты даму, қаржы-операциялық нәти-

желер мәселелері бойынша ақпарат келтірілген. Ақпарат пен сандық мәліметтер 2014 жыл үшін берілген, алайда көрсеткіштер бойынша берілген ақпаратты салыстыру мен оларға талдау жасаған кезде қолдануға болатын тұстарда 2012 және 2013 жылдардың да деректері пайдаланылды.

Қоғамның қаржылық емес есептерін қалыптастыру тарихы 2010 жылдан бастау алады. 2010 жылы Қоғамның 2009 жылы атқарған қызметінің қорытындысы бойынша бірінші есебі 2010 жылы жарияланды

2011 жылы Қоғам Жылдық есеппен қатар «Самұрық-Энерго» компаниялар тобының тұрақты дамуы туралы есепті жариялады, ол 2010 жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсаны қоса алғандағы кезеңді қамтиды. Алдыңғы Біріктірілген жылдық есептің жарияланымы 2014 жылы мамырда өтті.

Қоғам Біріктірілген есепті жыл сайын дайындауды жоспарлайды.

Есеп мазмұнын анықтау үдерісі

Осы есеп «Есептілік бойынша ғаламдық бастама» (бұдан әрі – G4 нұсқасының GRI) есебін дайындау қағидаттарын ескере отырып, электр энергетикасы (Electric utility, EU) саласындағы салалық GRI хаттамаға, БҰҰ, ХБЕС (Халықаралық біріктірілген есептілік стандарты) Жаһандық шарты

есептілігіне қойылатын талаптарға, сондай-ақ Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына сәйкес әзірленді. Есепке кесте қоса берілді, онда стандартты элементтердің Есептегі орналасу реті көрсетіледі (2-қосымшаны қараңыз: Есептің GRI нұсқауына сәйкестілік кестесі).

Есептің қамту саласы мен шекараларын шектеу

Қоғам басқарушы компания болып табылады, ол өндірістік қызметпен айналыспайды, сондықтан оның қоршаған ортаға тигізетін ықпалы да елеусіз болады. Осы есепте тұрақты даму саласындағы көрсеткіштерді толық ашу мақсатында 38 еншілес және тәуелді ұйымнан тұратын «Самұрық-Энерго» компаниялар тобы (бұдан әрі - Компаниялар тобы немесе Холдинг) бойынша шоғырландырылған ақпарат ұсынылған. Мына ұйымдардың жөні бөлек:

- «Forum Muider B.V.» – басқарушы компаниясы, «РУ-САЛ» ЖАҚ -пен бірлескен кәсіпорын (50 % СЭ);
- «Бұқтырма ГЭС» АҚ, «Шүлбі ГЭС» АҚ және «Өскемен ГЭС» АҚ – жалға берілген және концессияда;
- «Қарағандыгипрошахт және К» ЖШС – сенімгерлік басқаруда;
- 10 басқа компания.

Есепке енгізілген көрсеткіштерді және басқа ақпараттарды дайындау үшін пайдаланылған болжамдар мен әдістемелерді қоса алғандағы мәліметтер мен есептеулерді өлшеу әдістері

Дерек көздері мемлекеттік статистика органдарына жыл сайын берілетін ресми есептілік нысандары болып табылады. Көрсеткіштердің бірқатары ішкі аудит рәсімдері аясында компанияның жауапты өкілдері тексеретін ішкі есептілік нысандарына сәйкес жиналып, есептеледі.

Қоғамның Есебінде ұсынылған өндірістік, әлеуметтік және экологиялық көрсеткіштерді есептеу, жинау және шоғырлау есептілік қағидаттарына және GRI Тұрақты даму саласындағы есептілік жөніндегі нұсқауының 4

нұсқасының ұсынымдарына (Global reporting initiative, GRI G4), сондай-ақ Қоғамның корпоративтік басқару рәсімдеріне сәйкес жүргізілді. Тұрақты даму саласындағы көрсеткіштердің әр санаты бойынша сандық мәліметтердің қате берілу ықтималдығы барынша азайтылған. Қатынастар мен үлестік шамалар абсолютті мәндермен толықтырылған. Сандық мәліметтер жалпыға бірдей қабылданған өлшем бірліктерін пайдалану арқылы көрсетілген және стандартты коэффициенттердің көмегімен есептелген.

Болашаққа қатысты мәлімдеме

Есепте болашаққа қатысты келтірілген мәліметтер болжамдық сипаттағы ақпаратқа негізделген. «Жоспар» белгісі бар «санайды», «болжайды», «күтеді», «бағалайды», «көздейді», «жоспарлайды» секілді сөздер мен осы секілді сөздер бұл жағдайда әңгіме болжамдық мәлімдеме туралы болып тұрғанын көрсетеді. Нақты нәтижелердің жоспарлы және мақсатты көрсеткіштерден, күтілетін нәтижелерден, болжамды

мәлімдемелердегі бағалар мен ниеттерден айтарлықтай айырмашылықтары болуы мүмкін. Болжамдық мәлімдемелер Есеп жарық көрген күніне ғана жарамды. Компания болжамды мәлімдемелердегі күтілетін қызмет нәтижелеріне іс жүзінде қол жеткізілетініне кепілдік бермейді, сондықтан олар неғұрлым ықтимал немесе типтік сценарий ретінде қаралуға тиіс емес және қарала алмайды.

Растау

Біріктірілген жылдық есептерді дайындау Қоғамның ақпараттық ашықтығын арттыруда маңызды рөл атқарып қана қоймайды, сонымен қатар ішкі бизнес үдерістердің тиімділігін арттыруға да ықпал етеді.

Бұл есеп тұрақты даму саласындағы көрсеткіштерді тәуелсіз растаудан өткен жоқ. Қоғам тұрақты даму саласындағы көрсеткіштерге тәуелсіз зерттеу жүргізу мүдделі тараптардың алдында Компания қызметі бойынша ұсынылған нәтижелердің сенімділігі мен дұрыстығын арттыруға ықпал ететінін сезіледі.



2. «САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ АРНАУ СӨЗІ



Бектеміров Қуаныш Әбдіғалиұлы

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

2014 жылы Директорлар кеңесінің қызметі жалғыз акционердің мүдделерін қамтамасыз етуге, басқару сапасын арттыруға және негізгі көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталды. Компания активтерді көбейту және инвестициялық жобаларды іске асыру үдерісін табысты түрде жалғастырды. Директорлар кеңесі қызметтің басым бағыттарына жіті назар аударуға мүмкіндік беретін шешімдер қабылдады.

Бүгінгі күні еліміздің экономикалық өсуі мен әлеуметтік дамуының аса маңызды факторы электр энергетикасының тұрақты дамуы болып табылады.

Қазақстан экономикасының қарқынды дамуы, жаңа өнеркәсіптік кәсіпорындар, аграрлық кешендер, әлеуметтік сала объектілерін салу үшін электр энергетикасының дамуын басып озатын қарқынмен қамтамасыз ету, электр станциялары мен электр желілерін терең жаңғырту талап етіледі.

Саланың алдында жаңа технологиялық деңгейге көшу, экономикалық және энергетикалық тиімділікті арттыру, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоршаған ортаға жағымсыз әсерді азайту бойынша аса маңызды міндеттер тұр.

Қазақстанның электр энергетикасын жүйелі дамыту мәселелеріне ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен ел Үкіметі зор көңіл бөледі. Қабылданған бағдарламалық құжаттар мен табысты іске асырылған жобалардың басым көпшілігі Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 724 қаулысымен Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ аталған Тұжырымдаманың бастамашысы және тапсырыс берушісі болды, мұнда электр энергетикасы саласын жаңғыртуға байланысты перспективті пайымдау бойынша ұсыныстар берілген. Тұжырымдама халықаралық консультанттарды тарта отырып, салалық министрліктер мен ведомстволардың, Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығының, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, KAZENERGY қауымдастығының және энергетикалық кәсіпорындардың қатысуымен әзірленді.

Аталған құжат дәстүрлі қуат өндіру түрлерімен қатар жаңартылатын энергия көздерінің келешегі туралы нақты пайым жасауға мүмкіндік береді, мұнда қоршаған ортаны қорғауға, энергия тиімділігін арттыруға және инновацияларды ендіруге зор көңіл бөлінген. Тұрақты дамумен байланысты барлық мемлекеттік басымдықтар Компанияның жаңартылған 2022 жылға дейінгі ұзақ мерзімді стратегиясында көрініс тапқан.

Компанияның акционерлік құнын арттыру мақсатында көптеген ауқымды жұмыстар жасалды. Екібастұз ГРЭС-1 мен «Мойнақ ГЭС» АҚ-дағы үлесті 100 %-ға дейін арттыру бойынша мәмілелерді аяқтау компанияның ұзақ мерзімді даму стратегиясын іске асыру жолындағы аса маңызды қадам болды. Бұл екі ірі мәміленің аяқталуы бізді Электр энергетикасы саласындағы ұлттық оператор мәртебесін алу мақсатымызға қарай жақындата түседі.

Энергетикалық инфрақұрылымды озық дамыту мақсатында компанияның инвестициялық порт-

фелінде 14 жоба саналады, олар Қазақстанның электр энергетикалық кешенін технологиялық тұрғыдан жетілдіру мәселесін шешуге мүмкіндік береді және өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Қазіргі кезде МҮИИДБ мен Индустрияландыру картасы аясында 6 жоба іске асырылып жатыр.

Неғұрлым маңыздыларының ішінде – оңтүстік-кореялық инвесторлармен бірлесіп салып жатқан Балқаш ЖЭС құрылысы, Екібастұз ГРЭС-1-ді жаңғырту, ресей акционерлерімен бірлескен Екібастұз ГРЭС-2 станциясында 3-энергия блогын салу жобалары бар.

Компания өзінің алдына орасан зор міндеттер қояды, қойылған міндеттерге жету үшін жаңа перспективті жобалар бастауды жоспарлап отыр. Олардың арасында Алматы 1-ЖЭО-ны газға көшіре отырып, қайта құру және кеңейту, Шелек дәлізінде қуаты 300 МВт-ға дейін ЖЭС салу, сондай-ақ шағын ГЭС пен жел электр станцияларын салу жобалары бар. Бұл жобалар электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі «жасыл» энергияның үлесін айтарлықтай арттырады.

Жылдың қорытындысында Компаниялар тобы бойынша электр энергиясын өндіру 28,2 млрд кВт/сағ. немесе Қазақстан БЭЖ-інде өндірілген электр энергиясы көлемінің 30 %-ын құрады. 2014 жылы энергия өндіруші кәсіпорындарға 38 %-дан немесе станцияның белгіленген жиынтық қуатының шамамен 8 000 МВт-дан келеді.

2017 жылы жаңғырту бағдарламасын аяқтай отырып, Екібастұз ГРЭС-1 қуаты 4 000 МВт-ға немесе Қазақстанның барлық электр станцияларының белгіленген қуатының 1/5 бөлігіне қол жеткізеді. Орталық-Азия өңіріндегі ірі жылу электр станциясына бақылау жасау ҚР БЭЖ-інде энергия тапшылығының туындау қаупін азайтады, әлеуметтік тариф деңгейіне қолдау көрсету арқылы ұлттық экономиканың өсуіне жәрдемдесетін болады және экспорттық әлеуетті көбейтеді. Өткен жылғы қарашадағы рубль бағамының құлауы Ресейге электр энергиясын жеткізуді тоқтатты, бірақ желтоқсаннан бастап екі мемлекеттің басшылары арасындағы уағдаластықты орындау аясында Қырғыз Республикасына электр энергиясын экспорттау басталды.

Сала үшін ЕурАзЭҚ құру туралы шартқа қол қою маңызды оқиға болып табылды. Жалпы электр энергетикалық нарығын құру мүше мемлекеттердің

ұлттық электр энергетикалық нарықтарын сақтай отырып, үш қатысушы мемлекеттің энергия жүйелерінің өзара тиімді ынтымақтастығын көздейді.

Ұзақ мерзімді жоспарларға түзету енгізудегі елеулі аспекті ҚР Үкіметі бастамашылық жасаған «жекешелендірудің екінші толқыны» болды. Жалғыз акционер компания тобының 2015 жылдың аяғына дейін бәсекелес ортаға сатуға жататын ұйымдары мен объектілерінің тізбесін бекітті. Екі сатылы ашық конкурс негізінде сату үдерісі барысында «Жамбыл ГРЭС» АҚ-ның 50 % акциясы; «Ақтөбе ЖЭО» АҚ-ның 100 % акциясы; «ШҚ АЭК» АҚ-ның 100 % акциясы; «Шығысэнерготрейд» ЖШС-ның 100 % акциясы қатысу үлесімен; «МЭБК» АҚ 75 % + 1 акциясы сатуға шығарылды. «Алматы электр станциялары» АҚ ерекше мәртебесі бар Қапшағай ГЭС-інің мүлтік кешенінсіз сатылатынын атап көрсеткен жөн. «Самұрық-Энерго» АҚ стратегиялық объектісіне мемлекеттік бақылау жасауды сақтау мақсатында акционер мен Үкіметтің қолдауымен тиісті корпоративтік шешімдер қабылданды.

Компанияның стратегиялық емес объектілерін бәсекелес секторға сату бізге энергетикалық қуаттарды өсіру, ірі инвестициялық жобаларға инновациялық технологияларды өндіру және қоршаған ортаға тигізетін әсерді азайту арқылы негізгі бизнесті дамыту үшін шоғырлануға мүмкіндік береді.

Аталған міндеттер сондай-ақ Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасы бойынша басталған трансформациялаудың басым бағыттарына – Қор мен бақыланатын портфельді компаниялар қызметінің ауқымды қайта құру бағдарламаларына енгізілді. Әрбір бизнес-үдеріске көрсеткіштер енгізе отырып қызмет тиімділігін арттыру озық тәжірибелерді қолданумен қатар, кемшіліктерді анықтау мен жою ықпалдасу мен басқарудың озық үлгісін қамтамасыз етеді.

Трансформациялау бағдарламасын іске асыру мемлекет пен акционердің Самұрық-Энергоның алдына қойған жаңа міндеттерін тиімді орындауға, жаһандық қатерлерге қарсы тұруға және электр энергетикасы секторында әлемнің 30 алдыңғы қатарлы жетекші мемлекеттерінің қатарына ену бойынша ел экономикасы үшін жаңа мүмкіндіктер береді.

ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ АРНАУ СӨЗІ



Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы

«Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма
төрағасы

2014 жыл «Самұрық-Энерго» АҚ үшін жаңа Компанияның ұзақ мерзімді Даму стратегиясын әрі қарай іске асырудың қажеттілігін растайтын сын-қатерлер кезеңі болды. Басқарма өндірістік және инвестициялық бағдарламаны орындауға, жобаларды іске асыруға және активтерді ұлғайтуға барынша жұмылдырылды.

Компанияның есепті кезеңдегі жалпы шоғырландырылған табысы 252,5 млрд теңгеден асты, бұл 2013 жылғы нақты табыстан 77 %-ға артық (142,9 млрд теңге). Есепті кезеңдегі шоғырландырылған қорытынды пайда 15 947 млн теңгені құрады, ол жоспардан 75 %-ға артық.

Қаржылық көрсеткіштер теңгенің айырбас бағамының өзгеруіне, Екібастұз ГРЭС-1-дің 50 % үлесін сатып алу бойынша мәміленің аяқталуына және электр энергиясына коммерциялық сұраныстың төмендеуінің жалпы үрдісіне байланысты. Бұған қоса, рубль бағамының күрт құлауы көмірді экспортқа шығарудан түсетін табыстан көрінді және 4-тоқсанда РФ-ға электр энергиясын жеткізуді тоқтатуға алып келді.

Әлемдік экономикада құлдырау мен жағымсыз үрдістер байқалған жағдайда Компанияның стратегиясы практикалық тұрғыдан тұрақтылыққа ие болды. Энергия көздеріне бақылау жасаудың арқасында «Самұрық-Энерго» АҚ нарық конъюнктурасына жедел жауап қайтарып, тұтынушылар үшін электр энергиясы құнының арзандауына ықпал етті.

2015 жылы ақпанда «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, ал одан кейін «Екібастұз ГРЭС-2» АҚ шекті тарифтер бойынша бұрын белгіленген босату бағасын кВт/сағ. үшін 8,8-ден 8,65 теңгеге азайтты. Бұл шара ішкі нарықта өнеркәсіптік және бөлшек сауда секторындағы тұтынуды ынталандыруға мүмкіндік береді, бұл электр энергиясын экспорттауды қысқартудан болатын шығынды өтейді.

Бүгінгі таңда белгіленген және қолда бар қуаттың арасындағы үлкен алшақтық туралы бірнеше жыл бұрын ғана айтылса да, Қазақстанның қуат өндіру секторында қуаттың артық өндірілуі байқалады. 2009 жылы шекті тарифтерді енгізу қуат өндіруші жабдықтарды жаңғырту бойынша ұзақ мерзімді инвестициялық жобаларды іске асыру үшін ЭӨҰ-ға толыққанды тетік ұсынды. 2015 жылы «Инвестицияның орнына – тариф» бағдарламасы бойынша компанияның инвестициясы 500 млрд теңгеге жеткізілді.

Аталған бағдарлама аясында 2009-2014 жылдар кезеңінде «Екібастұз ГРЭС-1» АҚ-да қуаты 500 МВт № 2 және № 8 энергия блоктары қолдануға берілді, Екібастұз ГРЭС № 2-де қазандық агрегаттарының беті ауыстырылды. Энергия өндіруші қуаттарды қалпына келтіруден бөлек, шекті тарифтер есебінен қоршаған ортаға тигізетін әсерді азайтатын жобалар іске асырылды. Мысалы, Екібастұз ГРЭС-теріндегі көмір күлінің шығарындылары алты есеге азайды, ал тозаңдылық көрсеткіші енді бұрынғы 2 620 мг/м3 орнына 400 мг/м3-ден аспайды.

Сөйтіп, шекті тарифтерді қолдану бағдарламасы өндіріс объектілерінде жұмыс істеп тұрған қуаттар-

ды сақтап қалуға ғана емес, сонымен бірге электр энергиясына шығыстарды үнемдеу тиімділігіне қол жеткізуге, қоршаған ортаға шығарылатын зиянды заттар көлемін азайтуға, еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік берген оң нәтижелерді берді.

Компания еңбекті қорғау мәселелеріне, сондай-ақ қолайлы психологиялық ахуалды ұстап тұруға басым мән бөлуді жалғастырады. 2014 жылы технологиялық авариялар мен жарақат алу оқиғалары санының айтарлықтай азаюы байқалды. Әлеуметтік тұрақтылық рейтингінің көрсеткіштері де 2013 жылғы 63 % - дан 2014 жылғы 69 % - ға дейін жақсарды, ол «ортадан жоғары» деңгейдегі рейтингтік шәкілде қалады.

2015 жылғы экономикалық жағдай бойынша жасалған болжам туралы айта отырып, компания инвестицияға жұмсалатын шығыстарды 28 146 млн теңге (23 %) сомасына және ағымдағы шығыстарды жалпы сомасы 10 824 млн теңгеге (6 %) оңтайландыруды жоспарлап отыр. 2-МҰИИДБ, «Нұрлы жол» бағдарламасының ірі және маңызды жобаларын, ЕХРО-2017 көрмесінің объектілерін іске асыруға инвестициялық бағдарламаны қысқартудың қатысы болмайды.

Мұндай қысқарту біздің шығындарымызды оңтайландыру, инвестициялық жобалардың бір бөлігін неғұрлым кейінірек уақытқа ауыстыру болып табылады. Жалпы алғанда, бұл біздің кәсіпорындарымыздың жұмысының тиімділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді және бизнесті трансформациялау бағдарламасына сәйкес келеді.

Оңтайландырудың әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шараларға қатысы болмайды. «Самұрық-Энерго» компаниялар тобы бойынша 2015 жылы жұмыс орындарының саны сақталады, жұмыс берушінің қызметкерге әлеуметтік қолдау көрсету бойынша жасалған ұжымдық шарттар аясындағы міндеттемелері толық орындалатын болады.

Нарық талаптары мен экономикалық жағдайға қарамастан, Қоғам қатысушы өңірлердегі әлеуметтік мекемелерге қолдау көрсетуге, қоршаған ортаны қорғау, жас ұрпақты дамыту мәселелеріне айрықша көңіл бөледі.



3. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ



30%

-ЫН ҚҰРАЙДЫ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАЛПЫ
ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН
ӨНДІРУ КӨЛЕМІНІҢ

28 217

млн кВт/сағ.



38%

-ЫН ҚҰРАЙДЫ

ҚР БЭЖ-ДЕГІ СТАНЦИЯНЫҢ
БЕЛГІЛЕНГЕН ЖИЙНТЫҚ
ҚАТЫНЫҢ

7 959

МВт-ға



ҚР-ДАҒЫ КӨМІР ӨНДІРУ
КӨЛЕМІНІҢ

35,3%

-ЫН ҚҰРАЙДЫ



69,9

МЫҢ КМ

ӘУЕ ЖӘНЕ КАБЕЛЬДІ ЭБЖ 220-
0,4 КВ ҰЗЫНДЫҒЫ

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

Атауы	Өлшем бірлігі	2012 (нақты)	2013 (нақты)	2014 (жоспар)	2014 (нақты)	2015 (жоспар)	2016 (жоспар)
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн кВт/сағ.	17 418	28 587*	26 770*	28 216*	24 152*	24 186
Электр энергиясын тарату көлемі	млн кВт/сағ.	5 626	8 133	8 484	8 605	8 958	6 401
Электр энергиясын беру көлемі	млн кВт/сағ.	8 395	11 859	12 197	12 344	12 702	6 685
Жылу энергиясын өндіру көлемі	мың Гкал	7 471	6 792,5	7 574	7 561	7 067	5 698
Көмір өндіру көлемі	млн тонна	44,0	41,7	41,3	38,0	37,0	39,0

* Ертіс ГЭС каскадын есепке алмағандағы электр энергиясын өндіру көлемі.

НЕГІЗГІ ҚАРЖЫ -ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Атауы	Өлшем бірлігі	2012	2013	2014	2014 к 2013	2015	2016
					ауытқу, %	болжам	болжам
База табыс	млрд теңге	18,76	40,85	15,94	39 %	25,29	39,19
EBITDA	млн теңге	19 100	32 259	70 621	219 %	75 437	73 608
EBITDA Margin	%	20,2%	23,8%	39,7%	167 %	38,8%	61,0%
Қызмет рентабельділігі	%	20	33	6,5	20 %	14,2	42,1

ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Атауы	Өлшем бірлігі	2010	2011	2012	2013	2014	2014 нақты	2015 жоспар
Жаңа өнімдер мен технологияларды әзірлеу мен өндіруге жұмсалған инвестицияның үлесі (Қоғамның шығыстарына % -ға шаққанда)	%	3	4	43,21	13		-*	-*
Инновациялық-технологиялық даму рейтингі	%				71	70	91,2	80

* 2013 жылдан бастап акционерлердің үмітіне сәйкес жаңа НҚК – «Инновациялық-технологиялық даму рейтингі» енгізілді.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Атауы	Өлшем бірлігі	2010	2011	2012	2013	2014	2015
						нақты	жоспар
Корпоративтік басқару рейтингі	%	39,7	61,9	65	- *	73,5	77

* 2013 жылы корпоративтік бақылаудың рейтингіне тәуелсіз бағалау жүргізілген жоқ.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР

Атауы	Өлшем бірлігі	2012	2013	2014	2015
					жоспар*
Қызметкерді қатыстыру деңгейі	%	-	63	65	-
Жыл сайынғы кадр тұрақтамаушылығы	%	8,6%	10,1%	8,6%	-
Мың адамға шаққанда өндірістегі жазатайым оқиғалар саны	Саны / 1 000 адам	0,85	0,48	0,02	Жоспарланбайды
Тауарларды сатып алудағы жергілікті қамту үлесі	%	64	74	80	70**
Жұмыстарды, қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесі	%	73	65	74	54**

* Болжамды деректер (2013-2015 жылдарға арналған жоспар)
«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2012-2022 жылдарға арналған стратегиясына сәйкес ұсынылды.

** Еншілес және тәуелді ұйымдардың көрсеткіштері мен инвестициялық жобалардың іске асырылуы ескерілген болжамды деректер.

4. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Өндіруші қуаттардың жұмыс істеп тұрғандарын жаңарту және жаңаларын іске қосу жөніндегі ұзақ мерзімді мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру мақсатында 2007 жылы 18 сәуірде құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімімен «Самұрық-Энерго» АҚ құрылды. Қоғамның құрылған кездегі құрылтайшылары «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ және «Қазтрансгаз» АҚ болып табылды. Қоғам 2007 жылы 10 мамырда Алматы қаласында тіркелді.

2008 жылы 3 қарашада «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ мен «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ-ны қосу арқылы қайта ұйымдастыру нәтижесінде «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ-ның құқықтық мирасқоры болып табылатын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Қоғамның акционері болды.

2010 жылы мамыр айында Қоғам Алматы қаласынан Астана қаласына көшті.

Қазіргі кезде «Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан Республикасының аумағында энергетикалық және көмір өндіруші кәсіпорындарды басқаратын холдингтік компания болып табылады.

Қоғам активтерінің құрамында ірі қуат өндіруші компаниялар, оның ішінде Екібастұз ГРЭС-1 және ГРЭС-2 станциялары, Жамбыл ГРЭС сияқты ұлттық маңызы бар станциялар, сондай-ақ Алматы өңірінде және Ақтөбе қаласында жылу мен электр энергиясын өндіретін басқа да станциялар бар; республиканың Ертіс ГЭС каскадының құрамына кіретін негізгі су электр станция-

лары, сонымен бірге еліміздің оңтүстік аймағындағы ГЭС-тер (Шардара ГЭС пен Мойнақ ГЭС) солардың қатарында. Сондай-ақ Қоғам активтерінің құрамына Алматы өңірі, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан облыстарының аймақтық бөлу желілері мен өткізу компаниялары және Қазақстандағы ең ірі көмір өндіруші кәсіпорын – «Богатырь Көмір» ЖШС кіреді. Кәсіпорын Топтың қуат өндіруші объектілеріне және Қазақстанда, сол сияқты Ресей Федерациясында орналасқан үшінші тараптарға көмір жеткізеді.

МИССИЯ, ПАЙЫМДАУ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Миссия

Тұрақты даму арқылы жаһандық энергия экологиялық бастамалар аясында ел экономикасының жоғары қарқынмен дамуына қолдау көрсету және қазақстандықтардың өмір сүру деңгейін арттыру үшін электр және жылу энергиясын, сонымен қатар көмірді сенімді әрі тиімді өндіруді қамтамасыз ету.

Пайымдау

Электр энергиясын өндіру саласындағы ұлттық оператор, бәсекеге қабілетті еуразиялық маңызы бар операциялық холдинг.

Құндылықтар



Меритократия:

әркімнің үлесі мен жетістіктерін бағалаудағы әділдік пен объективтілік



Құрмет:

команданың басқа мүшелеріне құрметпен қарау



Адалдық:

Қоғам ішінде және өз серіктестеріне адалдық



Ашықтық:

серіктестермен қарым-қатынас жасаған және ынтымақтастықта жұмыс істеу барысындағы ашықтық пен мөлдірлік



Командалық рух:

қызметте неғұрлым жоғары нәтижелерге қол жеткізудегі ұжымдық жауапкершілік



Сенім:

өзара көмек және сенім мәдениетін ұстанушылық

Жұмыс қағидаттары

1-қағидат.

Энергия көздерінің сенімділігі мен қол-жетімділігі

Өсіп келе жатқан әлем халқының сұранысын қанағаттандыру үшін энергия көздерінің сенімділігін әрі қол-жетімділігін қамтамасыз етуге ұмтыламыз. Біз бұл мәселе бойынша қызметімізді жүзеге асыруға лицензия мен өкілеттік беретін, энергетикаға салынатын инвестицияның тұрақтылығына кепілдік беретін реттегіш құқықтық базаның күнігері болжағыштығын қамтамасыз ететін мемлекеттік құрылымдармен және азаматтық қоғаммен жұмыс істегіміз келеді.

2-қағидат.

Тиімді энергия жүйелері

Энергияны тиімді өндіруге, беруге және жеткізуге ұмтыламыз, қоршаған орта мен климатқа тигізетін жағымсыз әсерлерді мейлінше азайта отырып, тұтынушылардың энергия тұтынуды тиімді басқару мәселесін ілгері бастыруына ықпал етеміз, сонымен бірге іс-әрекеттеріміздің келешек ұрпаққа тигізетін салдарларын үнемі ескеріп отырамыз.

3-қағидат.

Жауапты азаматтық мінез-құлық

Қоғамның қажеттіліктері мен ұмтылыстары туралы түсінігімізді тереңдетуге, азаматтық қоғам мен үкіметтермен ынтымақтастық және ашықтық негізінде өзара іс-қимыл жасайтын жауапты корпоративтік азаматтар мен сындарлы серіктестер болуға ұмтыламыз.

4-қағидат.

Экономикалық дамуға үлес қосу

Энергетика секторының жұмысымен байланысты қоғамдастықтарды нығайтуға айырықша көңіл бөле отырып, өзіміз жұмыс істейтін қоғамдастықтардағы экономикалық өсімге, жұмыспен қамтуды арттыруға, оларға инновацияларды енгізуге ықпал етеміз.

5-қағидат.

Энергетикалық сауаттылықты арттыру

Энергетикалық сауаттылықты арттыруға, деректерге негізделген және сенімді әрі объективті ақпаратты ескере отырып әзірленген саясатты жүргізуге атсалысамыз.

2022 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР, МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

Электр энергетикалық кешенді дамытудың стратегиялық маңызы оның әр елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы маңызды рөлімен байланысты. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қоғамның алдына

қойылған мақсаттарға қол жеткізу және бастамаларды іске асыру үшін Қазақстанның электр энергетикалық кешенін жаңғырту және одан әрі жетілдіру міндетін қойып отыр.

Өз миссиясын орындау және талап етілетін нәтижелерге қол жеткізу аясында Қоғамға үш стратегиялық бағытты іске асыру талап етіледі:



Қазақстанның
энергетикалық қауіпсіздігін
қамтамасыз ету



Акционерлік капиталдың
құнын арттыру



Әлеуметтік
жауапкершілік



Бағыт:
Қазақстанның
энергетикалық
қауіпсіздігін
қамтамасыз ету

Мақсаттар: Электр энергиясы мен көмірді жеткізу сенімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ ҚР БЭЖ тұрақтылығын ұстап тұру.

Самұрық-Энергоның осы мақсатына қол жеткізуі мынадай міндеттерді іске асыруға негізделеді:

1. Самұрық-Энергоға электр энергиясын өндіру саласындағы Ұлттық оператор мәртебесін беру.

Ұлттық оператор мәртебесі электр энергетикасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Қазақстанның ресурстық базасын пайдалану тиімділігі мен ішкі жеткізілімдердің сенімділігін арттыру арқылы саланы тұрақты дамытуға ықпал ететін болады.

2. Ұлттық маңызы бар станцияларға бақылау қою.

Самұрық-Энерго ұлттық маңызы бар станциялар акцияларының бақылау пакетін (үлесін) алуды көздейді, бұл аталған объектілерге мемлекеттің тигізетін ықпалын күшейтеді, мұның өзі ҚР БЭЖ тұрақтылығын ұстап тұруға ықпал етеді.

Қазіргі кезде Мойнақ ГЭС пен Екібастұз ГРЭС-1 Самұрық-Энергоның бақылауында, алдағы жылдары

шығыстағы ГЭС-терге (концессия мерзімі аяқталған соң) бақылау пакетін алу күтілуде.

3. Өндіру құрылымын оңтайландыру.

Электр энергиясын шетелден жеткізуге тәуелділікті азайта отырып, Самұрық-Энергоның өндіру портфеліндегі маневрлік қуаттардың үлесін арттыратын ГЭС салу және олардың қуаттарын кеңейту көзделді.

4. Резервтік қуаттарды қамтамасыз ету.

Қоғам қолда бар (жарамды) қуаттарды арттыру арқылы қуаттар резервін қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізуді жоспарлайды, бұл елдің электр энергетикасы жүйесінің қауіпсіздігін арттыруға ықпал етеді.



Бағыт: Акционерлік
капиталдың құнын
арттыру

Мақсаттар: Самұрық-Энергоны трансформациялау; акционерлердің мүдделерін қорғау; Самұрық-Энергоның акцияларын бірінші рет сәтті орналастыру (халықтық IPO); холдингтің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету; холдинг активтерінің құрылымын оңтайландыру; коммерциялық тұрғыдан мақсатты жобаларға қатысу

1. Самұрық-Энергоны трансформациялау бағдарламасын іске асыру.

2014 жылы Қор осы мақсатты іске асыру үшін Қор мен оның ЕТҰ бизнесін трансформациялау бағдарламасына бастамашылық жасады.

Осы бастаманы іске асыру аясында Самұрық-Энерго өз бизнесін трансформациялауға кіріседі, ол мынадай үш негізгі міндет бойынша жүзеге асырылады:

- Портфельдік компаниялардың құнын арттыру.
- Портфельдің құнын өзгерту.

- Өкілеттіктер мен жауапкершіліктің бөлінуін өзгерту.

2. Самұрық-Энергоның акцияларын «Халықтық IPO» бағдарламасы бойынша орналастыру.

«Халықтық IPO» бағдарламасын іске асыру қазақстандық жеке инвесторлардың, халықтың, зейнетақы қорларының қаражатын тарту, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ көптеген мемлекеттік және жеке компаниялардың қаржы нарығына шығуы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету есебінен қазақстандық бағалы қағаздар нарығын және тұтастай алғанда, еліміздің экономикасын дамытуға ықпал ететін болады.

3. Тұрақты тариф белгілеу жүйесін құруға қатысу.

Самұрық-Энерго электр энергетикасы саласындағы ҚР заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізу арқылы энергия өндіруші ұйымдар үшін тарифтік заңнама-ларды жетілдіруге қатысатын болады.

4. Корпоративтік басқаруды жетілдіру.

Самұрық-Энергоның алдында 2015 жылы Қоғамдағы корпоративтік басқару сапасын арттыруға қол жеткізуге мүмкіндік беретін күш-жігерді мынадай даму бағыттарына шоғырландыру арқылы корпоративтік даму деңгейін айтарлықтай жақсарту және корпоративтік басқару рейтингін 75 %-дан жоғары (2015 жылы – 75 % және 2022 жылы – 85 % (3.1-кестені қараңыз)) арттыру бойынша стратегиялық міндет тұр, олар:

- Корпоративтік басқару кодексін өзектендіру;
- құзыреттер шегін ажырату;
- Директорлар кеңесінің байланысты тараптармен жүргізілетін операцияларға жасайтын бақылауын арттыру;
- Директорлар кеңесіне үміткерлер іріктеу саясатын ендіру;
- алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясаты мен тетіктерін жетілдіру;
- Самұрық-Энергоның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы жанжалдарды реттеу саясаттары мен рәсімдерін енгізу және өзектендіру;
- тәуекелдерді басқаруды нысандандыру және өзектендіру. Қызмет тәуекелдерді басқару саласындағы негізгі параметрлерді бекіту мен қайта қарауды, негізгі тәуекел көрсеткіштерінің мақсатты мәнін бекітуді қарастырады;
- тұрақты даму саласындағы қызметті жүйелендіру;
- жылжымалы негізде орта мерзімді даму жоспарын дайындау;
- басқару есептілігін жоспарлау, бюджеттеу, болжамдау және дайындау үдерістерін автоматтандыру;
- ақпараттың мөлдірлігі мен оны ашуға қойылатын талаптарды нысандандыру;
- Басқарма және Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақылары туралы ақпаратты ашу;
- корпоративтік Интернет-сайтта ақпаратты ашудың мерзімділігі мен уақытылылығы;

- сыртқы және ішкі аудит саласында үдерістерді енгізу және нысандандыру;
- «Менеджмент түсіндірмелері» (ХҚЕС) нұсқауына сәйкес компанияның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есебін дайындау;

5. бизнесті аралас өндіріске әртараптандыру;

6. активтерді жекешелендіру.

Қазіргі кезде активтердің құрылымы мен табыстың құрылымы арасында белгілі бір сәйкессіздіктер байқалатындықтан, бұл мақсат Самұрық-Энергоның әр алуан санатты активтерінің құрамын рационалдандыру бойынша қызметті қарастырады.

Алдағы 10 жылда аталған сәйкессіздіктерді оңтайландыру бойынша жұмыстар жүргізілетін болады. Атап айтқанда, энергия таратушы және энергия бөлуші активтерді, рентабельділігі төмен энергия өндіруші активтердің бір бөлігін бәсекелес ортаға сату, сондай-ақ стратегиялық және коммерциялық активтердің үлесін арттыру көзделген.

Бүгінгі таңда «Самұрық-Энерго» компаниялар тобы бойынша 2014-2016 жылдарға арналған жекешелендіру жөніндегі кешенді жоспарды іске асыру аясында 2014-2015 жылдары ашық нарықта сату үшін тоғыз актив іріктеліп алынды.

7. стратегиялық активтерді шоғырландыру;

8. бейінді активтерге инвестиция салу және үлестерді сатып алу, оның ішінде шетелдегі;

9. инновациялық даму.

Электр энергетикасы саласының капиталды қажет етуі мен ғылымды көп қажет етуінің жоғары болуы аталған міндеттің айырықша маңыздылығына байланысты. Қоғам инновациялық-технологиялық дамудың маңыздылығын сезінеді және жабдықтардың қазіргі қолда бар базасын жақсарту, бүкіл компанияны кешенді автоматтандыру және өз өндірісінің энергия тиімділігін қамтамасыз ету үшін озық әлемдік технологияларды қолдану бойынша жоспарлы жұмыстарды жүргізеді.



Бағыт: Әлеуметтік жауаптылық

Мақсаттар: әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету; өндірістік жарақаттануды азайту; қоршаған ортаны қорғау;

Қоғамдық ұйымдарға демеушілік қолдау көрсету және мемлекеттік әлеуметтік жауаптылық бағдарламаларына қатысу.

Демеушілік қайырымдылық көмек ауқымы туралы жыл сайынғы есеп «Самұрық-Қазына» АҚ Демеушілік қайырымдылық көмек көрсету саясатында көрсетілген мерзімге сәйкес 20.02.2015 жылы «СҚ-Астана» КҚ-ға ұсынылды. Демеушілік қайырымдылық көмектің жалпы көлемі 575 175 000 теңгені құрады, оның 564 782 000 теңгесі демеушілік көмекке, 10 393 000 теңгесі қайырымдылық көмекке жұмсалған. Оның үстіне, бұл көрсеткіш 2013 жылдың қорытындысы бойынша 127 514 000 теңгені құраған болатын.

Қызметтің негізгі көрсеткішін (ҚНҚ) – «Өндірістегі жазатайым оқиғалардың бір мың адамға шаққандағы санын» Қоғамның және оның ЕТҰ бірінші басшыларының ҚНҚ картасына енгізу.

Қызметтің негізгі көрсеткіші (ҚНҚ) – «Өндірістегі жазатайым оқиғалардың бір мың адамға шаққандағы саны» Қоғамның және оның ЕТҰ бірінші басшыларының ҚНҚ картасына енгізілді.

БИЗНЕС МОДЕЛІ

Қызметтің басым бағыттары және өндірілетін негізгі өнім:

- Электр энергиясын өндіру;
- Жылу энергиясын өндіру;
- Электр энергиясын беру және бөлу;
- Электр энергиясын тарату;
- Энергетикалық көмір өндіру;
- Жаңартылатын көздерден энергия өндіру;
- Энергетикалық объектілерді қайта құру, кеңейту және салу;
- Электр және жылу энергиясының жоспарланған көлемін өндіру;
- Желілердегі электр энергиясының шығынын азайту;
- Қоршаған ортаға зиянды әсерді барынша азайту;
- Отынның меншікті шығынын азайту, жабдықтардың жұмыс режимін оңтайландыру;

Таза көмір технологиясын қолдану – будың жоғары параметрлері технологиясын енгізу.

«Екібастұз ГРЭС-2-ні № 3 энергия блогы станциясын салу арқылы кеңейту және қайта құру» жобасын іске асыру аясында қысымы 24 МПа және температурасы 566°С болатын турбина алдында жоғары бу параметрлері бар қазандық-турбина блогын енгізу көзделген. Жобаны іске асыру мерзімі 2010-2017 жылдар.

Жоғарыда аталған стратегиялық бағыттар бойынша мақсаттарды іске асыру және қол жеткізу үшін «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2012-2022 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар жоспары бекітілді (Қоғамның Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 27-ақпандағы шешімі).

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы шешімімен «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2012-2022 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

- Қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес энергетикалық жабдықтардың пайдаланылуын қамтамасыз ету;


- Қолданыстағы энергетикалық қуатты қалпына келтіру, жаңғырту және қайта құру, сонымен қатар жаңа энергетикалық қуаттарды салу.

2014 жылы Қазақстан Республикасындағы электр энергиясын өндіру 93 935,2 млн кВт/сағ. құрады, мұның өзі 2013 жылғымен салыстырғанда 1 962,5 млн кВт/сағатқа немесе 2,1 %-ға жоғары (91 972,7 млн кВт/сағ.).

«Самұрық-Энерго» АҚ электр станциялары (Екібастұз ГРЭС-1, Екібастұз ГРЭС-2, ЖГРЭС, АлЭС, Ақтөбе ЖЭО, Шардара және Мойнақ ГЭС) 28 216 млн кВт/сағ. электр энергиясын немесе Қазақстанда өндірілетін электр энергиясының 30 %-ын өндірді.


Қазақстан Республикасында 2014 жылы электр энергиясын тұтыну 91 660,9 млн кВт/сағ. құрады, мұның өзі 2013 жылмен салыстырғанда 2 020,1 млн кВт/сағ. немесе 2,3 %-ға жоғары (89 640,8 млн кВт/сағ.).

БИЗНЕС МОДЕЛІ



БИЗНЕС СЕГМЕНТТЕРІ БОЙЫНША ПАЙДА

A	Электр қуатын өндіру.....	57%
B	Электр қуатын беру, тарату және сату	23%
C	Көмір өндіру.....	16%
D	Қызметтің басқа түрлері	5%



АКТИВТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Бүгінгі күні Қоғам энергиямен жабдықтаудың тиімділігі жоғары жүйесін қалыптастырған, сонымен қатар Қазақстанның барлық салаларының тұрақты дамуын қамтамасыз етіп отырған, халықаралық энергия теңгеріміне ойдағыдай ықпалдасқан ірі көп бейінді энергетикалық холдинг болып табылады.


Қоғамның Даму стратегиясына сәйкес, «Самұрық-Энерго» АҚ өзінің өндірістік қызметін электр энергиясын өндіруге бағыттауды жоспарлап отыр. Осыған байланысты 2014 жылы Компания энергия өндіруші активтердің үлесін сатып алу бойынша бірқатар мәмілелер жаса-

ды. Сонымен бірге тиімділігі төмен энергия өндірмейтін активтерді ашық нарықта сату бойынша қадамдар да жасалды.

2014 жылы сәуірде «Казгидротехэнерго» ЖШС-ның 100% қатысу үлесімен қоса «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның 50% қатысу үлесін сатып алу бойынша мәміле аяқталды.

2014 жылы шілдеде «Мойнақ ГЭС» АҚ-ның 49 % акциясын сатып алу бойынша мәміле аяқталды.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰЫРЫЛЫМЫ



«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ АКТИВТЕРІН ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ

Тиімділігі төмен энергия өндірмейтін активтерді сату мақсатында, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 наурыздағы № 280 «Жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» қаулысына сәйкес, «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының

ашық нарықта сатуға жататын объектілері мен ұйымдарының тізбесі бекітілді.

Үкімет бекіткен Кешенді жекешелендіру жоспарына сәйкес, Қоғамда әрбір сатылатын актив үшін мынадай жекешелендіру жоспары әзірленді:

Компания атауы	Акциялардың жекешелендірілетін пайызы	Аяқталу мәртебесі
«Жамбыл ГРЭС» АҚ	50%	• 2015 жылғы 31 наурыздағы № КП-43 «ЖГР-ЭС» АҚ-ның 50% акциясын сатып алу-сату шартымен жекешелендіру аясында активті сатудың негізгі рәсімі аяқталды.
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	100%	• Активтерді сату бойынша іс-шаралар жүргізілуде (тәсілі – екі сатылы ашық конкурс)
«ШҚ АЭК» АҚ	100%	• Активтерді сату бойынша іс-шаралар жүргізілуде (тәсілі – екі сатылы ашық конкурс)
«МЭБК» АҚ	75% + 1 акция	• Активтерді сату бойынша іс-шаралар жүргізілуде (тәсілі – екі сатылы ашық конкурс)

Компания атауы	Акциялардың жекешелендірілетін пайызы	Аяқталу мәртебесі
«Шығысэнерготрейд» ЖШС	100%	• Активтерді сату бойынша іс-шаралар жүргізілуде (тәсілі – екі сатылы ашық конкурс)
«АЖК» АҚ	100%	• Активтерді сату бойынша іс-шаралар жүргізілуде (тәсілі – екі сатылы ашық конкурс)
«АлЭС» АҚ	100%	• Активтерді сату бойынша іс-шаралар жүргізілуде (тәсілі – екі сатылы ашық конкурс)
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	100% қатысу үлесі	• Активтерді сату бойынша іс-шаралар жүргізілуде (тәсілі – екі сатылы ашық конкурс)
«Тегіс Мұнай» ЖШС	100% қатысу үлесі	• Активтерді сату бойынша іс-шаралар жүргізілуде (тәсілі – екі сатылы ашық конкурс)

АКТИВТЕРДІ ҚАЙТА ҚҰРЫЛЫМДАУ, ЖАҢА КОМПАНИЯЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ, САТЫП АЛУ ЖӘНЕ ҚҰРУ



1. «Мойнақ ГЭС» АҚ

2014 жылы 4 сәуірде Директорлар кеңесінің мүдделілік туындап отырған мәмілені жасау арқылы «Мойнақ су электр станциясы» АҚ-ның 49 % акциясын сатып алу туралы» шешімі (№ 49 хаттама) алынды.

2012 жылы пайдалануға берілген Мойнақ ГЭС қазіргі халықаралық стандарттарға сәйкесетін, негізгі және қосалқы жабдықтары тозбаған жаңа электр станциясы болып табылады. Бұл станция жоғары маневрлі ГЭС болып табылады және Алматы энергия торабындағы электр энергиясы мен қуатын жеткізу-тұтыну теңгерімін реттейді. Қажет болған жағдайда, мысалы, басқа электр станциялары апатқа байланысты электр энергиясын өндіруді азайтқан кезде Мойнақ ГЭС ҚР БЭЖ Жүйелік операторының командасы бойынша Қазақстанның барлық оңтүстік энергетикалық аймағы үшін электр энергиясы мен қуатын жеткізу-тұтыну теңгерімін реттейді.

«Самұрық-Энерго» АҚ ҚР электр энергиясын өндіру саласындағы Ұлттық оператор мәртебесін алуды жоспарлап отыр және осыған байланысты «Мойнақ ГЭС» АҚ акциясына 100 % иелік ету станцияның жұмыс бағытын жеке-дара белгілеуге мүмкіндік береді – «Мойнақ ГЭС» АҚ қаржы-шаруашылық қызметі бойынша шешімдер акционер мүддесі үшін ғана емес, сонымен бірге электр энергикасы саласының мүдделерін де ескере отырып қабылдануы мүмкін, мұның өзі Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін күшейтуге мүмкіндік береді.

2014 жылы 16 маусымда № КП-78 «Мойнақ су электр станциясы» АҚ-ның 49 % жай акциясын сатып алу-сату шартына қол қойылды.



2. «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС

2013 жылы 4 шілдеде Директорлар кеңесінің «Қоғамның «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС жарғылық капиталындағы 50% қатысу үлесін және «Казгидротехэнерго» ЖШС жарғылық капиталының 100% қатысу үлесін сатып алуы туралы» шешімі (№ 84 хаттама) алынды.

2014 жылғы 31 наурызда «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС жарғылық капиталының 50% қатысу үлесін қабылдап алу-тапсыру актісіне қол қойылды.

Қоғамның 2022 жылға дейінгі стратегиясына (2013 жылғы 27 ақпандағы № 69 хаттама) және «Самұрық-Энерго» АҚ Даму стратегиясын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес (2013 жылғы 20 мамырдағы № 73 хаттама) «Акционерлік капиталдың құнын арттыру» стратегиялық бағыты аясында холдинг активтерінің құрылымын оңтайландыру негізгі мақсаттардың бірі болып табылады. Операциялық холдингті қалыптастыру арқылы активтер құрылымын оңтайландыру Екібастұз отын-энергетикалық кешенінің кәсіпорындарындағы мажоритарлық иелену үлесіне, соның ішінде «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның 50% қатысу үлесін сатып алуға қол жеткізуді көздейді.



3. «Казгидротехэнерго» ЖШС

2013 жылы 4 шілдеде Директорлар кеңесінің «Қоғамның «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС жарғылық капиталының 50% қатысу үлесін және «Казгидротехэнерго» ЖШС жарғылық капиталының 100% қатысу үлесін сатып алуы туралы» шешімі (№ 84 хаттама) келіп түсті.

«Әлеуметтік жауапкершілік» бағыты аясында қоршаған ортаны қорғау («жасыл экономика» стратегиясын іске асыру) басымдық болып табылады, осыған байланысты «Казгидротехэнерго» ЖШС-ны сатып алу - «Самұрық-Энерго» АҚ басымдықтарының бірі. ЖШС қызметі ЖЭК-ті пайдалана отырып, электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін ЖЭК, дербес техникалық құрылғыларды және олармен өзара байланысты құрылыстарды пайдалану бойынша объектілерді жобалауға, құрылысын салуға бағытталған (жобалар – Казгидротехэнерго-ның 7 шағын ГЭС салу жобасы).

2014 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

8 СӘУІР	4 СӘУІР	16 МАМЫР	22-25 МАМЫР	30 МАМЫР
«Самұрық-Энерго» АҚ Қазақмыс ПЛС тобынан «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-ГРЭС» ЖШС-ның 50 % үлесін және «Қазгидротех-энерго» ЖШС-ның 100 % үлесін сатып алу рәсімін аяқтады.	«Алматы электр станциялары» АҚ «Сенім-2014» конкурсының қорытындысы бойынша «Саны 2 000 қызметкерден асатын ең үздік жұмыс беруші өндірістік компания» номинациясында ІІІ дәрежелі дипломмен наградталды.	Алматыда қуаты 126 МВА жаңа «Есентай» жабық типті электр қосалқы станциясы іске қосылды.	VII Астана экономикалық форумы аясында «Өтпелі кезеңдегі энергетика: мүмкіндіктер және туындайтын тәуекелдер» тақырыбы бойынша әлемдік энергетика лидерлерінің саммиті жұмысын бастады.	Астанада Самұрық-Энерго корпоративтік аллеясы пайда болды.
9 ҚЫРКҮЙЕК	1 ЖЕЛТОҚСАН	5 ЖЕЛТОҚСАН	14 ЖЕЛТОҚСАН	ЖЕЛТОҚСАН
Астанада «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметкерлерінің арасында екінші спартакиада өтті.	Қырғызстан Республикасына Қазақстан электр энергиясын жеткізу басталды. «Самұрық-Энерго» АҚ еншілес кәсіпорыны («Т.Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС» Қырғыз Республикасының мұқтаж-дықтары үшін 230 МВт электр қуатын өндіреді.	«Самұрық-Энерго» АҚ мен «Электрисите де Франс» (EDF) арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.	«Самұрық-Энерго» АҚ мен Қытай халықаралық су шаруашылығы және энергетика корпорациясы (ҚХСШЭҚ) Шелек өңірін дамыту мен инвестиция салу және Кеңсу өзенінің арнасын Бестөбе су қой-масына бұру саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.	«Екібастұз ГРЭС-1 ЖШС № 2 энергия блогын пайдалануға беру жөніндегі қабылдап алушы жұмыс комиссиясының актісі алынды.

2014 ЖЫЛЫ БЕРІЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАР

1	Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы	«Парасат» ордені	«Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасы
2	Берденов Адик Әбенұлы	«Құрмет» ордені	Турбина цехының бастығы, 2-ЖЭО, «Алматы электр станциялары» АҚ
3	Смағұлов Берік Серікұлы	Қазақстан Республикасының «Ерен еңбегі үшін» медалі	«Богатырь» кесігі экскаватор машинисі, «Бога-тырь Көмір» ЖШС
4	Құсайынов Талғат Мамырханұлы	Қазақстан Республикасының «Ерен еңбегі үшін» медалі	«Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ бас инженері
5	Баяндинов Фуат Мұхаметқалиұлы	Қазақстан Республикасының «Ерен еңбегі үшін» медалі	«Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ Левобережная АЭС тарату желілерін пайдалану жөніндегі электр монтері
6	Лаптев Валерий Константинович	Қазақстан Республикасының «Ерен еңбегі үшін» медалі	«Богатырь Көмір» ЖШС Технологиялық көлік басқармасының автогрейдер машинисі
7	Сейітқанов Сабриден	Қазақстан Республикасының «Ерен еңбегі үшін» медалі	«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ Жылу автоматикамы және өлшеу цехының аға шебері
8	Потуданский Иван Михайлович	Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасы	«Алматы электр станциялары» АҚ 3-ЖЭО қазандық цехы қазандық жабдықтарының аға машинисі
9	Нұрғожин Арман Жеңісұлы	Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасы	«Б.Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС 1-қазандық турбина цехы энергия блогының 8-разрядты аға машинисі

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

2014 жылы 22 мамырда VII Астана Экономикалық Форумы аясында «Самұрық-Энерго» АҚ мен Primus Power, Inc. компаниясының арасында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды, оның аясында тараптар Қазақстандағы аккумуляторлық технологиялар саласындағы бизнесті ұйымдастырудың барынша өзара тиімді мүмкіндіктері мен ынтымақтастықты дамытуға септігін тигізетін стратегиялық қарым-қатынастар әлеуетін зерттеуге ниеттенді. Аталған ынтымақтастық аясында Primus Power компанясымен бірлесіп, «Энергия жинақтаушы батареялар өндірісі» жобасын іске асыру жоспарлануда.

Сонымен қатар 2014 жылы мамырда VII Астана Экономикалық Форум аясында «Самұрық-Энерго» АҚ мен Xicato американдық компаниясының арасында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды, оның аясында тараптар Қазақстандағы жарық сәулелендіргіш диодтар саласында ынтымақтастық орнату және оны дамытуға ниетті.

2014 жылы 19 маусымда Қазақстан-Корей бизнес-форумы барысында «Самұрық-Энерго» АҚ мен Korea Water Resources Corporation арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды, оның аясында тараптар ақпарат, тәжірибе және сапар алмасу арқылы гидроэнергетика саласындағы ынтымақтастықты жоспарлайды.

2014 жылы тамызда «Самұрық-Энерго» АҚ мен SEPCO III Electric Power Construction қытай компаниясының арасында Жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру жөніндегі құпиялылықты сақтау туралы келісімге қол қойылды.

2014 жылы 27 қарашада Энергетикалық Хартия бойынша өткен конференцияның 25-сессиясы аясында «Ereumentau Wind Power» ЖШС мен Еуропа қайта құру және даму банкі арасында «Ерейментау қаласы ауданында келешекте 300 МВт-ға дейін кеңейте отырып, қуаты 50 МВт ЖЭС салу» жобасын қаржыландыру бойынша кредиттік келісімге қол қойылды.

2014 жылы 5 желтоқсанда Франция Президентінің Қазақстан Республикасына сапары аясында «Самұрық-Энерго» АҚ мен Électricité de France франуз компаниясы арасында 2014 жылы 9 қарашада 2012 жылғы 9 қарашадағы Меморандумның әрекет ету мерзімінің аяқталуына байланысты жаңа Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Қол қойылған Меморандумда энергиятиімділік, өндіру, электр желілері, оқу, жаңартылатын энергия көздері және т.б. секілді ынтымақтас-тық салалары көрсетілді.

2014 жылы 14 желтоқсанда Қазақстан-Қытай Іскерлік кеңесі аясында «Самұрық-Энерго» АҚ мен Қытай халықаралық су шаруашылығы және энергетика корпорациясы арасында Шелек өңірін дамыту мен инвестиция салу және Кеңсу өзенінің арнасын Бестөбе су қоймасына бұру саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Негізгі іс-шаралардың бірі 2014 жылғы мамырда Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен Дүниежүзілік Энергетикалық Кеңес (ДЭК) пен KAZENERGY қауымдастығымен бірлесіп өткізілген VIII Астана Экономикалық Форумы аясында әлемдік энергетика лидерлерінің саммитін өткізу болды. Қазақстан ДЭК Ұлттық комитетінің төрағасы «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасы Алмасадам Майданұлы Сәтқалиев болып табылады.

Астана саммиті барысында энергетика министрлері мен ірі энергетикалық компаниялар басшыларының қатысуымен тақта тасты газ төңкерісінің салдарлары, энергия сақтау технологиясы саласындағы әрі қарайғы қадамдар, өңірлік энергетикалық инфрақұрылымдарды дамытудағы мүмкіндіктер, сондай-ақ атом энергетикасын дамытудағы мүмкіндіктер туралы мәселелер қаралды.

Бұл оқиға Қазақстан Республикасының энергетика саласындағы ойдағыдай дамушы елдердің бірі ретінде танылуына, өзара тиімді ынтымақтастықтың нығаюына, энергетикалық қоғамдастықтардың арасында өзара тікелей байланыстардың орнауына ықпалын тигізді.

Саммит салалық халықаралық қоғамдастық үшін ТМД кеңістігінде бірінші рет өткізілген басты оқиғалардың бірі болып табылады. Таңдаудың Қазақстан астанасына түсуі – осы ірі халықаралық үкіметтік емес энергетикалық ұйымның еліміздің өсіп келе жатқан беделін мойындауының куәсі.

Саммит жұмысына халықаралық энергетикалық қоғамдастықтың өкілдері, оның ішінде түрлі елдердің энергетика министрліктерінің басшылары, халықаралық компаниялардың басшылары, ДЭК Ұлттық комитеттерінің төрағалары, үкіметтік емес ұйымдар мен қауымдастықтардың сарапшылары қатысты. Саммитке қатысушыларға арнап Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Қ.Мәсімов құттықтау сөз сөйледі, ол дәстүрлі энергетиканың жаңартылатын энергия көздерімен үйлесімінің, жаһандық энергетиканы дамытудағы экологиялық қауіпсіз энергияға қажеттіліктің маңыздылығын атап өтті. Энергетиканы орнықты дамыту үшін «Болашақтың энергиясы» тақырыбына ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесін өткізудің маңыздылығы атап өтілді.

5. САЛАҒА ШОЛУ ЖАСАУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ӨСТІ ЖӘНЕ 2014 ЖЫЛЫ

93 935,2 млн кВт.сағ. құрады

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ НАРЫҒЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА СТАНЦИЯЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ

Электр энергиясын өндіру, млн кВт/с	2013	2014	2014 к 2013	%
ЖЭС	77 622,0	78 772,9	1 150,9	101,5
СЭС	7 701,0	8 235,8	534,8	106,9
СЖЭС	6 645,8	6 915,9	270,1	104,1
ЖЭС	3,1	9,4	6,3	303,2
КЭС	0,8	1,2	0,4	150,0
Барлығы	91 972,7	93 935,2	1 962,5	102,1

Ақпарат көзі: Жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы

ҚР электр энергиясы нарығы географиялық жағынан үш аймаққа бөлінген:



Тапшылық солтүстік аймақтардан және ішінара Орталық Азия БЭЖ-інен Электр энергиясын жеткізу есебінен жабылады.

Батыс аймақ – Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан облыстары. Көмірсутекті шикізат қоры мол. Осыған қарамастан бұл аймақ электр энергиясына зәру аймақ болып табылады, мұнда электр энергиясы Ресей Федерациясынан жеткізіледі.

Соңғы уақыттарда ірі өнеркәсіптік холдинг құрамына кіретін компаниялар «Самұрық-Энерго» Тобының кәсіпорындарына бәсекелес болып отыр. Көбінесе бұл жағдайға мынадай екі фактор әсер етіп отыр:

Солтүстік аймақ – Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Астана қаласы. Солтүстік аймақта ҚР-да өндірілетін жалпы электр энергиясының 77 %-ына дейін өндіріледі. Солтүстік аймақта негізгі көмір кеніштері және су энергетикалық ресурстар орналасқан.

Осының нәтижесінде солтүстік аймақта электр энергиясын өндіру құны барынша төмен. Артылған электр энергиясы энергия тапшы оңтүстік аймақтарға жіберіледі және Ресей Федерациясына экспортталады.

Оңтүстік аймақ – Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары және Алматы қаласы.

1.Өндірістік топтардың өздерінің өндірісінің төмендеуі және ҚР ішкі нарығына сатуға арналған артық электр энергиясының пайда болуы.

2.Бәсекелестерде электр энергиясы бағасының неғұрлым төмен болуы, себебі олар әлемдік нарықтағы негізгі өнімнің (негізінен металдар) бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін төмен баға ұстауға мүдделі.

Электр энергетикасы нарығындағы бәсекелес орта

2014 жылы электр энергиясының бөлшек сауда нарығында мынадай энергия өндіруші ұйымдар ең ірі бәсекелес болды:


Бәсекелес компаниялар	2014 ж. өндірілген электр энергиясының көлемі	
	млн кВт/сағ.	ҚР-да өндірілген энергия көлемінің %-ы
«Еуроазиялық энергетикалық корпорация» АҚ	16 401	17,5%
Қарағанды ГРЭС-2 (KazakhmysEnergy)	4 604,5	5%
«Қарағанды Энергия орталығы» ЖШС	3 519,3	3,7%
«СевКазЭнерго» АҚ	2 732,7	3%

ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫНЫҢ ІРІ МЕНШІК ИЕЛЕРІ МЕН ОПЕРАТОРЛАРЫ БОЙЫНША БЕЛГІЛЕНГЕН ҚУАТ

«Самұрық- Энерго» АҚ	7959	МВт	38,7%
ENRC	3202	МВт	15,5%
AES	1361	МВт	6,6%
«МАЭК Казатомпром» ЖШС	1330	МВт	6,5%
«Kazakhmys Energy» ЖШС	930	МВт	4,5%
Басқалары	5810	МВт	28,2%
Барлығы	20 591,5	МВт	

Нарық моделі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ НАРЫҒЫНЫҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ МОДЕЛІ



1. ЭӨҮ - электр өндіруші ұйым.
2. АЭЖК - аймақтық электр желісі компаниясы.
3. ЭЖҮ - энергиямен жабдықтаушы ұйым.

Электр энергиясы нарығы екі деңгейден тұрады: бөлшек нарық және көтерме нарық. Көтерме нарық Қоғам үшін маңызды рөл атқарады.

Көтерме нарықтың құрылымы электр энергиясын сатып алу-сатудың орталықтандырылмаған нарығын, электр энергиясын орталықтандырылған сауда нарығын, нақты уақыт режимінде теңгеруші нарықты, жүйелік және көмекші қызметтер нарығын қамтиды.

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі жылу-энергетикалық кешенін дамыту тұжырымдамасына сай (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 724 қаулысымен бекітілген), электр энергиясы нарығы моделінің жаңа сызбасын іске қосу жоспарланып отыр:

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ МЕН ҚУАТ НАРЫҒЫНЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІНІҢ СЫЗБАСЫ



Ақпарат көзі: «Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі жылу-энергетикалық кешенін дамыту тұжырымдамасы»

Тұжырымдама салалық министрліктер мен ведомстволардың, Қазақстан электр энергетикасы қауымдастығының, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, KAZENERGY қауымдастығының және халықаралық кеңесшілерді тарта отырып энергетикалық кәсіпорындардың қатысуымен әзірленді.

Тұжырымдамада бәсекеге қабілетті нарықтық баға белгілей отырып, электр энергиясының көтерме нарығын және қуатын енгізу жобаланып отыр (мақсатты модель). Мақсатты модель аясында электр энергиясы мен қуатының орталықтандырылған сауда нарығының, өндірушілер мен тұтынушылар арасында электр энергиясын сатып алу-сату жөнінде екіжақты келісім-шарт жасасуға мүмкіндік беретін теңгеруші нарықтың және орталықтандырылмаған сауда нарығының жұмысы жобаланып отыр.

Ұлттық оператор мынадай қызметтерді атқарады деп жобалануда:

құрылыс жүргізуге тиісті мемлекеттік байқау өткізілмеген жағдайда, әлеуметтік маңызы бар электр энергетикалық объектілерді салу

экспортталатын және импортталатын электр энергиясын сатып алу-сату бойынша орталықтандырылған қызметтерді жүзеге асыру

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде энергетикалық объектілерді салу

Өндіруші сектордағы мемлекеттік активтердің бәрін біріктірген Қазақстанның ең ірі энергетикалық холдингі ретінде «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Ұлттық оператор мәртебесін беру үшін қажетті құзыреттілік деңгейі жеткілікті, мұның өзі оған 2019 жылы қолданысқа енгізілген Еуразиялық экономикалық одақтың қалыптасып келе жатқан жалпы нарығында күшті ойыншы болуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта «Самұрық-Энерго» АҚ Еуразиялық экономикалық одақтың жалпы электр

Тұжырымдамаға сай электр энергетикасы саласында мемлекеттік саясатты іске асыру үшін ауқымды инвестициялар кезеңінде Нарық кеңесін және Электр энергиясын өндіру саласындағы ұлттық операторды құру жобалануда.

Өндіру жөніндегі ұлттық операторды құру саланың тұрақты дамуына мүмкіндік береді, елдің электр энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, Қазақстан Республикасының энергия жүйесінің ішкі қажеттіліктерін бірінші кезекте қанағаттандыруды ескере отырып, халықаралық нарыққа шығуға, электр энергиясын экспорттауға/импорттауға, сонымен қатар ішкі жеткізілімдердің сенімділігін арттыруға және Қазақстанның ресурстық базасын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

энергетикалық нарығын қалыптастыру тұжырымдамасын әзірлеуге белсенді түрде қатысуда.

Осы саладағы жаңа мүмкіндіктер РФ және Белоруссияға қосымша экспорттық өткізу нарығының пайда болуына, сонымен қатар Орталық Азия елдерінен Еуразиялық Экономикалық Кеңістікке электр энергиясын жеткізу мүмкіндіктеріне байланысты.

КӨМІР НАРЫҒЫ

Қазақстанның көмір өнеркәсібі

Көмір өнеркәсібі Қазақстан Республикасының маңызды ресурстық салаларының бірі болып табылады. Отын өндірудің ағымдағы құрылымы шартты отынның тоннамен берілген жиынтық тұтынуының негізгі үлесін – 74%-ын құрайды. Қазақстанда көмір өнеркәсібінің барлық негізгі сегменттері ұсынылған, алайда энергетикалық көмірді пайдалану және өндіру ерекше дамыған. 2013 жылғы жағдай бойынша, Қазақстан Республикасы дүниежүзі бойынша дәлелденген көмір қорының көлемі бойынша жетінші орында.


KAZENERGY Ұлттық энергетикалық баяндамасы

ДӘЛЕЛДЕНГЕН КӨМІР ҚОРЫНЫҢ КӨЛЕМІ




A АҚШ	237	H Украина.....	34
B РФ	157	I ОАР	30
C КХР	115	J Колумбия.....	7
D Австралия	76	K Канада	7
E Үндістан.....	61	L Польша	6
F ГФР	41	M Басқа.....	31
G Қазақстан	35		

Қазақстан Республикасында энергетикалық көмірді өндіру соңғы жылдары орташа қарқыны 2%-бен тұрақты өсіп отырды.



ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КӨМІР ӨНДІРУ, МЛН ТОННА



Энергетикалық көмір өндіру құрылымында қоңыр көмір мен ұзақ жанатын көмірдің үлесі – 2008 жылғы 20%-дан 2012 жылғы 27%-ға дейін өсті. Энергетикалық көмір өндіру көлемінің айтарлықтай мол болуына орай Қазақстан әлемде көмір өндіру бойынша оныншы орынды иеленеді.

Қазақстанның энергетикалық нарығы салыстырмалы түрде фрагменттелген – жиынтық өндірудің шамамен 40%-ын қамтамасыз ететін ірі ойыншы – «Богатырь Көмір» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ және «РУСАЛ» – әр компания 50% бойынша), жиынтық өндірудің шамамен 30%-ын қамтамасыз ететін компания – «ENRC» («Восточный», «Шұбаркөл Көмір» бөлігінде), одан әрі «Қазақмыс» (8 %), «Қаражыра» (6 %), «Ангренсор Энерго» (5 %) болып табылады және басқалары.

Энергетикалық көмір өндірудің негізгі үлесі Қазақстан Республикасы электр энергетикасы саласының мұқтаждықтарына және экспортқа жұмсалады (51 % және 31 % сәйкесінше), қалған көлемі – халықтың коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждықтарға және өнеркәсіптік кәсіпорындарға жұмсалады (13 % және 5 % сәйкесінше).

Энергетикалық көмір экспорты

Ресейге экспортталатын энергетикалық көмір Қазақстанның жиынтық экспортының негізгі үлесін құрайды (жиынтық 30,5 млн тоннаның 90 %-ы). Ресей Федерациясында екібастұздық көмірге арнайы жобаланған электр станциялары тұрақты сұранысты қамтамасыз етеді. Екібастұз көмірі импортының көлемі Ресейдің жалпы көмір тұтынуына байланысты ауытқып отырады, алайда оны Ресейдің көмір өндірісінде пайдалану үлесі соңғы бес жылда өзгерген жоқ және шамамен 20-21 %-ды құрайды.

	2011	2012	2013	2014
Өндіру	110,1	114,3	112,8	107,6
Көмір экспорты	33,6	32,8	32,9	30,4
оның ішінде,				
Ресей Федерациясы	29,8	29,4	27,7	24,4
РФ-ның электр станциясына	27,7	27,6	24,9	21,1

Ақпарат көзі: ҚР Энергетика министрлігінің деректері негізінде

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясының 12 электр станциясына көмір жеткізетін көмір өндіруші компаниялары:

- 1. «Богатырь Көмір» ЖШС (көмір маркасы КСН);
- 2. «ЕЭК» АҚ (көмір маркасы КСН);
- 3. «Ангренсор-Энерго» ЖШС (көмір маркасы КСН);
- 4. «Майкөбе-Вест» ЖШС (көмір маркасы БЗ, Д);
- 5. «Оң Олжа» ЖШС (көмір маркасы БЗ).

Ақпарат көзі: ҚР Энергетика министрлігінің деректері негізінде

ЕКІБАСТҰЗ ТАС-КӨМІР БАССЕЙІНІНІҢ СИТУАЦИЯЛЫҚ СЫЗБАСЫ



Тұтынуды 2014 жылға мәлімделген көлемнен төмендеткен РФ электр станциялары:

- 1. Рефтинск ГРЭС-і (-1 093,7 мың тонна);
- 2.Троицк ГРЭС-і (-673,4 мың тонна);
- 3. Омск ЖЭО-4,5 (-1 038,5 мың тонна);
- 4. Оңтүстік Орал ГРЭС-і (-581,2 мың тонна)

2014 жылы 12 ай ішінде РФ-ға көмір экспорты 2013 жылғы осындай мерзіммен салыстырғанда 3,8 млн тоннаға азайды.

Ақпарат көзі: ҚР Энергетика министрлігінің деректері негізінде

Әлемдік энергетикалық көмір нарығы жылына 1% болмашы қарқынмен өсетін болады. Еуропа елдерінің энергетикалық көмір тұтыну үлесі біршама азаяды деп күтілуде: жаһандық сұраныстың ағымдағы 30%-ынан 2025 жылға қарай 18%-ға дейін. Еуропадағы сұраныстың азаюы және Индонезия мен Австралия сияқты елдердің көмір жеткізу көлемінің өсуі жаһандық нарықтың молығуына және бағаның төмендеуіне әкеледі. Қазақстан энергетикалық көмірінің Еуропаға экспорты салыстырмалы төмен сапасынан және жоғары көліктік шығындардың салдарынан бәсекеге қабілетсіз болады. Күлді көп шығаратындықтан және салыстырмалы түрде жылуды аз беретіндіктен қазақстандық көмір экспорттық нарықта тек дисконтпен ғана сатыла алады (30 %-дан 50 % дейін). Ірі кен орындарының ішінде Шұбаркөл кенішінен өндірілетін көмірдің сапасы ғана экспорттық стандарттарға сай келеді.

Энергетикалық көмір бағасының әлем бойынша төмендеуін, көліктік жоғары шығындарды және сапа дисконтын ескерсек, қазақстандық энергетикалық көмір әлемдік экспорттық нарықта бәсекеге қабілетсіз болып табылады.

2030 жылға дейінгі перспективада Қазақстан Республикасының ішкі көмір өндіру саласы энергетикалық көмір сұранысының негізгі көзі болып қала береді. Өндіруші қуатты енгізу және пайдаланудан шығару бойынша жоспарларды ескере отырып, көмір сұранысы өсетін болады: 2030 жылға қарай жаңа көмір электр станцияларының қуаты белгіленген жиынтық қуаттың 20 %-ын құрайды, осы орайда ескілерінің үлесі қолданыстағы 60 %-дан 39 %-ға дейін өседі. Қазақстанда жылу және электр энергиясын өндіру үшін энергетикалық көмірге деген жалпы сұраныс 2030 жылға қарай қолданыстағы 53 млн тоннадан 76 млн тоннаға дейін, яғни 50 % өседі.

НАРЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ SWOT-ТАЛДАУ

Сыртқы және ішкі ортаның талдауына сәйкес 1-кестеде Самұрық-Энергоның әлеуеті мен әрі қарайғы даму

перспективасын белгілейтін SWOT-талдауы әзірленген және ұсынылған.

Жағымды әсер

Күшті жақтары

- 1. Едәуір дәлелденген көмір қорының болуы, жеке энерготасымалдаушының электр энергиясын өндіруін қамтамасыз ету мүмкіндігі. Самұрық-Энерго және ЕТҰ біліктілігі жоғары басқарушы қызметкерлерінің құрамы.
- 2.Мемлекет пен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының Қоғамға қолдау көрсетуі.
- 3.Барлық өндіру түрлерін дамыту бойынша әлеуетінің болуы.

Мүмкіндіктер

- 1. Электр энергетикалық нарыққа Самұрық-Энергоның ықпалын күшейту.
- 2.Байланысты өндірістердегі жобаларды іске асыру (әртараптандыру) .
- 3.ҚР ЖЭК өндіруді дамыту және іске асыру.
- 4.Электр энергиясының экспорттық әлеуетін дамыту.

Жағымсыз әсер

Әлсіз жақтары

- 1. Жабдықтардың әбден тозу деңгейі.
- 2.Тиімділігі төмен активтердің болуы.
- 3.Инновациялық әзірлемелерді енгізу және инвестицияларды қайтару бойынша механизмдердің жоқтығы.

Қауіп-қатерлер

- 1. Экологиялық талаптарды және мемлекеттік реттеуді күшейту.
- 2. ҚР-дағы қаржы-өнеркәсіптік топтар тарабынан бәсекелестіктің күшеюі.

SWOT-ТАЛДАУ (КЕҢЕЙТУ)

Жағымды әсер

Күшті жақтары

Самұрық-Энерго электр энергиясының қосылған құнын құру тізбегінің барлық элементтерінде танылған Қазақстандағы ірі электр энергиясын өндіруші болып табылады.

Экономикалық тиімділігі жоғары ірі нарықтық үлесті қамтамасыз ететін активтердің болуы (Екібастұз энергетикалық кешенінің арзан көмірімен электр энергиясын өндіру үлесінің жоғары болуы салдарынан) электр энергиясының бәсекелес экспортына мүмкіндік береді.

Самұрық-Энерго және ЕТҰ басқарушы қызметкерлерінің осы салада, соның ішінде өндіруші қуатты пайдалану және салу саласында едәуір жұмыс тәжірибесі бар.

Жаңа станциялардың құрылысы бойынша көптеген жобалар МҮИИДБ-ге енгізілген, Республикалық бюджет пен ҚР Ұлттық қорынан қаражат бөлу арқылы мемлекет пен Қордың қолдауы көрсетіледі, сонымен қатар инвестициялық артықшылықтар ұсынатын мемлекетпен келісімшарт жасау мүмкіндіктері де бар.

Мүмкіндіктер

ҚР-дағы электр энергиясының нарығын әрі қарай жетілдіруге Ұлттық оператор ұстанымы тұрғысынан қатысу мүмкіндігі бар. Бұл мүмкіндік электр энергиясы нарығы жағдайының ауыспалы сипатына, электр энергетикасы нарығында Самұрық-Энергоның жобаланып отырған рөлін күшейтуге, сондай-ақ компанияның энергияның барлық түрлерін өндіруді дамыту саласындағы қолда бар әлеуетіне байланысты туындап отыр.

Қазақстанның «жасыл экономиканы» дамыту стратегиясы аясында баламалы энергия көздерін дамыту бойынша

едәуір әлеует бар, ал бұл өз кезегінде 2050 жылға қарай ІЖӨ-ні қосымша 3 %-ға ұлғайтуға, 500 мыңнан астам жұмыс орындарын құруға, жаңа өнеркәсіп салаларын және қызмет салаларын дамытуға, халық үшін өмір сапасының жоғары стандарттарын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осы мүмкіндікті іске асыру нарықтың жаңа моделін құру және Самұрық-Энергоға Ұлттық оператор мәртебесін беру жөніндегі нормативтік-құқықтық базаға өзгерістер енгізуді талап етеді.

Жағымсыз әсер

Әлсіз жақтары

Бүгінгі күні Самұрық-Энерго портфелінде тиімділігі төмен активтер бар, сонымен қатар жабдықтарының едәуір бөлігінің мүлдем тозығы жеткен, ауыстыруды немесе күрделі жөндеу жүргізуді қажет ететін активтері де бар. Бос ақша қаражатын тек станциялардың инвестициялық бағдарламаларына ғана бағыттау туралы заңнама талаптары Самұрық-Энергоның ЕТҰ арасында қаржы ресурстарын бағыттау мүмкіндігіне шектеу қояды.

Автоматтандырудың төмен деңгейі де, білімдерді басқару жүйелерінің жетілдірілмеуі мен осының салдарынан инновацияларды енгізудегі қиындықтар да әлсіз жақтарға жатады. Өндірімділіктің әрі қарайғы өсуін қолдау үшін ғылымды көп қажет ететін жаңа енгізілімдер, жаңа басқару шешімдері және кең ауқымды инновациялық даму бағдарламасын іске асыру талап етіледі.

Қауіп-қатерлер

Экологиялық талаптарды қатайту нәтижесінде тиімділіктің төмендеуі қатері бар.

Қаржы-өнеркәсіптік топтар тарапынан бәсекелестіктің күшеюі кейіннен сыртқы өткізу нарығына ығыстыру арқылы Самұрық-Энерго ішкі нарығындағы на-

рықтық үлесті азайтуы мүмкін. Алайда сыртқы өткізу нарығы тарапынан электр энергиясына деген сұраныс электр энергиясы экспортының әлеуетінен төмен болуы немесе мүлдем болмауы мүмкін.

Қорытынды

Қазақстан электр энергетикасы нарығының өсу әлеуеті бар және Самұрық-Энергоның нарықтағы ұстанымы осы әлеуетті іске асыруға, акционерлік құнды жоғарылатуға ойдағыдай сәйкес келеді. Самұрық-Энергоға ЕТҰ-ға операциялық бақылау орнату мен қолайлы нормативтік орта құруға көмектесу арқылы жаңа станцияларды салу және жаңарта отырып, компания құнының өсуіне, сондай-ақ электр энергиясының экспортына бейімделген ұзақ мерзімді стратегияны іске асыру қажет.

6. ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТ

Қызметтің негізгі көрсеткіштері

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО»
АҚ КОМПАНИЯЛАР
ТОБЫНЫҢ ЭЛЕКТР
ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ
КӨЛЕМІ 2014 ЖЫЛЫ

28,2 млрд
кВт. сағ.
құрады




БҰЛ 2014 ЖЫЛ ІШІНДЕ
ҚР БЭЖ БОЙЫНША
ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ-
НЫҢ ЖИЫНТЫҚ ӨН-
ДІРІСІНІҢ 30% ҚҰРАЙДЫ

ҮШ ЖЫЛ ІШІНДЕ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР БОЙЫНША ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕН НӘТИЖЕ- ЛЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ, АЛДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ ЖОСПАРЫ

Атауы	кВт.сағ	2012	2013	2014	2015
		нақты	нақты	нақты	жоспар
Электр энергиясын өндіру*		17 418	28 587	28 216	24 152
Электр энергиясын беру көлемі		8 395	11 859	12 197	12 702
Сатылған электр энергиясының көлемі (ЭСҰ)		5 626	8 133	8 484	8 952
Жылу энергиясын өндіру		7 471	6 792	7 561	7 067
Көмір өндіру көлемі		44,0	41,7	38,0	37,0

* «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ны есепке алғанда.

ЭНЕРГИЯ ТАСЫМАЛДАҒЫШТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ӨНДІРІС, ГВт*сағ.



38%

ҚР БЭЖ СТАНЦИЯЛАРЫНЫҢ
БЕЛГІЛЕНГЕН ЖИЫНТЫҚ
ҚУАТЫНЫҢ

7 959 МВт

ЕТҮ БОЙЫНША БӨЛГЕНДЕГІ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ, млн кВт/сағ.

ЕТҮ атауы	2012	2013	2014	2015
				жоспар
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	2 890**	13 492	14 096	11 175
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	6 134	6 280	4 755	4 790
«ЖГРЭС» АҚ	1 378	1 595	2 521	1 009
«АлЭС» АҚ	5 311	5 228	5 036	5 022
«Ақтөбе ЖЭО»	631	628	667	786
«Шардара ГЭС» АҚ	569	465	565	397
«Мойнақ ГЭС» АҚ	504	899	577	861
«Samruk-GreenEnergy» ЖШС (Қапшағай қ. 2 МВт КЭС)	-	-	0,4	3,6
Барлығы	17 418	28 587	28 216*	24 152

* Шоғырлау есебіне 2012 жылғы қараша-желтоқсандағы ГРЭС-1 өндірген электр энергиясы енгізілді.

** ГРЭС-1-дің 2012 қараша-желтоқсандағы энергия өндіруі (2012 жылы қарашада сатып алынды)

ӨНДІРІСТІК (БЕЛГІЛЕНГЕН) ҚУАТЫ, МВт

Атауы	2012	2013	2014	2015
				жоспар
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	4 000	4 000	4 000	4 000
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	1 000	1 000	1 000	1 000
«ЖГРЭС» АҚ	1 230	1 230	1 230	1 230
«АлЭС» АҚ	1 238,9	1 238,9	1 238,9	1 238,9
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	88	88	88	118
«Шардара ГЭС» АҚ	100	100	100	100
«Мойнақ ГЭС» АҚ	300	300	300	300
«Samruk-GreenEnergy» ЖШС (Қапшағай қ. 2 МВт КЭС)	-	-	2	2
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	-	-	-	45
ГРЭС бойынша барлығы	6 229,9	6 229,9	6 229,9	6 229,9
ГЭС бойынша барлығы	812	812	814	814
ЖЭО бойынша барлығы	916	916	916	946
Станциялардың барлық түрлері бойынша барлығы	7 957,9	7 957,9	7 959,9	7 959,9

ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ, мың Гкал

Атауы	2012	2013	2014	2015
				жоспар
«АлЭС» АҚ	5 532	4 960	5 580	5 203
«Ақтөбе ЖЭО»	1 835	1 760	1 868	1 780
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	71	63	103	76
«ЖГРЭС» АҚ	8	10	10	8
Барлығы	7 471	6 792	7 561	7 067

Кернеуі 0,4-220 кВ ЭБЖ жалпы ұзындығы – 69 951 км, оның ішінде:

Кернеуі 220 кВ және одан төмен қосалқы станциялар бойынша мәліметтер:

• Әуе ЭБЖ – **63 714 км.**

• Кабельдік ЭБЖ – **6 237 км.**

Кернеуі 35 кВ және одан жоғары ҚС мөлшері – **578 бірл.**, трансформаторлық қуаты – **12 379 МВА**;

Кернеуі 6-10/0,4 кВ ҚС мөлшері – **13 915 бірл.**, трансформаторлық қуаты – **3 888 МВА.**

ЭЛЕКТР БЕРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ЖЕЛІЛЕРІНІҢ ҰЗЫНДЫҒЫ*, км

Желі түрлері	35 кВ-дан артық желінің ұзындығы			35 кВ-дан кем желі ұзындығы		
	2012	2013	2014	2012	2013	2014
Жер үсті (ЭЖ)	6 139	18 865	18 767	24 481	44 789	44 947
Жер асты (КЖ)	111	197	218	4 211	6 008	6 019
Жиыны	6 250	19 062	18985	28 692	50 797	50 966

* 2013-2014 жылдары «ШҚ АЭК» АҚ-ны есепке алғанда

ТҰРМЫСТЫҚ ӨНЕРКӘСІПТІК, ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ (ЭТҮ БОЙЫНША), жеке шоттардың саны

Атауы	2012	2013*	2014*
Тұрмыстық тұтынушылар	689 956	1 168 280	1 182 705
Өнеркәсіптік тұтынушылар	1 948	3 273	2 763
Бюджеттік тұтынушылар	1 280	3 506	3 255
Өзге тұтынушылар (оның ішінде коммерциялық)	21 745	38 531	40 653
Барлығы	714 929	1 213 590	1 229 376

* «Шығысэнерготрейд» ЖШС-ны есепке алғанда.

ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІ

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2012	2013	2014	2015
		жоспар			
Көмір өндіру бойынша еңбек өнімділігі	тонна/адам	8 097	5 841	5 544	5 126
Электр энергиясын өндіру бойынша еңбек өнімділігі	Мың, кВт/сағ./ адам	2 383	3 845	3 740	3 392
Электр энергиясын беру бойынша еңбек өнімділігі	мың, кВт/сағ./ адам	1 919	1 617	1 648	1 642

Экспорттық әлеуетті сату

ЖЕТКІЗІЛІМ КӨЛЕМІ, млн кВт/сағ.

Контрагент тарап	2012	2013	2014
Ресей Федерациясы («Интер РАО» ААҚ атынан)	741	2 452	1 862
Қырғыз Республикасы	–	–	118,7

Ресейге электр энергиясын жеткізуді «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС жүзеге асырды.

Экспорттың пайдалылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін рубль бағамы мен РФ нарығында электр энергиясының бағасы өзгерген кезде электр энергиясын жеткізу қайта жаңғыртылуы мүмкін.

2014 жылғы 21 қарашада Ресей рублінің Қазақстан теңгесіне шаққандағы бағамы мен РФ нарығында электр энериясы бағасының күрт төмендеуіне байланысты РФ-ға электр энергиясын жеткізу тоқтатылды, мұның өзі электр энергиясын жеткізудің тиімсіздігіне алып келді.

2014 жылы желтоқсанда «Жамбыл ГРЭС» АҚ-дан Қырғыз Республикасына электр энергиясын экспорттау басталды.

ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҚОҒАМДАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Өндіруші компаниялар



1. «Алматы электр станциялары» АҚ
Белгіленген электр қуаты, **МВт 1 238,9**
Белгіленген жылу қуаты, **Гкал/с 3 922,2**
Электр энергиясын өндіру, **млн кВтс 5 035,6**
Жылу қуатын беру, **мың Гкал 5 579,6**

2. «Ақтөбе ЖЭО» АҚ
Белгіленген электр қуаты, **МВт 88**
Белгіленген жылу қуаты, **Гкал/с 878**
Электр энергиясын өндіру, **млн кВтс 667,1**
Жылу қуатын беру, **мың Гкал 1 868,3**

3. «Балқаш ЖЭС-і» АҚ
ҚР-дағы электр энергиясының тапшылығын жабу үшін жылына **10,5 млрд кВт/сағ** энергия өндіру арқылы қуаты **1 320 МВт** қос блокты модуль салынууда. Іске асырылу мерзімі: 2010-2018 жылдар.

4. «Б. Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС
Белгіленген электр қуаты, **МВт 4 000**
Электр энергиясын өндіру, **млн кВтс 14 096**

5. «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ
Белгіленген электр қуаты, **МВт 1 000**
Электр энергиясын өндіру, **млн кВтс 4 754,9**

6. «Т.И.Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ
Белгіленген электр қуаты, **МВт 1 230**
Электр энергиясын өндіру, **млн кВтс 2 520,5**

Су электр станциялары және жаңартылатын энергия көздері



7. «Мойнақ ГЭС» АҚ
Белгіленген электр қуаты, **МВт 300**
Электр энергиясын өндіру, **млн кВтс 576,6**

8. «Бұқтырма ГЭС» АҚ
Белгіленген электр қуаты, **МВт 675**
Электр энергиясын өндіру, **млн кВтс 2 710**

9. «Өскемен ГЭС» АҚ
Белгіленген электр қуаты, **МВт 331,2**
Электр энергиясын өндіру, **млн кВтс 1 533,76**

10. «Шүлбі ГЭС» АҚ
Белгіленген электр қуаты, **МВт 702**
Электр энергиясын өндіру, **млн кВтс 1 621,9**


11. «Шардара ГЭС» АҚ
Белгіленген электр қуаты, **МВт 100**
Электр энергиясын өндіру, **млн кВтс 565,1**

12. «Samruk Green Energy» ЖШС
Белгіленген электр қуаты, **МВт 2**
Электр энергиясын өндіру, **млн кВтс 0,443**

13. «Энергия Семиречья» ЖШС
«Энергия Семиречья» ЖШС бірлескен кәсіпорын болып табылады, ол Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек дәлізінде қуаты **60 МВт-дан 300 МВт-ға** дейін жел электр станциясын салу саласындағы іс-қимылдарды жүзеге асыру үшін құрылды.

14. «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС Ерейментау қаласындағы қуаты **45 МВт** (1-кезең) ЖЭС құрылысының жобасын тікелей іске асырады.

15. «Казгидротехэнерго» ЖШС
Бүгінгі күні Шелек өзенінде және Үлкен Алматы каналында жалпы қуаты **60 МВт** 4 су электр станциясының құрылысы бойынша жобаларды іске асыруға байланысты жұмыстар жүргізілуде



Бөлу және тарату компаниялары



16. «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ
Электр беріліс желілерінің созылымы **29 225 км**
2014 жыл іші электр энергиясын беру көлемі **6 235 млн кВтс**

20. «Шығысэнерготрейд» ЖШС
Есептік жыл іші берілген электр энергиясының көлемі **2 659 млн кВтс**

17. «Маңғыстау ЭБК» АҚ
Электр беріліс желілерінің созылымы **6 170 км**
2014 жыл іші электр энергиясын беру көлемі **2 718 млн кВтс**

18. «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС
2014 жылы берілген электр энергиясының көлемі **5 946 млн кВтс**

19. «Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ
Желілерінің жалпы созылымы **34 556 км**
2014 жыл іші электр энергиясын беру көлемі **3 391 млн кВтс**

Өндіруші және сервистік компаниялар



21. «Богатырь Көмір» ЖШС
Қазіргі уақытта «Богатырь Көмір» ЖШС кенішінің жобалық қуаты жылына 42 млн тонна көмірді құрайды

22. «Teric Мұнай» ЖШС
«Teric Мұнай» ЖШС қызметінің негізгі түрі геологиялық барлауды ұйымдастыру болып табылады.



Өндіруші компаниялар



«Алматы Электр Станциялары» АҚ

Көрсеткіш	2014
Белгіленген электр қуаты, МВт	1 238,9
Белгіленген жылу қуаты, Гкал/сағ	3 922,2
Электр энергиясын өндіру, млн кВт*сағ	5 035,6
Жылу беру, мың. Гкал	5 579,6

«Алматы электр станциялары» АҚ (бұдан әрі – «АлЭС» АҚ) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылады. «АлЭС» АҚ өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын және «АлЭС» АҚ Жарғысын басшылыққа алады.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«Самұрық-Энерго» АҚ «АлЭС» АҚ-ның акционері болып табылады – 100 % акциясы.

«АлЭС» АҚ құрамына:

- Алматы 1-ЖЭО;
- Алматы 2-ЖЭО;
- Алматы 3-ЖЭО;
- Қапшағай ГЭС;
- Батыс жылу кешені;
- Алматы ГЭС Каскады;

- «Энергожөндеу» ӨЖК;
- Отынды қабылдау және тиеу орталығы кіреді.

«АлЭС» АҚ үшін электр және жылу энергиясын өткізу нарығы Алматы өңірі болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның активтерін басқару құрылымын оңтайландыру мақсатында «АлЭС» АҚ-ның 100% акциясы Қоғамның тікелей иелігіне берілді. Негіздеме: «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі (2013 жылғы 9 қыркүйектегі № 77 хаттама)

Ірі клиенттері: «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «Холдинг Алматы Су» МҚК, «Алматы жылу желілері» ЖШС (Алматы)

Компанияның веб-сайты: <http://www.ales.kz>

«Балқаш ЖЭС» АҚ (салынып жатыр)

«Балқаш жылу электр станциясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Балқаш ЖЭС» АҚ) Қазақстан Республикасының заңнамалары бойынша заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай-ақ «Балқаш ЖЭС» АҚ Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы Жамбыл ауданы Үлкен кенті.

«Балқаш ЖЭС» АҚ акционерлері:

1. «Самұрық-Энерго» АҚ - 25% қосу бір акция;
2. SAMSUNG компаниясы (Оңтүстік Корея) – 75% алу бір акция.

ҚР-дағы электр энергиясының тапшылығын жабу үшін жылына 10,5 млрд кВт/сағ энергия өндіру арқылы қуаты 1 320 МВт қос блокты модуль салынуда. Іске асырылу мерзімі: 2010-2018 жылдар.

Компанияның веб-сайты: <http://btes.kz>



«Ақтөбе ЖЭО» АҚ

Көрсеткіш	2014
Белгіленген электр қуаты, МВт	88
Белгіленген жылу қуаты, Гкал/сағ	878
Электр энергиясын өндіру, млн кВт*сағ	667,1
Жылу беру, мың. Гкал	1 868,3

«Ақтөбе ЖЭО» АҚ заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдары мен Қоғам Жарғысына сәйкес жүзеге асырады.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы.

«Ақтөбе ЖЭО» АҚ-ның Жалғыз акционері «АлатауЖарық Компаниясы» АҚ болып табылады.

«Ақтөбе ЖЭО» АҚ Ақтөбе қаласын электрмен және жылумен жабдықтайды.

Ірі клиенттері: «Энергожүйе» ЖШС, «Ақтөбэнергоснаб» ЖШС, «АЗХС» АҚ, «Ақбұлақ» АҚ, «Трансэнерго» АҚ.

Компанияның веб-сайты: <http://aktobetec.kz>



«Б. Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС

Көрсеткіш	2014
Белгіленген электр қуаты, МВт	4 000
Электр энергиясын өндіру, млн кВт*сағ	14 096

«Б.Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1 Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес құрылған және қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылады.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы.

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Екібастұз ГРЭС-1-дің қатысушысы «Самұрық-Энерго» АҚ болып табылады – жарғылық капиталдағы үлесі - 100%.

Қазақстандағы электр энергиясын өткізу нарығы: Солтүстік және Оңтүстік аймақтар.

Екібастұз ГРЭС-1 қазақстандық тұтынушыларға электр энергиясын жеткізумен қатар, станция мен «Интер РАО» ААҚ арасында жасалған шарт аясында Ресей энергия жүйесіне электр энергиясын жеткізіп тұрады. 2014 жылы оның Ресейге электр энергиясын жеткізу көлемі 1,862 млрд кВт*сағ. құрады.

Ірі клиенттері: «KEGOC» АҚ, «Қазфосфат» ЖШС, ТОО «Теміржолэнерго» ЖШС, «Қостанай энергия орталығы» ЖШС, «Астанаэнергосбыт» ЖШС, «Интер РАО» ААҚ, «Алматыэнергосбыт» ЖШС.

Компанияның веб-сайты: <http://www.gres1-ekibastuz.kz>



«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ

Көрсеткіш	2014
Белгіленген электр қуаты, МВт	1 000
Электр энергиясын өндіру, млн кВт*сағ	4 754,9

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылады. Өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын және «Екібастұз ГРЭС-2 Станциясы» АҚ Жарғысын басшылыққа алады.

Орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы,
Павлодар облысы,
Солнечный кенті.

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ акционерлері:

1. «Интер РАО» ААҚ (Ресей) — 50% акция;
2. «Самұрық-Энерго» АҚ — 50% акция.

Ірі клиенттері: «KEGOC» АҚ, «Теміржолэнерго» ЖШС, «Алматыэнергосбыт» ЖШС.

Қазақстандағы электр энергиясын өткізу нарығы: Солтүстік және Оңтүстік өңірлер.

Компанияның веб-сайты: <http://gres2.kz>



«Т.И.Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ

Көрсеткіш	2014
Белгіленген электр қуаты, МВт	1 230
Электр энергиясын өндіру, млн кВт*сағ	2 520,5

«Т.И.Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ (бұдан әрі – «ЖРЭС» АҚ) Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес құрылған және қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылады, өз қызметінде ҚР заңдарын басшылыққа алады.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы.

«ЖРЭС» АҚ акционерлері:


1. «Самұрық-Энерго» АҚ — 50% акция;
2. «Таразэнерго» ЖШС — 50% акция.

Қызметінің негізгі түрі: электр энергиясын өндіру.

Электр энергиясын өткізу нарығы: Қазақстанның Оңтүстік өңірі.

Ірі клиенттері: «Алматыэнергосбыт» ЖШС, «Жамбыл Жарық Сауда-2030» ЖШС, «Энергопоток» ЖШС, «Оңтүстік Жарық» ЖШС, «Теміржолэнерго» ЖШС.

Компанияның веб-сайты: www.zhgres.kz



Су электр станциялары және жаңартылатын энергия көздері

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ЖӘНЕ САТУ, млн кВт/сағ

Көрсеткіш	2012	2013	2014	2015
				жоспар
Электр энергиясын өндіру	1 073,7	1 363,4	1 142,2	1 261,5
Электр энергиясын сату	1 065,3	1 352,3	1 020,2	1 247,2

* БҮЛ ЖҮЛДЫЗША НЕГЕ ҚАТЫСТЫ, Ертіс ГЭС каскадын және «АлЭС» ГЭС-ін есепке алмағанда.

ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫНЫҢ БЕЛГІЛЕНГЕН ҚУАТЫ, МВт

Атауы	Атауы
Шүлбі ГЭС	702
Бұқтырма ГЭС	675
Қапшағай ГЭС	364
Өскемен ГЭС	331,2
Мойнақ ГЭС	300
Шардара ГЭС	100
Алматы ГЭС каскады	47
Қапшағай КЭС	2
Барлығы	2 521,2



«Мойнақ ГЭС» АҚ

Көрсеткіш	2014
Белгіленген электр қуаты, МВт	300
Электр энергиясын өндіру, млн кВт/сағ	576,6

Мойнақ ГЭС Алматы облысындағы Шарын өзенінде орналасқан, қуаты 300 МВт. Мойнақ ГЭС көлемі мен қуаты бойынша Қазақстандағы су электр станцияларының ішінде 5-болып саналады және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік жылдарында еліміздің пайдалануға берілген бірінші энергия өндіруші энергетикалық объектісі болып табылады.

«Мойнақ ГЭС» АҚ 2012 жылы желтоқсанда пайдалануға берілді.

2014 жылы «Мойнақ ГЭС» АҚ-ның 49 % акциясын сатып алу бойынша мәміле жасалды, «Самұрық-Энерго» АҚ жалғыз акционері болып табылады.

«Мойнақ ГЭС» АҚ ТМД кеңістігінде құлау биіктігі 500 метрге жуық, тоннель диаметрі - 5,5 метрге дейінгі үш ГЭС-тің бірі.

Компанияның веб-сайты: <http://moynak.kz>



«Бұқтырма ГЭС» АҚ

Көрсеткіш	2014
Белгіленген электр қуаты, МВт	675
Электр энергиясын өндіру, млн кВт*сағ	2 710

«Бұқтырма ГЭС» акционерлік қоғамы Шығыс Қазақстан облыстық аумақтық комитетінің мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі басқармасының 1996 жылғы 19 желтоқсандағы №1053 «Қайта ұйымдас-тырылған «Алтайэнерго» акционерлік қоғамының құрамынан бөлініп шыққан «Бұқтырма ГЭС» акционерлік қоғамын құру туралы» қаулысымен құрылды.

ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 24 қазандағы «Кейбір акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакетін «Самұрық» қазақстандық мемлекеттік активтерді басқару холдингі» акционерлік қоғамының жарғылық капиталына беру туралы» №1020 қаулысына сәйкес, 2006 жылы 28 желтоқсанда «Бұқтырма ГЭС» АҚ мемлекеттік акциялар пакетін «Самұрық» Холдинг» АҚ жарғылық капиталының

төлеуіне берілді. 2008 жылы 04 қаңтарда «Бұқтырма ГЭС» АҚ мемлекеттік акциялар пакеті «Самұрық-Энерго» АҚ-ның меншігіне өтті.

Бұқтырма ГЭС Бұқтырма өзенінің төменгі сағасынан 15 км төменде, Ертістің өзенінің бастауынан 350 км-де орналасқан. БГЭС бөгетінің тіреуі сыйымдылығы 49,6 млрд текше метр су қоймасын жасай отырып, Зайсан өзенінің табиғи деңгейін 5-6 метрге жабады. Айдынның алаңы – 5 490 шаршы км².

«Бұқтырма ГЭС» АҚ ірі акционері
«Самұрық-Энерго» АҚ болып табылады – 90% акция.

Компанияның веб-сайты: www.bges.kz



«Өскемен ГЭС» АҚ

Көрсеткіш	2014
Белгіленген электр қуаты, МВт	331,2
Электр энергиясын өндіру, млн кВт*сағ	1 533,76

Қазіргі уақытта Өскемен ГЭС-і Өскеменнің Солтүстік-Шығыс шетінде орналасқан, белгіленген қуаты – 331,2 МВт, төрт турбины бар (әрқайсысы 82,8 МВт).

ГЭС құрылыстарының құрамы мыналар:

- су төгетін саңылауы бар қырқасы бойынша ұзындығы 92 м су төгетін бетон бөгет, ұзындығы 300 м бітеу бетон бөгеттер;

- ұзындығы 129 м бөгет бойындағы ГЭС ғимараты;
- бір камералы кеме жүзетін шлюз.

«Өскемен ГЭС» АҚ-ның ірі акционері
«Самұрық-Энерго» АҚ болып табылады, - 89,9% акция.

Компанияның веб-сайты: www.aes-group.kz



«Шүлбі ГЭС» АҚ

Көрсеткіш	2014
Белгіленген электр қуаты, МВт	702
Электр энергиясын өндіру, млн кВт*сағ	1 621,9

Шүлбі ГЭС-і Ертіс өзенінің орта ағысында, Семей қаласынан 70 км жоғары орналасқан. Су электр станциясының құрылысы 1976 жылы басталған. Бірінші гидроагрегат 1987 жылы өндірістік пайдалануға берілген, алты гидроагрегаттың соңғысы 1994 жылы 19 желтоқсанда жұмысқа қосылған.

Гидроторап құрылысының өткізгіштік қабілеті қатты тасқын кезінде 240 м қалыпты тіреу қойылған жағдайда артып кету ықтималдығы 1 %-ға артып, 7 770 м³/сек. жеткен кезде, 243 м жоғары тіреу жағдайында 0,01%-ге жетіп, 8 770 м³/сек қамтамасыз етуге есептелген.

Шүлбі ГЭС-інің құрамына мыналар кіреді:

- ГЭС ғимараты;
- топырақ бөгет;
- кеме жүретін шлюз;
- су қоймасы;
- іргелес құрылыс;
- 220 кВ ашық тарату құрылғысы.

«Шүлбі ГЭС» АҚ ірі акционері
«Самұрық-Энерго» АҚ болып табылады – 92,14 % акция.

Компанияның веб-сайты: www.aes-group.kz



«Шардара ГЭС» АҚ

Көрсеткіш	2014
Белгіленген электр қуаты, МВт	100
Электр энергиясын өндіру, млн кВт*сағ	565,1

Шардара ГЭС Сырдария өзенінің орта ағысында орналасқан және Нарын-Сырдария каскадындағы тұйықтаушы ГЭС болып табылады.

төмен ағысының жағасында орналасқан құнарлы ауыл шаруашылық жерлерді суғару болып табылады.

Шардара ГЭС-інің қақпағы өзеннің төменгі тұсы 5 км-ге дейін тарылатын Жаушықұм қырының етегінде орналасқан. Маусымдық реттелетін су қоймасы бар Шардара гидроторабы кешенді түрде жобаланып, салынды. Оны пайдаланудағы басты бағыттардың бірі өзеннің орта және

«Шардара ГЭС» АҚ-ның Жалғыз акционері
«Самұрық – Энерго» болып табылады, – 100 % акция.

Компанияның веб-сайты: <http://www.shardara.kz>



«Samruk Green Energy» ЖШС

Көрсеткіш	2014
Белгіленген электр қуаты, МВт	2
Электр энергиясын өндіру, млн кВт*сағ	0,443

«Samruk-GreenEnergy» ЖШС 2012 жылы 25 қаңтарда жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру үшін құрылған және осы саладағы іс-әрекеттерді жүзеге асыратын, қарқынды дамып келе жатқан кәсіпорын болып табылады.

«Samruk-GreenEnergy» ЖШС-ның жалғыз қатысушысы «Самұрық-Энерго» АҚ болып табылады, қатысу үлесі – 100 %.

«Samruk-GreenEnergy» ЖШС-нің негізгі бағыттары мына стратегиялық мақсаттарды орындау болып табылады:

- жаңартылатын энергия көздерін, өзіндік техникалық құрылғыларды және олармен өзара байланысты құрылыстарды пайдалану бойынша объектілерді жобалау және салу;
- жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр және жылу энергиясын өндіру және сату;

- өндіріс орнынан бөлу жүйелеріне дейін жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, өндірілген электр энергиясын беру үшін жүйелердің жұмысқа қабілеттілігін (пайдалануды) қамтамасыз ету;

- консалтингтік қызметті ұйымдастыру және көрсету, жаңартылатын энергия көздері саласында ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстарға қатысу;

- КЭС электр энергиясын өндіру 7 995 күн панельдерінің көмегімен жүзеге асырылады, олардың 70 %-ы бекітілген және 30 %-ы күнді бақылау құрылғыларында (трекерлер) орнатылған. Күн панельдерінің көмегімен алынған тұрақты электр тоғын ауыспалы тоққа өзгерту үшін КЭС-те 178 инвертор пайдаланылады.

Компанияның веб-сайты: <http://samruk-green.kz>

«Энергия Семиречья» ЖШС

«Энергия Семиречья» ЖШС бірлескен кәсіпорын болып табылады, ол Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек дәлізінде қуаты 60 МВт-дан 300 МВт-ға дейін жел электр станциясын салу саласындағы іс-қимылдарды жүзеге асыру үшін құрылды.


Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы.

«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС

«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС 2011 жылы 21 маусымда құрылды.

«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС жаңартылатын энергия көздерін пайдалану арқылы энергия өндіру саласындағы іс-әрекеттерді жүзеге асыратын және

қарқынды дамып келе жатқан кәсіпорын болып табылады. Кәсіпорын жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды, атап айтқанда, жел электр станциялары құрылысының жобаларын іске асыру үшін құрылған.



«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС Ерейментау қаласындағы қуаты 45 МВт (1-кезең) ЖЭС құрылысының жобасын тікелей іске асырады.

«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС-ның қатысушылары:

1. «Samruk-Green Energy» ЖШС – 99,9 %;
2. Нүсіпов Данияр Қанатұлы – 0,1 %.

Компанияның веб-сайты: <http://www.pves.kz>

«Казгидротехэнерго» ЖШС


«Казгидротехэнерго» ЖШС-ны «Самұрық – Энерго» АҚ Алматы облысының аумағында энергетикалық жобаларды жүзеге асыру мақсатында 2014 жылғы 31 наурызда сатып алды. Бүгінгі күні Шелек өзенінде және Үлкен Алматы каналында жалпы қуаты 60 МВт 4 су электр станциясының құрылысы бойынша жобаларды іске асыруға байланысты жұмыстар жүргізілуде, оның ішінде:

ГЭС 29 - 34,8 МВт, ГЭС 19 - 14 МВт, ГЭС 1, 2 БАҚ-қа - 12 МВт.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«Казгидротехэнерго» ЖШС қатысушылары: «Самұрық-Энерго» АҚ 100%

Компанияның веб-сайты: әзірленбеген



Өндіруші және сервистік компаниялар



«Богатырь Көмір» ЖШС

«Богатырь Көмір» ЖШС Қазақстандағы ең ірі көмір шығаратын компания болып табылады. Елімізде шығарылатын көмірдің жалпы көлемінің 35,3 %* -ы компанияның үлесіне тиеді.

«Богатырь Көмір» ЖШС жалғыз қатысушысы Нидерландыда тіркелген және холдингтік компания болып табылатын 50 % / 50 % тең үлесі бар РУСАЛ Біріккен Компаниясымен бірлескен кәсіпорын «Forum Muider B.V.» компаниясы болып табылады.

Қазіргі уақытта «Богатырь Көмір» ЖШС кенішінің жобалық қуаты жылына 42 млн тонна көмірді құрайды (Богатырь кесігінде – 32 млн тонна, Северный кесігінде – 10 млн тонн).

*ҚР ИЖТМ жедел мәліметтері бойынша.

2014 жылы өндірілген көмір көлемі 38 млн тоннаны құрады. Богатырь Көмір көмірді Топтың құрушы нысандарына және Қазақстан мен Ресейде орналасқан үшінші жақтарға нарық жағдайында көмір жеткізеді. Богатырь Көмірдің көмір кеніштері Екібастұз ГРЭС–1-ден 35 шақырым және Екібастұз ГРЭС-2-ден 53 шақырым қашықтықта орналасқан, (әрі темір жолға таяу), мұның өзі Топ үшін көмір тасымалдау шығынын ықшамдауға мүмкіндік тудырады. Қазақстандағы көмір электр станцияларының басым бөлігі Богатырь Көмір шығарған көмірді пайдаланады.

Компанияның веб-сайты: www.bogatyr.kz



«Тегіс Мұнай» ЖШС

«Тегіс Мұнай» ЖШС қызметінің негізгі түрі геологиялық барлауды ұйымдастыру болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 22 желтоқсандағы шешіміне сәйкес және 2012 жылғы 30 қазандағы қатысу үлестерін сатып алу – сату шартына сәйкес Қоғам «Тегіс Мұнай» ЖШС-ның

жарғылық капиталына қатысу үлесінің 100%-ын сатып алды, оның құрамына «МАҢҒЫШЛАҚ-МҰНАЙ» ЖШС-ның жарғылық капиталына қатысу үлесінің 100 % -ы кіреді.

«МАҢҒЫШЛАҚ-МҰНАЙ» ЖШС-ға «Придорожное» газ кен орындарын жасаудың барлық құқықтары жатады.



Бөлу және тарату компаниялары



«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ

«Алатау Жарық Компаниясы» республиканың оңтүстігіндегі ең ірі өңірлік электр желілік компаниялардың бірі болып табылады, өзінің қызмет аймағында – Алматы қаласы мен Алматы облысында тұрғындар, өнеркәсіптік және ауылшаруашылық кәсіпорындары үшін электр энергиясын бөлу мен таратуды қамтамасыз етеді. «АЖК» АҚ қамтитын аумағы Балқаш көлінің жағалауынан Қытай шекарасына дейін созылып жатыр.

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ Жалғыз акционері «Самұрық-Энерго» болып табылады.

«АЖК» АҚ теңгерімдік тиістілігі 220-110-35-10-6-0,4 кВт кернеу сынаптарының электр желілерінен тұрады.

«АЖК» АҚ теңгерімінде жалпы созылымы 29 225 км электр берілісі желілері бар, соның ішінде:

- кернеуі 220 кВ, созылымы 432,4 км, 110 кВ созылымы 2 733 км әуе электр берілісі желілері;
- 220 кВ – 40,1 км; 110 кВ – 117 км кабельдік желілері;

- кернеуі 35 кВ созылымы 2 589 км электр желілері;
- кернеуі 6-10 кВ жалпы созылымы 12 426,4 км әуе және кабельдік желілер;
- кернеуі 0,4 кВ, жалпы созылымы 10 887 км электр берілу желісі;
- кернеуі 35-220 кВ – 209 бірлік, жалпы трансформаторлық қуаты 6 941 МВА қосалқы станциялар саны.
- кернеуі 6-10/0,4 кВ, жалпы трансформаторлық қуаты 2 325 МВА трансформаторлық қосалқы станциялардың саны 6 995 бірлікті құрайды.

2013 жылы желтоқсанда Алматы қаласының айналасына 220 кВ шығыршық салу жұмысы аяқталды..

2014 жылы электр энергиясын беру көлемі – 6 235 млн кВт/сағ. (2013 жылы – 5 818 млн кВт/сағ.) құрады.

Компанияның веб-сайты: <http://www.azhk.kz>



«Маңғыстау ЭБК» АҚ

«Маңғыстау электртораптық бөлу компаниясы» АҚ табиғи монополиялар субъектісі болып табылады және Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысының тұтынушыларына (Ақтау қаласын қоспағанда) электр энергиясын беру және тарату бойынша қызмет түрлерін көрсетеді. «МЭБК» АҚ Маңғыстау облысында электр энергиясын беру және тарату бойынша қызмет көрсету нарығында басым жағдайға ие.

«Самұрық-Энерго» АҚ «Маңғыстау электртораптық бөлу компаниясы» АҚ-ның ірі акционері болып табылады – 75 % + 1 акция.

«МЭБК» АҚ желілері бойынша тасымалданатын электр энергиясының 90 %-ын Маңғыстау облысының ірі мұнай өндіру компаниялары тұтынады («Маңғыстау-мұнайгаз»АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Каражанбасмұнай» АҚ және т.б.).

Компания құрамына:

- кернеуі 220 кВ созылымы 665,1 км электр энергиясын беруші әуе желілері; 110 кВ – 2 316,4 км; 35 кВ – 948,7 км; 6-10 кВ – 1 638 км; 0.4 кВ – 601,8 км;
- кернеуі 35 кВ және одан артық, белгіленген қуаты 1 956,4 МВА 57 қосалқы электр станциясы;
- кернеуі 6-10 кВ, белгіленген қуаты 74,9 МВА 431 трансформаторлық қосалқы станция кіреді.

2014 жылы электр энергиясын беру көлемі – 2 718 млн кВт*сағ. құрады.

Компанияның веб-сайты: <http://mrek.kz>



«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС

«АлматыЭнергоСбыт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2006 жылы маусымда «Электр энергетикасы туралы» Заңға сәйкес энергиямен жабдықтаушы ұйым ретінде құрылды.

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-ның жалғыз қатысушысы «Самұрық-Энерго» АҚ болып табылады, қатысу үлесі - 100 %.

«АЭС» ЖШС Алматы қаласы мен Алматы облысының 2,6 млн. астам тұрғыны мен 24 мың кәсіпорнын электр энергиясымен қамтамасыз ететін Қазақстан аумағында электр энергиясын жеткізушілердің ең ірісі болып табылады. Серіктестіктің негізгі міндеті - Алматы қаласы мен Алматы облысының 8 әкімшілік ауданын электр энергиясымен сенімді және тұрақты қамтамасыз ету.

«АЭС» ЖШС электр энергиясының көтерме және бөлшек нарығының субъектісі бола отырып, мына қызметтерді жүзеге асырады:

- энергия өндіруші кәсіпорындардан электр энергиясын сатып алу және оны ең соңғы бөлшек тұтынушыға сатады;

- Өңірлік желілік компанияның жеткізу-тұтыну режимдерін енгізу бойынша жедел өкімдерін орындайды;
- тұтынушыларға электр энергиясын беру бойынша шарт жасайды;
- электр энергиясын беру бойынша жүйелік оператордың, ӨЭК, ЭӨҰ-ның қызметін төлейді;
- бөлшек сауда тұтынушыларының жасалған шарттарда белгіленген электрді тұтыну режимдерін, алынған электр энергиясына ақы төлеу талаптарын сақтауын бақылайды.

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС жұмысының негізгі бағыттарының бірі электр энергиясын тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын жақсарту болып табылады.

2014 жылы сатылған электр энергиясының көлемі 3 443 млн кВт*сағ. құрайды.

Компанияның веб-сайты: www.esalmaty.kz



«Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ

«Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» акционерлік қоғамы Қазақстанның ірі аймақтық энергия таратушы компанияларының бірі және Шығыс Қазақстан облысы табиғи монополиясының субъектісі болып табылады.

2012 жылы кәсіпорын «Самұрық-Энерго» АҚ энергетикалық холдингінің сенімгерлік басқаруына берілді. 2013 жылы наурызда «Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ-ның акциялар пакеті «Самұрық-Энерго» АҚ меншігіне берілді.

«Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ қызметінің негізгі түрі электр энергиясын беру және тарату болып табылады. Қызмет көрсету аумағының алаңы – 283 300 шаршы километр.

Кәсіпорын желілерінің жалпы созылымы – 34 556 км.

Компания құрамына мыналар кіреді:

- кернеуі 220 кВ, созылымы 143,8 км; 110 кВ – 4 783,05 км; 35 кВ – 4 216,84 км; 6-10 кВ – 13 008 км; 0.4 кВ – 10 679,18 км әуе электр берілісі желілері;
- кернеуі 10-6-0,4 кВ – 1 725,09 км кабельді ЭБЖ;
- кернеуі 35 кВ және жоғары, белгіленген қуаты 3 472,11 МВА 312 қосалқы станция;
- кернеуі 6-10/0,4, белгіленген қуаты 1 488,11 МВА 6 489 трансформаторлық қосалқы станция;
- белгіленген қуаты 2 МВт Зайсан ГЭС-і (жұмыс тәртібі маусымдық).

2014 жылы берілген электр энергиясының көлемі – 3 391 млн кВт*сағ. құрады.

Компанияның веб-сайты: <http://ekrec.kz>



«Шығысэнерготрейд» ЖШС

«Шығысэнерготрейд» ЖШС 2004 жылы «Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ-ның еншілес кәсіпорны ретінде құрылды.

«ШЭТ» ЖШС Шығыс Қазақстанның 480 мың тұтынушысына сатып алынған электр энергиясын сатуды жүзеге асыратын энергиямен жабдықтаушы ұйым болып табылады.

Электр энергиясын сату бойынша ШҚО сату нарығындағы «ШЭТ» ЖШС-ның үлесі 43%-ды құрайды. Шығыс Қазақстан облысындағы «ШЭТ» ЖШС

тұтынушылары «ШҚ АЭК» АҚ, «ҚазМырыш» АҚ желілеріне және басқа да энергия беруші ұйымдарымен байланысқан. ШҚО-дағы ЭӨҰ-ның жалпы саны 15 кәсіпорынды құрайды.

2014 жылы 1 кВт/сағ. үшін энергиясын сатудың орташа бағасы 9,422 теңгені құрады.

Есепті кезеңдегі сату көлемі 2 659 млн. кВт/сағ. құрады.

Компанияның веб-сайты: <http://shygys.kz>

ҚАРЖЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

Нәтижелерді ұсыну кезіндегі тәсілдер

2014 жылы Қоғамның электр энергетикасы және көмір өндірісі салаларындағы жұмысы бекітілген жоспарларға сәйкес атқарылды.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы есепті дайындаған кезде бірыңғай тәсілдерді қолдану мақсатында шоғырландыруда үлестік қатысу әдісі қолданылады. Бұған қоса, қолданыстағы есеп саясатына сәйкес негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді көрсету бастапқы құны бойынша, яғни, қайта бағалау есепке алынбай көрсетіледі.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, шоғырландырылған теңгерімдегі үлестік қатысу әдісін қолданған кезде «Самұрық-Энерго» АҚ тарапынан иелену үлесі 50 %-ды құрайтын «Екібастұз ГРЭС-2» АҚ, «ForumMuiderB.V.» көмір активтері компаниясы сияқты ірі компаниялардың айналымдары алынып тасталды.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның шоғырландырылған қаржы нәтижелерін есептеген кезде осы компаниялар бойынша алынған пайданың үлесі «үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын ұйымдардың пайдасының/зиянының үлесі» бабында көрсетіледі.

«Т.И. Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ бойынша қаржы-шаруашылық қызметтердің қорытындылары активтерді құнсыздандыру рәсімінің өткізілуіне байланысты «Самұрық-Энерго» АҚ-ның шоғырландырылған есебіне енгізілген жоқ.

Бұған қоса, ҚР Үкіметінің кешенді жекешелендіру жоспары жөніндегі қаулысына және № 5 ҚЕХС «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет» стандартына сәйкес сатуға арналған активтер («Ақтөбе ЖЭО» АҚ, «МЭБК» АҚ, «ШҚ АЭК» АҚ, «ШЭТ» ЖШС) мен тоқтатылған қызметтерден түсетін пайда деген бағанада ескерілген.

Негізгі нәтижелер




«ГРЭС-1» ЖШС-ны сатып алу есептік жылдың маңызды оқиғасы болды. Сатып алу құны 236,6 млрд теңгені құрады. Мәміле нәтижесінде құнсыздануға байланысты 19,2 млрд теңге көлемінде залал келтірілді.

Бұған қоса, «Мойнақ ГЭС» АҚ-ның 49 % акциясын сатып алу бойынша мәміле жасалды. Сатып алу құны 18,5 млрд теңгені құрады.

Есептік кезеңдегі қаржы-шаруашылық қызмет нәтижесінде компания 15,9 млрд теңге көлемінде таза пайда тапты, ал 2013 жылы алынған таза пайда 40,9 млрд теңге болған. 2015-2016 жылдарға арналған жобада пайданы 39 млрд теңгеге дейін ұлғайту жоспарланды.

Басқа негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштер бойынша оң серпін байқалады. Осылайша, EBITDA margin көрсеткіші 2013 жылғы 23,8 %-бен салыстырғанда, 39,7 %-ды құрады. Көрсеткіштің жақсаруы не-



гізгі қызметтен түсетін табыстың өсуіне және соған сәйкес EBITDA көрсеткішінің де өсуіне байланысты. 2016 жылға арналған болжам бойынша осы көрсеткіш 61 % көлемінде жоспарланған, оның жақсаруы активтерді жекешелендіру бағдарламасын іске асырумен байланысты, оның аясында 2016 жылға дейін барлық бейінді емес, тиімділігі төмен активтердің барлығы (энергия беретін және энергиямен қамтамасыз ететін компаниялар) сатылатын болады.




«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС жаңа активін шоғырландыруға қосу есебінен негізгі қызметтен түсетін табыстың өсуіне байланысты EBITDA көрсеткіші былтырғы жылғы деректермен салыстырғанда 2 есеге дейін көтерілді. Жоспарланған тиімділігі төмен активтерді сатуға байланысты 2016 жылға дейін көрсеткіштерді жақсарту жоспарланған.

Қызмет пайдалылығының көрсеткіші 2014 жылы 6,5 %-ды құрады. 2013 жылмен салыстырғанда көрсеткіштің төмендеуіне «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның екінші иелену үлесін сатып алу әсер етті. 2013 жылға дейін пайдалылық көрсеткішін Қоғамның таза пайдасы есебінен 42% дейін ұлғайту жоспарланды.


НЕГІЗГІ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Атауы	Өлшем бірлігі	2012	2013	2014	2013-пен салыстырғанда 2014 ауытқулары	2015 болжам	2016 болжам
Таза пайда	млрд теңге	18,7	40,85	15,94	39%	25,29	39,19
EBITDA	млрд теңге	19,10	32,26	70,62	219%	75,44	73,61
EBITDA Margin	%	20,2	23,8	39,7	167%	38,8	61,0
Қызметтің пайдалылығы	%	20	33	6,5	20%	14,2	42,1

ҚЫЗМЕТТІҢ ПАЙДАЛЫЛЫҒЫ



EBITDA КӨРСЕТКІШТЕРІ



МЕНЕДЖМЕНТТІҢ КОМПАНИЯЛАР ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУЫ (MD&A)

Операциялық және қаржылық көрсеткіштер

ӨНДІРІСТІК ҚҢК (ӨНДІРУШІЛЕР БӨЛІГІНДЕ)

ЕТҮ атауы	2012	2013	2014	2013-пен салыстырғанда 2014 ауытқулары	2015 болжам	2016 болжам
Электр энергиясын өндіру ауқымы, млн кВт/сағ.						
«АлЭС» АҚ	5 311	5 228	5 036	96%	5 022	5 020
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	631	628	667	106%	786	—
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	2 890	13 492	14 096	104%	11 175	12 596
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	6 134	6 280	4 755	76%	4 790	5 104
«ЖГРЭС» АҚ	1 378	1 595	2 521	158%	1 009	—
«Шардара ГЭС» АҚ	569	465	565	122%	397	384
«Мойнақ ГЭС» АҚ	504	899	577	64%	861	906
«Samruk-Green Energy» ЖШС	-	-	0,4	-	3,6	3,6
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	-	-	-	-	108	172
Барлығы	17 418	28 587	28 216	99%	24 152	24 186

Электр энергиясын беру көлемі, млн кВт/сағ.						
«АЖК» АҚ	5 917	5 818	6 235	107%	6 546	6 685
«ШҚ АЭК» АҚ	-	3 443	3 391	98%	3 605	*
«МЭБК» АҚ	2 478	2 598	2 718	105%	2 551	*
Барлығы	8 395	11 859	12 344	104%	12 702	6 685

Электр энергиясын өткізу көлемі, млн кВт/сағ.						
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	5 626	5 556	5 946	107%	6 199	6 401,21
«Шығысэнерготрейд» ЖШС	-	2 577	2 659	103%	2 760	*
Барлығы	5 626	8 133	8 605	106%	8 958	6 401

Жылу энергиясын өндіру көлемі, мың Гкал						
«Алматы электр станциялары» АҚ	5 532	4 960	5 580	113%	5 203	5 621,51
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	1 835	1 760	1 868	106%	1 780	*
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	71	63	103	165%	76	76
«ЖГРЭС» АҚ	32	10	10	94%	8	*
Барлығы	7 471	6 792	7 561	111%	7 067	5 698

Көмір өндіру көлемі, млн тонна	44	42	38	91%	37	39
---------------------------------------	-----------	-----------	-----------	------------	-----------	-----------

* «ШҚ АЭК» АҚ, «МЭБК» АҚ және «Шығысэнерготрейд» ЖШС-ны сатумен байланысты 2016 жылға өндірістік ҚҢК жоспарланған жоқ.

2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылы **электр энергиясын өндіру көлемінің 1%-ға** (немесе 371 млн кВт/сағ.) азаюы мына электр станциялары бойынша электр энергиясын өндірудің:

- «ГРЭС-2» АҚ бойынша, ҚР нарығында электр энергиясын іске асырудың азаюына;
- «МГЭС» АҚ бойынша Бестөбе су қоймасына Шарын өзенінің келіп құйылатын суының 2014 жылы бол-жамды шамадан азаюына байланысты.

2014 жылы **жылу энергиясын өндіру көлемінің 11 %-ға** (769 мың Гкал) ұлғаюы жылу беру маусымының ұзар-тылуына және есептік жылдың бірінші тоқсанында сы-ртқы ауаның төмен температурасы сақталуына байла-нысты.

Электр энергиясын беру көлемінің 4 %-ға (немесе 485 млн кВт/сағ.) және энергия үнемдеуші ұйымдардың 2013 жылғы 472 млн кВт/сағатпен салыстырғанда 2014 жылы **электр энергиясын сату көлемінің 6 %-ға** немесе 472 млн кВт/сағатқа ұлғаюы есептік жылдың бірінші тоқсанында Алматы өңіріндегі төмен темпера-тураға, соған сәйкес өңірдегі электр энергиясын тұты-нудың ұлғаюына байланысты.




Көмір өндіру көлемінің 9 %-ға (немесе 3,7 млн тонна) төмендеуі РФ станциялары сұранысының төмендеуіне байланысты.

Болашақ кезеңге болжам: 2015 жылға арналған бол-жамда электр энергиясын өндіру көлемі 2014 жылғы мәліметке қарағанда 14%-ға азайтылған. Өндіріс көлемінің төмендеу себептері «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның Ресей Федерациясына электр энергиясын жеткізу көлемінің 2014 жылғы қарашадан бастап шектелуі және дағдарысқа байланысты ҚР бойынша жалпы электр энергиясын тұтыну көлемінің азаюы болып табылады.

2015 жылғы жоспарда жылу энергиясын өндіру көлемі 2014 жылдың деңгейінде. 2016 жылға «Ақтөбе ЖЭО» АҚ-ны сатуға байланысты төмендетіледі.

2015 жылы электр энергиясын беру және тарату көлемі «АЖК» АҚ және «ШҚ АЭК» АҚ тұтынушыларының өтінімдері есебінен өседі деп күтілуде. 2016 жылғы бол-жамда жоспарланған «АЖК» АҚ және «ШҚ АЭК» АҚ-ны сатуға байланысты өндіру көлемі төмендейді.

РФ электр станцияларының жобалық отыны Екібастұз көмірі болып табылатын қазандықтарды пайдала-нудан алып тастау жөніндегі жоспарын ескере оты-рып жасалған болжамға сай, 2015 жылғы болжамда көмір өндіру көлемі Екібастұз ГРЭС-1 және РФ электр станциялары сияқты негізгі тұтынушылардың көмірді болжамды тұтыну көлемінің төмендеуіне байланысты 2014 жылғы мәліметпен салыстырғанда 1 млн тоннаға немесе 3 %-ға төмен. 2016 жылғы болжамда көмір өт-кізу көлемі 2015 жылға қарағанда 5 % немесе 2 млн тоннаға артады. 2015-2016 жылдары көмір өндіру және сату көлемі ҚР мен РФ-дағы электр энергиясын өндіру-дің болжамды көлемін ескере отырып көзделді.



ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Реттік №	Көрсеткіш, млн теңге	2012	2013	2014	2015	2016
					болжам	болжам
1	Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түсетін табыс *	94 558	135 844	178 085	194 442	120 729
1.1.	Электр энергиясын өндіру	125 346	47 017	115 904	126 970	118 238
1.2.	Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясын сатуы	88 435	99 014	85 042	96 418	0
1.3.	Жылу энергиясын өндіру	14 029	14 224	14 699	14 577	0
1.4.	Электр энергиясын беру және тарату	34 167	45 927	31 156	34 080	0
1.5.	Химиялық тазартылған суды сату	998	955	1 792	1 897	0
1.6.	Құрылыс-монтаждау және жөндеу жұмыстары	0	2 239	0	0	0
1.7.	Жалдау	1 537	1 907	2 050	2 039	2 041
1.8.	Басқасы	8 532	9 754	20 682	566	450
2	Сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны *	77 064	104 944	120 135	140 991	61 613
2.1.	Электр энергиясын өндірудің өзіндік құны	57 638	30 371	66 122	83 219	61 604
2.2.	Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясын сатуының өзіндік құны	85 303	97 312	85 072	95 817	0
2.3.	Жылу энергиясын өндірудің өзіндік құны	16 812	14 735	14 407	15 580	0
2.4.	Электр энергиясын берудің өзіндік құны	30 335	34 208	25 400	26 490	0
2.5.	Химиялық тазартылған суды сатудың өзіндік құны	1 006	1 671	1 742	1 883	0
2.6.	Құрылыс-монтаждау және жөндеу жұмыстарының өзіндік құны	0	2 311	0	0	0
2.7.	Негізгі қызметтердің өзге түрлерінің өзіндік құны	3	7	7	9	9
	<i>Негізгі қаражат пен материалдық емес активтерді амортизациялау</i>	8 146	11 794	25 303	36 509	26 819
3	Жалпы пайда	17 494	30 900	57 950	53 451	59 116
4	Қаржыландырудан түскен табыс	1 702	3 294	4 064	1 407	3 159
5	Басқа табыстар	6 577	3 799	70 435	787	7
6	Өнімді сатуға және қызмет көрсетуге жұмсалатын шығыстар	153	105	2 416	2 883	3 488
7	Жалпы және әкімшілік шығыстар	6 770	10 718	11 287	12 761	9 732
8	Қаржыландыру шығыстары	5 300	8 377	23 993	19 530	18 315
10	Негізгі емес қызметтердің өзге шығыстары	4 632	1 314	87 438	1 312	41
11	Ұйымдардың үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын пайдасының/зиянының үлесі	13 177	30 106	12 956	11 447	12 339
12	Тоқтатылған қызметтерден түсетін пайда (зиян)	60	-92	2 987	3 822	6 382
13	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	3 522	5 618	10 009	9 036	10 135
14	Азшылықтың үлесі	-126	1 023	-2 696	104	101
15	Қорытынды пайда	18 698	40 853	15 947	25 289	39 190

* Соның ішінде, алып тастауды есептемегендегі қызмет түрлері бойынша

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы бойынша өнімдерді сатудан және қызмет көрсетуден түскен табыс 178 085 млн теңгені құрады. Былтырғы жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда электр энергиясын өндіру көлемі 14 млрд кВт/сағ. көлеміндегі «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның жаңа активін биылғы жылғы сәуірден бастап шоғырландыруға қосу есебінен 131 %-ға ұлғайды.

Сонымен бірге, өткен жылдың қорытындысымен салыстырғанда ҚР Үкіметінің кешенді жекешелендіру жоспары жөніндегі қаулысына және № 5 ҚЕХС «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызметтер» стандартына сәйкес сатуға арналған активтер, соның ішінде: «Ақтөбе ЖЭО» АҚ станциясы, «МЭБК» АҚ, «ШҚ АЭК» АҚ энергия беруші компаниялары және энергиямен қамтамасыз етуші «ШЭТ» ЖШС есепке алынбағанын атап көрсеткен жөн. Осы активтердің өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түсетін табысы 39 924 млн теңгені құрайды. Осы активтер тоқтатылған қызметтерден түсетін пайда бағанында 2 987 млн теңге көлемінде көрсетілді.

Табыстың маңызды бөлігі өндіру көлемі 2014 жылы 28 млрд. астам кВт/сағат құраған энергия өндіруші компаниялардың электр энергиясын сату есебінен құралады.

Өндірушілер бойынша бөлгенде өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түсетін табыс

Көрсеткіш, млн теңге	2012	2013	2014	2015	2016
				болжам	болжам
Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түсетін табыс	94 558	135 844	178 084	194 442	120 729
«Самұрық-Энерго» АҚ	-	9 094	20 399	18 888	20 928
«Green Energy» ЖШС	-	-	15	125	132
«Бұқтырма ГЭС» АҚ	1 495	1 883	2 048	2 039	2 041
«Шардара ГЭС» АҚ	1 975	1 806	2 422	1 763	1 823
«Мойнақ ГЭС» АҚ	413	6 595	4 264	6 632	8 935
«Алматыэнергосбыт» ЖШС	67 368	74 737	85 042	96 418	-
«Самұрықэнергостройсервис» ЖШС	11 000	2 346	-	-	-
«МЭБК» АҚ	5 853	7 831	-	-	-
«АЖК» АҚ	22 393	28 493	31 431	34 229	-
«АлЭС» АҚ	47 014	48 694	51 909	53 298	-
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	4 520	5 110	-	-	-
«Шығыс Қазақстан АЭК» АҚ	-	10 170	-	-	-
«Шығысэнерготрейд» ЖШС	-	24 277	-	-	-
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	-	-	73 792	79 633	103 949
«БЖЭС» ЖШС	-	-	-	2 406	3 850
«Teric-Мұнай» ЖШС	-	-	-	5	-
Топ ішіндегі айналымдар (көрсеткіштері алынып тасталған)	- 67 472	- 85 192	- 93 239	- 100 992	- 20 928

Қоғамның негізгі қызметінен түсетін табыстың негізгі үлесін «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС, «ГРЭС -1» ЖШС, «АлЭС» АҚ және «АЖК» АҚ қамтиды. Сонымен бірге,



Сондай-ақ, табыстың қомақты бөлігін өндіру көлемі 2014 жылы 8,6 млрд. астам кВт/сағ. құраған энергиямен жабдықтаушы компаниялардың электр энергиясын сатуынан және 12,3 млрд кВт/сағ. көлемінде электр энергиясын беру мен тарату бойынша көрсетілген қызметтерден түсетін табыс құрайды.

Болашақ кезеңге болжам: 2015 жылғы болжамда сатудан түсетін табысты тарифтердің өсуі есебінен 194 442 млн теңге мөлшерінде 2014 жылға қарай 9%-ға өсіру жоспарланған. 2016 жылғы болжамда энергиямен жабдықтаушы компаниялар мен электр энегиясын беруші компанияларды жоспарланған сату есебінен азайту жоспарланған.

Қаржылық табыстар

Көрсеткіш, млн теңге	2012	2013	2014	2015	2016
				болжам	болжам
Банк депозиттері бойынша пайыздық табыстар	1 698	3 106	3 230	237	67
Өзге	3	188	833	1 170	3 092
ҚОРЫТЫНДЫ	1 702	3 294	4 064	1 407	3 159

2014 жылдың қорытындысы бойынша қаржылық табыс 3 230 млн теңгені құрады, бұл 2013 жылғы мәліметтен 4 %-ға жоғары. Қаржылық табыс бос ақша қаражатын депозиттерге уақытша орналастырудан түсетін табысты және Қоғамның еншілес компанияларына топ ішіндегі қарыздарды беруден түсетін табысты қамтиды.

Болашақ кезеңге болжам: 2016 жылға дейінгі болжамда депозитке салынған ақша қаражатынан табыс түсіру жоспарланбаған, берілген қарыздар бойынша сыйлықақылар еншілес компаниялардың қарыз өтеу кестесіне сәйкес көзделген.

Өнімдер мен қызмет көрсетудің өзіндік құны

Көрсеткіш, млн теңге	2012	2013	2014	2015	2016
				болжам	болжам
Отын	20 599	19 574	32 388	34 085	18 243
Еңбекақы төлеу және оған байланысты шығыстар	13 706	19 749	17 978	19 904	3 365
Сатып алынған электр энергиясының құны	12 582	24 068	14 272	14 117	296
Негізгі құралдардың тозуы және MEA өтелімі	8 146	11 798	25 303	36 509	26 819
Жөндеу және күтіп ұстау	5 542	6 025	7 074	7 556	4 856
Электр энергиясын беру бойынша қызметтер және басқа қызметтер	3 631	8 296	7 886	7 657	42
Материалдар	3 026	1 591	1 756	923	55
Сумен қамтамасыз ету	1 870	2 482	3 941	4 553	1 935
Желідегі шығасы	2 109	3 836	212	-	-
Табыс салығынан басқа салықтар	1 742	2 601	5 101	6 091	3 722
Тараптық ұйымдардың қызметтері	1 631	81	1 718	3 179	1 466
Басқасы	2 481	4 843	2 506	6 416	816
ҚОРЫТЫНДЫ	77 064	104 944	120 135	140 991	61 613

2014 жылғы қорытынды бойынша өзіндік құн 120 997 млн теңгені құрады, бұл 2013 жылғы мәліметтен 16 %-ға жоғары. Негізгі өсім «ГРЭС-1» ЖШС электр станциясын шоғырландыруға қосуға байланысты өтелім, отын, салық баптары бойынша болды.

Желілердегі технологиялық шығысы, сатып алынатын электр энергиясы, еңбекақыға жұмсалатын шығыстар, басқа да шығыстарды қоса алғанда бірқатар баптар бойынша сатуға арналған активтерді алып тастауға байланысты өзіндік құн төмендеді.

Болашақ кезеңге болжам: 2015 жылғы болжамда электр энергиясын өндірудің және электр энергиясын беру мен тарату бойынша қызмет көрсетудің өзіндік құны 19 994 млн теңгеге ұлғаяды. Негізгі өсім «ГРЭС-1» ЖШС-ның негізгі құралдарын қайта бағалау нәтижесінде есептегенге дейінгі өтелім шығыстарының артуына байланысты болды. Сондай-ақ, өсім құнсыздану коэффициентін ескере отырып қызметкерлер құрамының жыл сайынғы еңбекақысын арттыруға және сатып алынатын отын бағасы мен сыртқы ұйымдар көрсететін қызметтер бағасының өсуіне байланысты. 2016 жылғы болжамда өзіндік құн сатуға арналған активтерді алып тастауға байланысты төмендейді.

Сатуға байланысты шығыстар

Көрсеткіш, млн теңге	2012	2013	2014	2015	2016
				жоспар	жоспар
Сату үдерісіне байланысты еңбекақы төлеуге және қызметкерлердің әлеуметтік төлемдеріне жұмсалатын шығыстар	47	84	15	17	19
Табыс салығынан басқа салықтар	5	-	-	-	-
Басқа жұмыстар және сатуға байланысты қызметтер	96	18	2 399	2 865	3 470
Іссапар шығындары	1	2	0	-	-
Сату бойынша басқа шығыстар	5	1	1	-	-
БАРЛЫҒЫ	153	105	2 416	2 883	3 488

2014 жылдың қорытындысы бойынша сатуға жұмсалған шығыстар «ГРЭС-1» ЖШС жаңа активін шоғырландыруға қосумен байланысты өсті. Осы өзгерістер 2015-2016 жылдар болжамдарының динамикасына да әсер етті.

Әкімшілік шығыстар

Көрсеткіш, млн теңге	2012	2013	2014	2015	2016
				жоспар	жоспар
Еңбекақы төлеу және оған байланысты шығыстар	3 279	5 048	5 009	5 615	3 915
Кеңес беру және басқа да кәсіби қызметтер	677	1 046	851	1 661	676
Табыс салығынан басқа салықтар	459	365	41	102	45
Жалдау бойынша шығыстар	28	511	545	659	546
Негізгі құралдардың тозуы және MEA өтелімі	384	393	1 102	1 120	894
Іссапар және өкілдік шығыстар	153	261	234	250	223
Банк алымдары	129	155	130	142	21
Байланыс шығыстары	85	134	93	150	100
Басқасы	1 576	2 805	3 282	3 061	3 311
ҚОРЫТЫНДЫ	6 770	10 718	11 287	12 761	9 732

Әкімшілік шығыстар 2014 жылғы қорытынды бойынша 11 287 млн теңгені құрады, бұл 2013 жылғы мәліметтен 10 %-ға жоғары. Негізгі өсім «ГРЭС-1» ЖШС электр станциясын шоғырландыруға қосумен байланысты өтелім және басқа шығындар баптары бойынша болды. Басқа баптар бойынша шығыстар сату және оңтайландыру шығыстарына арналған активтерді алып тастауға байланысты төмендеді.

Қаржылық шығыстар

Көрсеткіш, млн теңге	2012	2013	2014	2015	2016
				жоспар	жоспар
Қарыздар бойынша сыйақыларға жұмсалатын шығыстар	1 781	5 869	20 648	16 975	16 054
Басқа қаржы шығыстары	3 519	2 508	3 345	2 555	2 261
ҚОРЫТЫНДЫ	5 300	8 377	23 993	19 530	18 315

2014 жылдың қорытындысы бойынша қаржылық шығыстар 23 567 млн теңгені құрады, бұл 2013 жылғы нақты мәліметтен екі есе артық. Екібастұз ГРЭС-1-дің екінші үлесін сатып алу қарызына (100 млрд теңге) қызмет жасауға байланысты ұлғайды.

Өтімділік және қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері

Жалпы негізгі қаржылық және өндірістік көрсеткіштер өтімділік пен қаржылай тұрақтылық көрсеткіштеріне былайша әсер етті.

Өткен жылғы мәліметтермен салыстырғанда, **Қарыз/EBITDA** көрсеткіші 4,52-ні құрады, көрсеткіштің жақсаруы EBITDA көрсеткішінің 2 еседен аса өсуіне байланысты.

Есептік кезеңдегі **пайызды жабу** көрсеткіші 3,0%-ды құрады. 2013 жылғы (3,85) мәліметпен салыстырғанда,

Болашақ кезеңге болжам: 2016 жылғы болжамда қаржылық шығыстар қолдағы қарыздар бойынша қаржыландыру кестесіне сәйкес ескерілді.

көрсеткіштің төмендеуі Екібастұз ГРЭС-1-ді сатып алуға қарыз тарту және сәйкесінше қаржыландыру шығыстарының ұлғаюына байланысты болды. 2015-2016 жылдарға Операциялық пайданың өсуіне байланысты көрсеткішті ұлғайту жоспарланып отыр.

Ағымдағы өтімділік көрсеткіші 1,39%-ды құрады, бұл белгіленген халықаралық ковенант шеңберінде (кемінде 1). 2016 жылға дейінгі динамикада осы көрсеткішті одан әрі жақсарту жоспарланып отыр.

Атауы	2012	2013	2014
Қарыз/EBITDA	4,43	5,50	4,52
EBIT/Пайыздық сыйақы бойынша шығыстар	1,99	2,40	1,86
Ағымдағы өтімділік	2,31	2,01	1,4

Тариф саясаты

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына мынадай компаниялар кіреді:

Энергия өндіруші компаниялар – «Екібастұз ГРЭС-1» АҚ, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Ақтөбе ЖЭО», АҚ, «Жамбыл ГРЭС» АҚ, «Шардара ГЭС» АҚ, «Мойнақ ГЭС» АҚ;

Энергия таратушы компаниялар – «Алматы Жарық Компаниясы» АҚ, «Шығыс Қазақстан АЭК» АҚ, «Маңғыстау ЭБК» АҚ;

Энергиямен жабдықтаушы компаниялар – «Алматы-Энергосбыт» ЖШС және «Шығысэнерготрейд» ЖШС.

Энергетикалық компаниялардың қызмет түріне қарай тарифтік реттеу ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) немесе ҚР Энергетика министрлігінің құзыретіне жатады.

Энергия өндіруші ұйымдарға (ЭӨҰ) арналған тарифтер Үкімет қаулысымен 2009-2015 жылдардағы кезеңге

бекітілген, ол «Инвестицияға айырбасталатын тарифтер» қағидаты бойынша инвестициялық құрамдас бөлікті қарастырады.

2009 жылы шектік тарифтер бағдарламасын қабылдау электр станцияларының қолда бар активтерін ауқымды жаңартуды, қайта құру және техникалық қайта жарақтауды қамтамасыз ете отырып, Қазақстанның электр энергетикасы саласының инвестициялық тартымдылығын арттырды.

ҚР Энергетика министрлігімен жыл сайын жасалатын Инвестициялық келісім негізінде көлемі шектік мәннен аспайтын тарифтер белгіленеді.

Реттелетін нарық субъектілері болып табылатын **энергия үнемдеуші ұйымдарға** (ЭҰҰ) арналған тарифтер міндетті түрде Комитетпен келісіледі және мынадай шығындардан құралады: энергия көздерінен сатып алу, энергияны тарату, теңгерімдеу және диспетчерлеу бойынша Жүйелік оператордың (KEGOC) қызметі, ЭҰҰ шығыстары (жабдықтау үстеме ақысы).


ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Қоғамның 2014 жылғы Инвестициялық бағдарламасы

ҚР энергетикасының алдында тұрған басты міндет – өндіруші қуаттарды жаңарту.

Қуаттардың басым бөлігі 30 жылдан ескі энергоблоктармен ұсынылған


Белгіленген қуаттағы энергоблоктардың ескілік тобының үлесі



Қоғамның Инвестициялық бағдарламасы өндірістік қуаттарды жаңғыртуға, қайта құруға және салуға, энергетикалық компаниялардағы иелік ету үлестерін

сатып алуға және ұлғайтуға, сонымен қатар сенімді энергиямен жабдықтауға электр және жылу энергиясына сұранысты қанағаттандыруға бағытталған.

2014 жылы Қоғам мынадай бірқатар инвестициялық жобаларды аяқтады:



Қоғамның іске асырылатын инвестициялық жобаларының портфеліне 15 инвестициялық жоба кіреді, оларды іске асыру қолданыстағы станциялардың белгіленген қуатын ұлғайту және жаңа қуаттар құру арқылы Қазақстанның электр энергиясы және электр

қуаты тапшылығын өтеуге мүмкіндік береді. Олардың 4-еуі МҮИИДБ шеңберінде, 6-ауы жоба – Индустрияландыру картасы шеңберінде іске асырылуда. Төменде «Самұрық-Энерго» компаниялар тобының іске асырылатын басты жобалары көрсетілген.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР КАРТАСЫ

Өндіруші қуаттарды салу және жаңғырту бойынша жобалар

1. «Екібастұз ГРЭС-2-ні № 3 энергия блогын салу арқылы кеңейту және қайта құру»
Энергия блогының құрылысын аяқтау 2017 жылға жоспарланған.

2. «Екібастұз ГРЭС-1 қуатын жаңғырту және кеңейту»
№ 1 блокты қалпына келтіруді аяқтау 2017 жылға жоспарланып отыр.

3. «Балқаш ЖЭС-ін салу»
Станция құрылысын 2018 жылы аяқтау жоспарланып отыр.

4. «Придорожное газ кен орнының базасында газ-турбиналық электр станциясын салу»

5. «Шардара ГЭС-ін жаңғырту»
Станцияны жаңартуды 2016 жылы аяқтау жоспарланып отыр.

6. «Ерейментау қаласы ауданында 300 МВт-ға дейін кеңейту перспективасымен қуаты 45 МВт ЖЭС салу»
2015 жылдың II тоқсанда станцияны пайдалануға беру жоспарланып отыр.

7. «Ерейментау қаласы ауданында 300 МВт-ға дейін кеңейту перспективасымен қуаты 50 МВт ЖЭС салу»
Құрылыс 2017 жылы аяқталады деп күтілуде.

8. «Іле өзенінде контрреттегіш Кербұлақ ГЭС-ін салу»
Жоба 2017 жылы аяқталады деп жоспарланып отыр.

9. «Ақтөбе ЖЭО-ны қайта құру және жаңғырту»
Жобаның аяқталу мерзімі – 2015 жыл.

Инфрақұрылымды қайта құру және жаңарту жобалары

10. «Екібастұз ГРЭС-1-дегі 500 кВ АТҚ-ны жаңғырту»
Станцияны жаңғыртуды 2016 жылы аяқтау жоспарланып отыр.

11. «Алматы қаласындағы 6-10 кВ электр желілерін қайта құру»
Қайта құру 2015 жылы аяқталады деп жоспарланып отыр.

12. «Алматы 2-ЖЭО күл-қож шығару құрамдастырылған жүйесін қайта құру»
Қайта құру 2015 жылы аяқталады деп жоспарланып отыр.


13. «Түрксіб» 110/10 Кв ҚС құрылысы»
2015 жылы IV тоқсанда пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Жылу өндіруді жаңғырту жобасы

14. «Алматы 2-ЖЭО-ны қайта құру және кеңейту. III кезек. № 8 ст. қазандық агрегаты»
Жобаны аяқтау мерзімі – 2016 жылдың I тоқсаны.

Көмір өндіру технологиясын жетілдіру жобасы

15. «Богатырь» кесігінде көмірді толассыз циклдық өндіру технологиясына көшу
Жобаны 2018 жылдың аяғына дейін іске асыру жоспарланып отыр.



Өндіруші қуаттарды салу және жаңғырту бойынша жобалар

«Екібастұз ГРЭС-2-ні № 3 энергия блогын салу арқылы кеңейту және қайта құру»

Екібастұз ГРЭС-2-ні № 3 энергия блогын салу арқылы кеңейту және қайта құру (жоба МҮИ-ИДБ-ге және Индустрияландыру картасына енгізілген) станцияның белгіленген қуатын 636 МВт-ға көбейту үшін жүргізіледі, бұл жылына шамамен 4,8 млрд кВт/сағ. қосымша электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді.

Энергия блогының құрылысын аяқтау 2017 жылға жоспарланған.

«Екібастұз ГРЭС-1 қуатын жаңғырту және кеңейту»

Екібастұз ГРЭС-1 қуатын жаңғырту және кеңейту жобасы (жоба МҮИИДБ және Индустрияландыру картасына енгізілген) Екібастұз ГРЭС-1-дегі № 8, № 2 және № 1 блоктарды қалпына келтіруді және сәйкесінше станция қуатын 1 500 МВт-ға ұлғайтуды болжамдайды. № 8 блокты қалпына келтіру 2012 жылы аяқталды. № 2 блокты қалпына келтіру 2014 жылы аяқталды.

№ 1 блокты қалпына келтіруді аяқтау 2017 жылға жоспарланып отыр.

«Балқаш ЖЭС-ін салу»

2012 жылғы қыркүйекте Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы Мелекет басшыларының қатысуымен қуаты 1 320 МВт Балқаш ЖЭС-і бірінші модулінің құрылысы басталды (жоба МҮИИДБ және Индустрияландыру картасына енгізілген). Жобаны іске асыру жылына 10 млрд. астам кВт/сағ. электр энергиясын өндіруге және Қазақстанның электр энергиясы мен электр қуатына тапшылығын өтеуге мүмкіндік береді.

Станция құрылысын 2018 жылы аяқтау жоспарланып отыр.

«Придорожное газ кен орнының базасында газ-турбиналық электр станциясын салу»

Жоба энергия тапшылығы бар Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарын энергиямен қамтамасыз ету үшін Придорожное газ кен орнын игеруді және қуаты 175,6 МВт электр станциясының жоспарланған құрылысын отынмен қамтамасыз ету мақсатында газ өндіруді жоспарлап отыр. Қазіргі уақытта үш барлау ұңғымасын бұрғылау арқылы газ қорын анықтау үшін кен орнын барлау жүргізіліп жатыр.

«Шардара ГЭС-ін жаңғырту»

Шардара ГЭС-ін жаңғырту (жоба МҮИИДБ және Индустрияландыру картасына енгізілген) стан-

цияның өндірілгіштігін және қауіпсіздігін арттыру үшін тозған жабдықтарды ауыстыруды көздейді, мұның өзі белгіленген қуатты 116 МВт-ға дейін ұлғайтуға және жылына қосымша 57 млн кВт/сағ. өндіруге мүмкіндік береді.

Станцияны жаңартуды 2016 жылы аяқтау жоспарланып отыр.

«Ерейментау қаласы ауданында 300 МВт-ға дейін кеңейту перспективасымен қуаты 45 МВт ЖЭС салу»

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында электр энергиясын өндіру өнімділігі жылына шамамен 172,2 млн кВт/сағатты құрайтын бірінші ірі жел электр станциясы салынып жатыр. Осы жобаны іске асыру жаңартылатын энергия көздері есебінен өндірілген электр энергиясымен сенімді әрі сапалы қамтамасыз етуді білдіреді.

2015 жылдың II тоқсанда станцияны пайдалануға беру жоспарланып отыр.

«Ерейментау қаласы ауданында 300 МВт-ға дейін кеңейту перспективасымен қуаты 50 МВт ЖЭС салу»

Бұл жоба жаңартылатын энергия көздері саласындағы қуатты ұлғайту шеңберінде іске асырылады. Станция жылына 180 млн кВт/сағаттан астам электр энергиясын өндіретін болады. Бұған қоса, станцияны салу жылу-энергетикалық ресурстардың жалпы шығысын, қоршаған ортаға тигізетін жағымсыз әсерді мейлінше азайтуды, сонымен қатар парниктік газдардың шығарындыларын төмендетуді ескеретін өндіруші қуаттардың оңтайлы құрылымын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Құрылыс 2017 жылы аяқталады деп күтілуде.

«Іле өзенінде контрреттегіш Кербұлақ ГЭС-ін салу»

Жобаның мақсаты Жылдың қысқы мерзімінде Қапшағай ГЭС-інің жүктемесі шегіне жеткен кезде ағынды апталық реттеу үшін қуаты 33 МВт ГЭС және контрреттегіш су қоймасын салу болып табылады. Кербұлақ ГЭС Қапшағай ГЭС-інің реттеуші қуатын 110 МВт-ға ұлғайтуға және жылына 245 млн кВт/сағ. электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді.

Жоба 2017 жылы аяқталады деп жоспарланып отыр.

«Ақтөбе ЖЭО-ны қайта құру және жаңғырту»

Жоба қолданыстағы жабдықтардың өндірілділігіне қарай № 3 станцияның турбиналық агрегатын ауыстыруды жобалап отыр. Жобаны іске асыру станцияның белгіленген қуатын 88 МВт-дан 117 МВт-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Жобаның аяқталу мерзімі — 2015 жыл.

Инфрақұрылымды қайта құру және жаңарту жобалары

«Екібастұз ГРЭС-1-дегі 500 кВ АТҚ-ны жаңғырту»

Жоба кәсіпорынның негізгі қызметі аясында орындалуда, ол энергия жүйесін жаңғырту және тұтынушыларды энергиямен жабдықтау сапасын қамтамасыз ету арқылы Қазақстанның энергия жүйесінің сенімділігін арттыруға бағытталған жобаларға жатады. Жобаны іске асыру әсері – 500 кВ АҚТ жабдықтарының істен шығу салдарынан болуы мүмкін жүйелік апатты болдырмау және өндірілген электр энергиясының дұрыс босатылуын және Қазақстан мен Ресейге транзиттік электр энергиясын транзиттік өткізуді қамтамасыз ету болып табылады. Станцияны жаңғырту-ды 2016 жылы аяқтау жоспарланып отыр.

«Алматы қаласындағы 6-10 кВ электр желілерін қайта құру»

Электр желілерінің өткізу қабілетін арттыру, электр энергиясының толық босатылмауын азайту және 0,4-6-10 кВ таратушы желілердегі шығынды азайту мақсатында Алматы қаласының электр желілерін жылына ең кемінде 2,0 млрд теңге көлемінде қаржыландыра отырып қайта құру және жаңғырту жобалары іске асырылуда.

«Алматы 2-ЖЭО күл-қож шығару құрамдастырылған жүйесін қайта құру»

2015 жылы АлЭС-тің меншікті қаражаты есебінен құны шамамен 7 млрд теңге тұратын 2-ЖЭО күл-қож шығару құрамдастырылған жүйесін қайта құруды аяқтауды жобалап отыр, бұл станцияның үздіксіз жұмыс істеу мерзімін 6-7 жылға ұзартады.

«Түркісіб» 110/10 Кв ҚС құрылысы»

Алматы қаласының солтүстік бөлігінің артып келе жатқан жүктемесін электр энергиясымен сенімді әрі үздіксіз қамтамасыз ету үшін трансформаторлық қуаты 80 МВА «Түркісіб» 110/10 кВ қосалқы станциясының құрылысы бойынша жоба іске асырылуда.

2015 жылы IV тоқсанда пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Жылу өндіруді жаңғырту жобасы

«Алматы 2-ЖЭО-ны қайта құру және кеңейту. III кезек. № 8 ст. қазандық агрегаты»

Жоба жылу жүктемесінің күтілетін өсімін жабуға және «Универсиада-2017» объектілерін, индустриалдық аймақты және «Қол жетімді баспана - 2020» бағдарламасы бойынша тұрғынжай құрылысын жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жобаны аяқтау мерзімі – 2016 жылдың I тоқсаны.

Көмір өндіру технологиясын жетілдіру жобасы



«Богатырь» кесігінде көмірді толассыз цикльдік өндіру технологиясына көшу

Жоба теміржол көлігінде қолдану үшін тау жынысының терең қабатына жетумен байланысты кейіннен тиеу кешендерінде оны орталай отырып, көмірді жер бетіне конвейерлік көлікпен жеткізудің толассыз технологиясына көшуді жобалайды.

Жобаны іске асыру:

- Богатырь кесігінде көмір өндіру көлемін жылына 32 млн тоннадан 40 млн тоннаға ұлғайту;
- еңбек өндірімділігін 25 %-ға арттыру;
- көмірді тиейтін, ұсақтайтын және тасымалдайтын негізгі құралдарды ауыстыру мүмкіндіктерін береді.

Тиімділігі төмен әлеуметтік жобалар

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2013 жылғы 27 қарашадағы № 01-7.16 хаттамалық тапсырмасына, «Самұрық-Қазына» АҚ 2013 жылғы 28 қарашадағы № 21-ө хаттамасына сәйкес



Жобаны 2018 жылдың аяғына дейін іске асыру жоспарланып отыр. 2014 жылы желтоқсанда «Богатырь Көмір» ЖШС мен Thyssen Krupp компаниясы арасында инжиниринг, жабдықтарды жеткізу, шеф-монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстары бойынша келісім-шарт жасалды.

Қоғам сонымен бірге портфельге жаңа инвестициялық жобаларды қосу бойынша белсенді жұмыстар жүргізуде. 8 инвестициялық жобаны іске асыруға кірісу жоспарланып отыр. Олардың ішінде Семей қаласында ЖЭО салу және Шелек дәлізінде жел электр станциясын салу, 7 шағын ГЭС салу, Алматы 1-ЖЭО-ны газға көшіру мен ГТҚ орнату арқылы қайта құру және кеңейту, Қызылкүңгей және Қызылбұлақ ГЭС каскадын қайта құру және жаңғырту, Шелек өңірінің энергетикалық әлеуетін дамыту, сонымен қатар Кеңсу өзенінің арнасын Мойнақ ГЭС Бестөбе су қоймасына бұру жобалары бар.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ға (бұдан әрі – Қоғам) Астана қ. Әкімдігімен бірлесіп Астана қаласында 240 орындық балабақша салу тапсырылды.


Жобаны іске асыру мерзімі:	2014-2015 жылдар
Объектіні пайдалануға беру мерзімі:	2015 жылғы 06 шілде
Жалпы құны:	735 252 683 теңге (Қоғамның Даму жоспарына сәйкес)
Ғимараттың алаңы:	2 210 м²
Қабат саны:	2
Орналасуы:	Астана қ., Есіл өзенінің сол жағалауы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр көшесі мен Орынбор көшесі арасындағы Е320, Е321, Е347, Е348 жобалық атаулары бар («FamilyVillage» коттедждер қалашығы) аудан.
Ерекше талаптары:	балабақша құрылысы аяқталған және оны Әкімдіктің коммуналдық меншігіне тапсырған соң, Қоғам қызметкерлеріне мектеп жасына дейінгі балаларға арналған жалпы орын санының 50 %-ы мөлшерінде квота беріледі.

Инвестициялық қызметтердің аралық нәтижелері

2009-2015 жылдар кезеңіндегі «Самұрық-Энерго» АҚ инвестициялық саясатына сәйкес жаңа активтерді құруға, өндіріс деңгейі мен күнделікті активтерді қайта құруға, техникалық қайта жарақтауға, қолдауға, табиғатты қорғау жөніндегі іс-шараларға бағытталған қаржыландыру көлемі шамамен 500 млрд теңгені құрайды, соның ішінде 2009-2014 жылдар кезеңі үшін – 413,5 млрд теңгені құрады. Қолданыстағы қуаттарды жаңарту және қайта құру бойынша маңызды нәтижелер қазірдің өзінде бар:

- белгіленген және қолда бар қуат арасындағы айырма Екібастұз ГРЭС-1 № 2 блогын есепке алмағанда (соның ішінде Екібастұз ГРЭС-1 704 МВт-ға, Екібастұз ГРЭС-2 104,6 МВт-ға, ЖГРЭС 38,3 МВт-ға, АлЭС 288 МВт-ға, Шардара ГЭС 5 МВт-ға, Ақтөбе ЖЭО 11 МВт-ға) 1 151 МВт-ға азайған (2 647 МВт-дан 1 496 МВт-ға дейін азайтылған);

- жеке қажеттіліктерге жұмсалатын электр энергиясының шығысы 0,73 %-ға азайды (жеке қажеттіліктерге тұтыну 7,93 %-дан 7,2 % дейін азайтылды);
- белгіленген қуатты пайдалану коэффициенті 8,2 %-ға ұлғайды (32,3 %-дан 40,5 %-ға дейін ұлғайды);
- күл тұту коэффициентін ұлғайту қоршаған ортаға зиянды заттар шығарындыларының көлемін жылына 140 мың тоннаға азайтты (шығарындылар көлемі 237,3 мың тоннадан 147,3 мың тоннаға дейін төмендеді);
- еңбек өндірімділігі 2,1 млн теңге/адамға ұлғайды (6,7-ден 8,8 млн теңге/адамға дейін өсті).



Инвестициялық жобаларды қаржыландыру көздері

Қоғам қаржы ресурстарын тарту үшін кредиттер мен облигациялар сияқты құралдарды кеңінен қолданады, сонымен қатар әлеуметтік маңызы бар жобаларды қаржыландыру үшін республикалық бюджеттен ақша қаражатын алады. Мұның үстіне, Қоғам ішкі қаржыландыру көздерімен бірге Еуропа қайта құру және даму банкі, Таза технологиялар қоры және т.б. сияқты сыртқы көздерді де пайдаланады.

2014 жылғы қарашада Еуропа қайта құру және даму банкімен, Таза технологиялар қорымен жасалған «Ерейментау қ. ауданында келешекте 300 МВт-ға дейін арттыру перспективасымен қуаты 50 МВт ЖЭС салу» жобасын қаржыландыру жөніндегі кредиттік келісімге қол қойылды.

Қосымша ҚР Республикалық бюджетінен «Балқаш ЖЭС-ін салу» жобасын іске асыру үшін қаражат тартылды.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ, ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУДІ АРТТЫРУ

ҚР Үкіметінің энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуді арттыру бойынша жүргізіп жатқан жұмыстары шеңберінде «Самұрық-Энерго» АҚ 2014 жылы Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасын әзірледі.

2012 жылы қабылданған «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңын орындау мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ мамандандырылған аккредиттелген ұйымдарды тарта отырып Мемлекеттік энергетика тізілімінің субъектілері болып табылатын өзінің барлық еншілес компанияларында 2016 жылға дейін энергия аудитін жүргізуді жоспарлады.

Осы Бағдарламаның мақсаты инновациялық технологияларды қолдану негізінде жылу-энергетикалық ресурстарды ұтымды және экономикалық тұрғыдан мақсатты пайдалану бойынша мынадай шараларды әзірлеу болып табылады:



ШЫҒЫНДАРДЫ АЗАЙТУ

электр және жылу энергиясын өндіру, беру кезіндегі, сонымен қатар энергия ресурстарын тұтыну кезіндегі шығындарды озық әлемдік компаниялар деңгейіне дейін азайту



СЕНІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ

тұтынушылардың энергия үнемдеу сенімділігін арттыру



ЖАРЫЛЫСТАРДЫ ЖОЮ

электр станцияларындағы қуат жарлыстарын жою



ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ

электр станцияларындағы жылуды пайдалану тиімділігін арттыру

ЖЭК саласындағы инновациялық қызметтер

ҚИЭЖ құру Халықаралық Энергетикалық Кеңес (бұдан әрі – «WEC») бастама көтерген Еуропа, Ресей және Қытай SuperGrid жаһандық жүйесіне бірігуге мүмкіндік береді.

Жалпы жаңартылатын энергия көздерінің әлеуетін тиімді іске асыру үшін мынадай шаралар қажет:

- ЖЭК-ті қолдау туралы заңнамаларды жетілдіру;
- ЖЭК-ке қажеттілікті анықтау міндеттелетін құзыретті органды құру;
- Қазақстан интеллектуалдық энергия жүйесін құру (бұдан әрі – «ҚИЭЖ»).

Тиімділігі жоғары және технологиялық интеллектуалдық энергия жүйесін құру халықтың тұрмысын жақсартуға, қолдағы басымдықтардан пайда табуға және барлық жаһандық сын-қатерлерге қарсы әрекет етуге мүмкіндік береді:

- энергетикалық қауіпсіздік және резервте сақтау;
- транзиттік және экспорттық әлеуетті пайдалану;
- ЖЭК әлеуетін пайдалану (Жел электр станциялары, күн электр станциялары, шағын су электр станциялары және басқалары);
- Қазақстан Республикасының аумағын толық қамту – отын-энергетикалық ресурстардың (бұдан әрі – ОЭР) және өндіруші көздердің өнеркәсіптен және халықтан қашық болу мәселесін шешу;
- қолда бар ОЭР қорларын ескере отырып, энергетика құрылымын оңтайландыру;
- энергия экологиялылығы, энергия тиімдігі, энергия үнемдеу;

- инновациялық және ғылыми даму;
- Қазақстан экономикасының қосылған құнын жоғарылату;
- мемлекеттің энергетикадағы рөлін күшейту.

Әлемде отынға бағаның тұрақты өсіп келе жатқанын, экологияға жүктемені азайту бойынша іс-шараларды іске асыру қажеттілігін ескере отырып, электр энергиясының құнын ЖЭК-ден азайту және дәстүрлі көздерден алынатын электр энергиясының құнын бір мезгілде көтеру үрдісі байқалып отыр.

Орта мерзімді жоспарларда «Самұрық-Энерго» компаниялар тобы жасыл энергетика саласындағы мынадай жобаларды іске асыруды жоспарлап отыр:

- Шелек дәлізінде келешекте 300 МВт-ға дейін ұлғайту арқылы қуаты 60 МВт ЖЭС салу, пайдалану барысындағы жұмыспен қамту – 14 адам, өндірімділігі жылына 226 млн кВт/сағ. дейін электр энергиясы;
- Шелек өңірінде энергия әлеуетін дамыту және Кеңсу өзенінің арнасын Бестөбе су қоймасына бұру, I кезең – шағын ГЭС салу (ГЭС-1, 2, 19, 29) және Кеңсу өзенінің арнасын бұру. Жылына 220,3 млн кВт/сағ. электр энергиясын өндіретін шағын ГЭС (ГЭС-1, 2, 19, 29) жалпы белгіленген қуаты – 60 МВт. Құрылыс кезіндегі жұмыспен қамту – 970 адам; пайдалану кезеңінде – 71 адам. Кеңсу өзенінің арнасын бұру Мойнақ ГЭС-те электр энергиясын өндіруді жылына 100 млн кВт/сағатқа арттырады.

Көмір және газ өндіру саласындағы инновациялық қызмет

Компания өзінің алдына электр энергиясын өндіру, қазіргі түтінді газдарды тазарту әдістері, көмірқышқыл газын қармау және сақтау технологиясы барысында тиімді әрі экологиялық таза технологияларды енгізу бойынша міндеттер қойып отыр.

Көмір өндіру

Көмір өндіруді дамыту аясында энергия қондырғысының ҚНҚ-ні өсіруге, отын шығынын және парниктік газдардың (көмірқышқыл газының) және зиянды заттардың (күл, азот қышқылы және күкірт) меншікті салмағын азайтуға мүмкіндік беретін төмендегі «таза көмір технологияларын» қолдану көзделеді:

1. Паросилдік циклдағы бу параметрін көтеру;
2. Тиісті жылу жүктемесі бар жерлерде қазіргі заманғы ЖЭО салу арқылы электр энергиясы мен жылуды құрамдастырып өндіру – когенерациялауды әрі қарай дамыту;
3. күл қармау және азот пен күкірт тотығының шығарындылар деңгейін азайтудың заманауи әдістерін енгізу;
4. құл-қож қалдықтарын кәдеге асыру – құрылыс және жол индустриясында пайдалану.

Осы секторда Қоғам төмендегі жобаларды іске асырады және іске асыруды жоспарлайды:

- Қуаты 636 МВт, бу параметрлері жоғары: турбина алдындағы температурасы 566 оС және қысымы 24 МПа Екібастұз ГРЭС-2 3- энергия блогын салу. Іске асыру мерзімі - 2010-2017 жылдар. 2014 жылы жоба бойынша даярлық кезеңнің объектілері аяқталды және негізгі кезеңнің құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды (қазандық агрегаты іргетасының астына «діңгекті алаң» орнату, кейіннен монтаждау үшін негізгі жабдықтардың металл құрылымды орнату бойынша жұмыстар).
- Қуаты 1 320 МВт, бу параметрлері жоғары және түтік құбыр сүзгісі базасында шаң-күкірт тазалайтын құрғақ біріктірілген жүйесі бар Балқаш ЖЭС-ін салу. Іске асыру мерзімі – 2010-2018 жылдар. 2014 жылы жоба ЖСК-сына «Мемсараптама» РМК тұжырымы алынды. Жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық және жер ресурстарын басқару комитеті бекітеді.

- Екібастұз ГРЭС-1 энергия блоктарындағы электр сүзгілерді монтаждау. № 2 энергия блогын қалпына келтіру жобасы аясында Alstom фирмасының электр сүзгілері пайдалануға берілді. 2014 жылы 30 желтоқсанда жұмыс комиссиясы № 2 энергия блогының жабдықтарын қалпына келтіріп жөндеуден қабылдау актісіне қол қойды. Осылайша, Екібастұз ГРЭС-1-дің барлық қолданылып жүрген жеті энергия блогы тиімділігі жоғары электр сүзгілермен жарақталған.
- HitachiPlantConstruction жапон компаниясының МЕЕР технологиясын енгізуі (MovingElectrode-ElectrostaticPrecipitator – қозғалмалы электродтары бар электр сүзгілері). 2014 жылы технологияны әзірлеуші МЕЕР технологиясын Екібастұз ГРЭС-1-де енгізу мүмкіндігін зерттеуге кірісті. Зерттеу нәтижелері бойынша МЕЕР қосымша секциясын қосу арқылы қолда бар электр сүзгілердің бірін реконструкциялау туралы мәселе қаралды.
- Семей қаласында 3-ЖЭО салу. Орталықтандырылған тиімділігі жоғары энергия көзін іске қосуға байланысты қаланың оң жағалауындағы көптеген тиімділігі төмен және экологиялық қолайсыз қазандықтар пайдаланудан шығарылады. 2014 жылы жоба «Мемсараптама» РМК-ге жіберілді.

Газ өндіру

Газ өндіру үдерісінде бу-газ циклын қолдану көзделді, ол ҚНҚ деңгейінің жоғары және көмірқышқыл газдары мен зиянды заттар шығарындылары деңгейінің төмен болуымен сипатталады.

Төмендегі жобаларды іске асыру жоспарланып отыр:

- Газ-турбиналық технологиялар базасында жаңа энергия көзін орната отырып, «АлЭС» АҚ 1-ЖЭО-ны кеңейту. Жобаны іске асыру мерзімі – 2012-2018 жылдар.
- Придорожное газ кен орны базасында газ-турбиналық электр станциясын (ГТЭС) салу. Жоба Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарын қосымша энергиямен қамтамасыз ету үшін құрылысы жоспарланған қуаты 175,6 МВт ГТЭС-ті отынмен қамтамасыз ету мақсатында газ кен орнын игеруді және кейіннен газ өндіруді жобалайды. Жобаны іске асыру мерзімі – 2011-2019 жылдар.

Электр энергиясын беру, бөлу және тарату саласындағы инновациялық қызмет

Инновациялық жобаларды іске асыру мақсатында электр желілерінде ең заманауи жабдықтар қолданылады:

- жарылыс пен өрттің алдын алу бойынша жабдықтармен жарақталған электр энергиясының шығыны азайтылған жаңа буындағы күш беретін трансформаторлар;
- өрт туындау қаупін және пайдалану шығындарын азайтатын, орналасқан алаңын айтарлықтай төмендететін КРУЭ 110-220 кВ (элегазды оқшаулағышы бар комплектілі тарату құрылғылары);
- релелік қорғаныш құрылғысы, автоматика және телемеханика қазіргі заманғы микропроцессорлық техниканы қолдану негізінде орындалған;
- тұтынушыларды қосу бойынша жедел-қатынау бригадаларының қатынау шығындарын айтарлықтай азайтуға көмектесетін апат жағдайларын тіркеуге және жоюға, электр желілеріндегі жедел ауысу өндірісіне уақытты азайтуға мүмкіндік беретін ақпаратты басқару, жинау және өңдеу жүйесінің құрылғысы (SCADA);
- электр желілік компанияларда электр энергиясын коммерциялық есепке алатын автоматтандырылған жүйені кезең-кезеңмен енгізу (ЭРБЕ-АЖ) жалғасуда;
- жоғары сенімділігімен, жақсы өткізгіштік қабілетімен, төмен шығындылығымен, қауіпсіздігімен және пайдалану шығынының аздығымен ерекшеленетін, полиэтиленнен тігілген оқшаулағышы бар 35-110-220 кВ кабельдік тораптар пайдаланылды;
- коммерциялық шығындар мен пайдалану шығындарын азайту мақсатында ВЛ 0,4 кВ жалаңаш сымды өзін-өзі оқшаулайтын сымға (ӨОС) ауыстыру;
- өрт қауіпсіздігін арттыру және пайдалану шығындарын азайту мақсатында 6-10 кВ май ажыратқыштарын вакуум ажыратқыштарға ауыстыру;
- өткізгіш қабілетін ұлғайту үшін ӘЖ-110 кВ-да композиттік сымды пайдалану;
- энергиямен жабдықтаушы ұйымдарда тұтынушылармен жасалатын есептер бойынша міндеттерді автоматтандыру үшін биллингтік жүйелер енгізіледі;


- реактивтік қуат және кернеу деңгейлері бойынша желі жұмысының режимін оңтайландыру мүмкіндіктерін бағалау мақсатында реактивтік қуатты қалпына келтіретін техникалық құралдарды енгізу бойынша ТЭН әзірлеу.

Жиынтығында барлық осы шаралар біріктірілген интеллектуалдық жүйе құраушы және таратушы жаңа электр желілерін (SmartGrid) кезең-кезеңмен енгізуге, электр желілерін динамикалық басқаруға, қауіпсіздікті арттыруға және шығындарды үнемдеуге мүмкіндік береді.


7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



2013 жылы 16 ақпанда Жалғыз акционер бекіткен Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның органдары мыналар болып табылады:



«САМУРЫҚ - ЭНЕРГО» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ



АКЦИОНЕРЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2012 жылы 29 тамызда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1103 қаулысымен Қоғамның «ҚазТрансГаз» АҚ-ға тиесілі акциясы акциялары «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға берілді. Осылайша, қазір-

гі кезде «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Қоғамның жалғыз акционері болып табылады.

Компанияның веб-сайты: www.sk.kz

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар Кеңесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен және Қоғам Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысы мен атқарушы органның айырықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуден басқа қызметіне жалпы басшылық жасайды.

Қоғамның Директорлар кеңесі жеті директордан тұрады. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін Жалғыз акционер сайлайды.

Корпоративтік басқарудың озық тәжірибесіне сәйкес: 1) тәуелсіз директорлардың болуы (Қоғамның мүдделеріне барынша сәйкес келетін объективті шешімдер қабылдау кепілі болып табылатын); 2) қоғамның негізгі қызметі бойынша басымдықтарды жыл сайын жыл сайын анықтау арқылы акционерді қоғамды стратегиялық басқаруға қатыстыруылуы (акционерлердің ағымдағы жылға қатысты үміттері Директорлар кеңесі үшін маңызды стратегиялық бағдарлар және басқару құралдары болып табылады).

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы



**Бектеміров
Қуаныш
Әбдіғалиұлы**

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор, «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

Бірінші сайланған уақыты: 31.01.2012 («Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 08/12 хаттамасы).

Өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.

Қызмет тізімі:

- 1993 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік университетін бітірген, физик.
- 2004 жылы Қазақ ұлттық аграрлық университетін бітірді, инженер-электрик.
- 2009-2010 жылдары – «Қазгидромет» РМК бас директорының орынбасары, бірінші орынбасары.
- 2011-2012 жылдары – «Астанаэнергоконтракт» Бас директоры.
- 2012 жылғы қаңтардан – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқарушы директоры.
- 2014 жылдан – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Активтерді басқару жөніндегі бас директоры.
- 2003 жылы Талдықорған қаласының мәслихат депутаты болып сайланған, «ҚР электр энергетикасы саласын дамытуға қосқан үлесі үшін» ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрінің алғыс хатымен, «Қазақстан Республикасының құрметті энергетигі» төсбелгісімен, «Астананың 10 жылдығы» мерейтойлық медалімен марапатталған.



**Сәтқалиев
Алмасадам
Майданұлы**

Қоғамның Басқарма төрағасы, «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

Бірінші сайланған уақыты: 04.07.2007 («Самұрық» холдингі» АҚ Басқарма төрағасының 2007 жылғы 4 шілдедегі №79-ө бұйрығы). «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының 15.06.2011ж. шешімімен (№26/11 хаттама) Директорлар кеңесінің мүшесі және Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.

Қызмет тізімі:

- 1992 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін бітірген, қолданбалы-математик, механик.
- Экономика ғылымдарының кандидаты. ТМД-ның еңбек сіңірген энергетигі.
- 2009 жылғы желтоқсаннан – «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы.
- 2011 жылғы мамырдан – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқарушы директоры.
- 2012 жылғы қаңтардан – «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма Төрағасы.



**Огай Алексей
Владимирович**

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Активтерді басқару жөніндегі бас директордың орынбасары, «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Бірінші сайланған уақыты: 22.01.2008ж. («Самұрық» холдингі» АҚ-ның 2008 жылғы 22 қаңтардағы №01/08 хаттамасы). «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының 15.06.2011ж. шешімімен (№26/11 хаттама) Директорлар кеңесінің мүшесі болып қайта сайланды.

Өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.

Қызмет тізімі:

- 1995 жылы Алматы энергетикалық институтын бітірген. Мамандығы: Электр станциялары. Біліктілігі: Электр инженері.
- 2011 жылғы мамырдан – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Электр энергетикалық активтерді басқару жөніндегі дирекция директоры.
- 2014 жылдан – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Электр энергетикалық активтерді басқару жөніндегі бас директордың орынбасары.



**Дәукеев
Ғұмарбек
Жүсіпбекұлы**

Алматы энергетика және байланыс университетінің ректоры, Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры.

Тағайындаулар және сыйақы комитетінің төрағасы, «Самұрық-Энерго» АҚ Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі.

Бірінші сайланған уақыты: 22.01.2008 ж. («Самұрық» Холдингі» АҚ 2008 жылғы 22 қаңтардағы № 01/08 хаттамасы). 2009 жылы 2 сәуірде «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен (хаттама №26/09) қайта сайланды.

Өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.

Қызмет тізімі:

- 1971 жылы В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітірген, жылу энергетика инженері. Техника ғылымдарының кандидаты (1982). Профессор (1999 жылдан).
- 1971 жылдан – В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының ассистенті, аспиранты.
- 1975 жылдан – Алматы Энергетика институтының аспиранты, ассистенті, аға оқытушысы, кәсіподақ комитетінің төрағасы, доценті.
- 1997-2014 жылдар – Алматы Энергетика және байланыс университетінің ректоры.
- 1990-1993 жылдары – Калинин аудандық Халық депутаттары кеңесінің депутаты.
- Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі жанындағы Электр және жылу энергетикасы саласындағы тариф саясаты жөніндегі сарапшылар кеңесінің, Алматы қаласы әкімдігінің жанындағы Энергетика саласындағы тариф саясаты жөніндегі сарапшылар кеңесінің, Қазақ инженер-энергетиктері одағының, Қазақстан ЖОО қауымдастығының, Алматы өңірлік ЖОО Ректорлар кеңесінің мүшесі. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры.
- «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» (2006), «Еңбектегі ерлігі үшін. В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» (1970), «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» (2001) медальдарымен, «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» (2000), Ресей БЭЖ РАҚ «ГОЭЛРО» жоспарына 80 жыл» (2000) белгілерімен марапатталған. Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2005).
- Энергетикалық қазандықтар мен өнеркәсіптік пештерде газ отынының жануы және жылу алмасу теориясы мен практикасы; құрамдастырылған өндірісте электр және жылу энергиясына тарифтерді қалыптастыру әдістемесі бойынша 70-тен астам ғылыми жарияланымдардың авторы. Өнеркәсіптік пештер мен жану құрылғылары конструкциялары өнертабыстары бойынша 5 авторлық куәлігі бар.

2014 жылы 1 қарашада мезгілсіз дүние салды.



**Лука
Сутера**

Global Power & Water Division, ABU DHABI NATIONAL ENERGY COMPANY аға Вице-президенті және (CFO) қаржы директоры,

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, Аудит комитетінің төрағасы, Тағайындаулар және сыйақы комитетінің, Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі.

Бірінші сайланған уақыты: «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының 08.05.2012ж. шешімімен (№21/12 хаттама) Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі болып сайланды.

Өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.



**Спицын
Анатолий
Тихонович**

Ресей Жаратылыстану ғылымдары академиясының вице-президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясы (РЖҒА) Президиумының толық мүшесі, КСРО және РФ Архитекторлар одағының мүшесі, Халықаралық инвестициялар академиясының бірінші вице-президенті, ЕурАзЭҚ интеграциялық мәселелерін стратегиялық зерттеу институтының директоры,

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, Стратегиялық жоспарлау комитетінің төрағасы, Тағайындаулар және сыйақы комитетінің мүшесі, Аудит комитетінің мүшесі

Қызмет тізімі:

- 1996 жылы – Милан қаласындағы «Л.Боккони» университетін бітірген, іскери әкімгерлік саласындағы шебер дәрежесін алған, мамандығы – қаржыгер.
- 2012 ж. – Мадрид қаласындағы IE Бизнес-мектебінде Executive MBA (стратегиялық басқарма) халықаралық бағдарламасын тәмамдады.
- 2011 жылғы сәуірден – Сутера мырза Ресей Тәуелсіз директорлар қауымдастығының мүшесі.
- 2014 жылғы сәуірден Британ директорлар институтының (IOD) мүшесі болып табылады.
- Қазіргі уақытта Сутера мырза TAQA Energy India (Абу-Даби Ұлттық энергетикалық компаниясының еншілес компаниясы) энергетикалық компаниясы Директорлар кеңесінің мүшесі. Бұрын Сутера мырза энергетика секторындағы бірнеше жетекші энергетикалық компанияларының директорлар кеңесінің мүшесі болған.
- Лука Сутераның халықаралық бухгалтерлік біліктілікке (CPA UK) ие.
- Лука Сутера (Dir. IOD) Британ директорлар институтының директорлар кеңесінің мүшелеріне арналған халықаралық дипломын алған.
- Лука Сутераның энергетика секторында 17 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар.

Бірінші сайланған уақыты: «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының 08.05.2012ж. шешімімен (№21/12 хаттама) Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі болып сайланды.

Өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.

Қызмет тізімі:

- 1962 жылы Одесса инженерлік-құрылыс институтын құрылысшы инженер мамандығы бойынша бітірген.
- 1972 жылы – Қоғамдық ғылымдар академиясының аспиранты.
- 2009 жылы Вашингтон университетінде арнайы курстан өтті (АҚШ).
- Қазіргі кезде РФ Президентінің жанындағы Ресей мемлекеттік қызмет және халық шаруашылығы академиясының қоғамдық сектордың экономика және қаржы профессоры, Еуразия Экономикалық Бірлестігі Интеграциялық мәселелерді стратегиялық зерттеу институтының директоры.



**Руперт
Эндрю
Вудворд
Гудман**

FIRST төрағасы және негізін қалаушысы, тәуелсіз директор.

Бірінші сайланған уақыты: «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 21.10.2013ж. шешімімен (№61/13 хаттама) «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар Кеңесінің тәуелсіз мүшесі болып сайланды

Өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.

Қызмет тізімі:

- Итон колледжі, Виндзор
- Тринити колледжі, Кембридж (2:1 Бакалавр (үздік), Магистр)
- Қазақстан-Британ Қоғамының Комитет мүшесі және Қамқоршысы;
- Британ-Алжир Іскерлік ынтымақтастығының вице-президенті;
- Responsible Capitalism Initiative құрылтайшысы, өкілі;
- 2009 жылдан – AtlanticInternational халықаралық консультативтік кеңесінің мүшесі, ArtesMundi Даму кеңесінің мүшесі (қазіргі өнердегі жетістіктері үшін марапат);
- 2011 жылдан – Фауна және флора жөніндегі халықаралық қоғамдастықтың вице-президенті (экологиялық қайырымдылық);
- Король географиялық қоғамының мүшесі; Корольдің Өнерді, өндірушілерді және сауданы ілгері жылжыту жөніндегі қоғамның мүшесі;
- 2010 және 2013 жылдары Корольдің кәсіпкерлік жөніндегі наградасымен марапатталды.

27.02.2015 өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды

Директорлар кеңесінің құрамына іріктеу критерийлері

Қазіргі кезде Қоғамда «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерін іріктеу және оларға сыйақы беру қағидасы бекітілді. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының корпоративтік басқару жүйесін жақсартуға бағытталған тұрақты жұмысы озық тәжірибеге сәйкес ішкі нормативтік-құқықтық базаны жылдын-жылға жақсарту үшін ғана емес, сонымен қатар Қоғамның бизнес-үдерістерінің тиімділігін арттыру үшін де алғы-шарттар жасайды.

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамына мыналар кірді:

- Экономика, қаржы және аудит саласының сарапшысы – Global Power & Water Division тобының

вице-президенті және қаржы директоры, ABU DHABI NATIONAL ENERGY COMPANY лидерлер командасының мүшесі Лука Сутера;

- Стратегия және электр энергетикасы саласының сарапшысы – Алматы энергетика және байланыс университетінің ректоры Дәукеев Ғұмарбек Жүсіпбекұлы;
- Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласының сарапшысы – Адам ресурстарын басқару департаментін және қайырымдылық пен демеушілікке байланысты аспектілерді тікелей қадағалайтын Басқарма төрағасы Алмасадам Майданұлы Сәтқалиев.

Директорлар кеңесі мүшелерінің тәуелсіздік критерийлері

Корпоративтік басқарудың әлемдік озық тәжірибесіне сәйкес Жалғыз акционерден және директорлар компаниясының басшылығынан тәуелсіз қоғам мүдделеріне барынша сәйкес келетін объективті шешімдерді қабылдау кепілі болып табылатын мүшелердің болуы қажет, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға сәйкес тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесінің үштен бір бөлігінен кем болмауы тиіс.

Тәуелсіздік критерийлері Қазақстан Республикасының заңнамаларында, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережесінде және Жарғысында белгіленген, соларға сәйкес:

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі тәуелсіз директор болып табылады, ол:

1. Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы бес жыл бойында Қоғам қызметкері немесе Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайды;
2. Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы бес жыл бойында Қоғам қызметкерлерімен жақын туыстығы (ата-анасы, ағасы, қарындасы, ұлы, қызы), некеге тұруы, сондай-ақ жекжаттығы (әйелінің ата-анасы, ағасы, сіңілісі, ұлы, қызы) болмаған;
3. Қоғамнан қаржыландыру алып тұратын коммерциялық емес ұйымның немесе Қоғамның үлестес тұлғаларынан үлестес тұлғасы болып табылмайды;
4. Қоғамға және Қоғамның үлестес тұлғаларына ақылы негіздегі ешқандай қызмет көрсетпейді;
5. Қоғамның қызметкері Директорлар кеңесінің мүшесі болып келетін заңды тұлғаның лауазымды

тұлғасы болып табылмайды;

6. Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы бес жыл бойында Қоғамның үлестес тұлғасы немесе Қоғамның аудитін өткізетін немесе өткізген ұйымның қызметкері не аталған ұйымның үлестес тұлғаларының қызметкері болып табылмайды;
7. Қоғам қабылдайтын шешімдерді белгілеуге немесе сол шешімдерді белгілеуге мүмкіндігі бар тұлға өкілі, жақын туысы, мұрагері, құқықтық мирасқоры болып табылмайды;
8. Қоғам акционерінің үлестес тұлғасы болып табылмайды;
9. Шетел мемлекетінің заң шығарушы, атқару, әкімшілік немесе сот органында қандай да бір лауазымды орынға тағайындалатын немесе сайланатын тұлға, сондай-ақ шетел мемлекеті үшін қандай да бір жария функцияны атқарушы болып табылмайды;
10. 7 жылдан көп мерзімге Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды;
11. Акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен басқа да критерийлерге сәйкес келеді.

Қоғамның тәуелсіз директорлары есептік кезеңде тәуелсіздік критерийлеріне толығымен сәйкес келді.


Директорлар Кеңесінің отырысы

Директорлар Кеңесі отырыстарының саны			
	2012	2013	2014
Отырыстар қорытындысы, қоса алғанда	13	13	11
Тікелей	8	11	9
Сырттай	5	2	2

2014 жылы Қоғамның Директорлар кеңесі 11 отырыс өткізді, оның ішінде 9-ы тікелей, 2-еуі сырттай. Отырыстар аясында 165 мәселе қаралды.

Атап айтқанда, мынадай мәселелер қаралды:

1. Қоғамның 2015-2019 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы;
2. «Алматы қаласындағы 6-10 кВ электр желілерін қайта құру» жобасының іске асырылуын мақұлдау туралы.
3. Қоғамның шоғырландырылған Тіркелімін, Тәуекелдер картасын және Негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы;
4. Қоғамдағы болжанатын бұзушылықтар туралы хабарлау саясатын бекіту туралы;
5. «Алматы 2-ЖЭО-ны қайта құру және кеңейту. III кезек. «Алматы электр станциялары» АҚ. № 8 станцияның қазандық агрегаты» жобасын қаржыландыру құрылымының өзгеруі.



6. Қоғамның 2012-2022 жылдарға арналған ұзақ мерзімді Даму стратегиясына және Қоғамның 2012-2022 жылдарға арналған ұзақ мерзімді Даму стратегиясын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына өзгерістер мен толықтырлар енгізу туралы.
7. Қоғамның компаниялар тобында операциялық холдингке көшулің стратегиялық мақсаттары контексіндегі корпоративтік басқару жүйесі туралы.
8. Қоғамның корпоративтік контрагенттері бойынша кредит тәуекелін басқару қағидасын бекіту туралы.
9. Қоғамның басшы және басқарушы қызметкерлерінің қызметін бағалау және сыйақы беру қағидасын бекіту туралы
10. Қоғамның Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру

Директорлар кеңесінің құрамындағы Жалғыз акционердің өкілдері мен Басқарма төрағасы сыйақы алмайды.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі міндетін орындағаны үшін тәуелсіз директорлар жылдық тіркелген сыйақы алады, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі комитетінің әрбір тікелей отырыстарына комитет мүшесі ретінде қатысқаны үшін қосымша сыйақы алады.

Тәуелсіз директордың ауырып қалуына, еңбек демалысында, іссапарда болуына байланысты тікелей отырыстарға қатыспаған жағдайларын есептемегенде, Қоғамның Директорлар кеңесінің есептік кезеңдегі өткізілген тікелей және сырттай отырыстардың жартысынан азына қатысқан жағдайда сыйақы төленбейді.

Тәуелсіз директордың тұрғылықты жерінен тыс жерлерде өтетін Қоғамның Директорлар кеңесі және Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттері отырыстарына баруымен байланысты (жол жүру, қонақүйде тұру, тәуліктік) шығындары өтеледі

САЛЫҚТАРДЫ ҚОСА ЕСЕПТЕГЕНДЕ, ЖЫЛДЫҚ ТІРКЕЛГЕН СЫЙАҚЫНЫ ЖӘНЕ КОМИТЕТТЕРДІҢ ТІКЕЛЕЙ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСҚАНЫ ҮШІН СЫЙАҚЫНЫ ЕСЕПТЕУ, ТЕҢГЕМЕН

	Жылдық сыйақы	Тікелей отырыстар үшін сыйақы	Барлығы
Дәукеев Ғұмарбек Жүсіпбекұлы	2 838 177	4 400 000	7 238 177
Сутера Лука	7 316 959	4 546 836	11 836 759
Спицын Анатолий Тихонович	7 316 959	6 847 484	14 164 443

Директорлар кеңесі төрағасының және Басқарма төрағасының лауазымдарын қоса атқару

Жарғыға және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес мүдделер тартысын болдырмау және өкілеттіктерді шектеу мақсатында Директорлар кеңесі төрағасы мен Басқарма төрағасының лауазымдары қоса атқарылмайды.

2014 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Бектеміров Қуаныш Әбдіғалиұлы, Басқарма төрағасы – Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы болды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Директорлар кеңесінің қызметіне қолдау көрсету мақсатында Қоғамда міндеттеріне мәселелерді талқылау және өзінің функционалдық міндеттері аясында белгілі бір мәселелер бойынша ұсыным әзірлеу жататын мынадай комитеттер құрылды:

- Аудит комитеті.
- Тағайындаулар және сыйақы комитеті;
- Стратегиялық жоспарлау комитеті.

Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттер туралы ережелерге сәйкес, әрбір комитет Директорлар кеңесіне жыл сайын атқарылған жұмыс туралы есеп береді.

КОМИТЕТТЕР БОЙЫНША ОТЫРЫСТАРДА ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР САНЫ

	2014	2013	2012
Аудит комитеті	47	31	38
Тағайындаулар және сыйақы комитеті	32	28	29
Стратегиялық жоспарлау комитеті	15	8	10

Аудит комитеті

Аудит комитеті Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органы болып табылады, ол ішкі және сыртқы аудит мәселелері, ішкі бақылау жүйесі, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесі мәселелері бойынша ұсынымдарды дайындау және оларға талдау жасау үшін құрылған.

Директорлар кеңесінің Аудит комитеті мына құрамда құрылған:

- Лука Сутера – тәуелсіз директор, Аудит комитетінің төрағасы;
- Спицын Анатолий Тихонович – тәуелсіз директор, Аудит комитетінің, Тағайындаулар және сыйақы комитетінің мүшесі;
- Дәукеев Ғұмарбек Жүсіпбекұлы – тәуелсіз директор, Аудит комитетінің мүшесі.

АУДИТ КОМИТЕТІ ОТЫРЫСТАРЫНЫҢ САНЫ			
	2014	2013	2012
Отырыстар саны	10	10	10
Тікелей	10	10	8
Сырттай	0	0	2
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%

Аудит комитетінің отырысында қарастырылған негізгі мәселелер:

1. «Самұрық-Энерго» АҚ Ішкі аудит қызметінің жаңа редакциядағы 2013 жылға арналған жылдық аудит-торлық жоспарын алдын ала мақұлдау;
2. Ішкі аудит қызметінің қызметінің негізгі көрсеткіштерінің тізбесін мақұлдау;
3. «Самұрық-Энерго» АҚ Ішкі аудит қызметінің есебі және оның тоқсандар, сондай-ақ 2014 жылғы қызметінің тиімділігін бағалау. «Самұрық-Энерго» АҚ Ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне тоқсандар, сондай-ақ 2014 жыл қорытындысы бойынша сыйлықақы беру;
4. «Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік басқару, тәуекелдерді және ішкі бақылауды басқару жүйелерінің тиімділігін бағалау;
5. 2015 жылға «Самұрық-Энерго» АҚ сыртқы аудиторын ұсыну туралы;
6. «Самұрық-Энерго» АҚ шоғырландырылған Тіркелім және Тәуекелдер картасын алдын ала мақұлдау туралы;
7. «Самұрық-Энерго» АҚ Негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды алдын ала мақұлдау туралы;
8. «Самұрық-Энерго» АҚ Ішкі аудит қызметін орталықтандыру туралы;
9. ІАҚ қызметкерлерін тағайындау және олардың өкілеттіктерін тоқтату туралы.

Тағайындаулар және сыйақы комитеті

Тағайындаулар және сыйақы комитеті Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органы болып табылады және Директорлар кеңесінің мүшелерін тағайындау, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқарма мүшелерінің және корпоративтік хатшының еңбегіне ақы төлеу және оларға сыйақы беру мөлшері мен шарттарын белгілеу, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Басқарма мүшелеріне және корпоративтік хатшыға біліктілік талаптары бойынша ұсынымдар беру үшін құрылған.

Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақы комитеті мына құрамда құрылған:

ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ КОМИТЕТІ ОТЫРЫСТАРЫНЫҢ САНЫ			
	2014	2013	2012
Отырыстар саны	9	10	6
Тікелей	9	10	6
Сырттай	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%

Тағайындаулар және сыйақы комитетінің отырысында қарастырылған негізгі мәселелер:

1. «Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасының сандық құрамын белгілеу, «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшесін сайлау, оның лауазымдық жалақысы мен өкілеттік мерзімін белгілеу туралы;
2. «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесіне «Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік хатшы мен Ішкі аудит қызметі жетекшісінің, басшы және басқарушы қызметкерлерінің қызметін бағалау және сыйақы беру ережесін келісу мәселесі бойынша ұсыныс жасау туралы;
3. «Самұрық-Энерго» АҚ бақарушы қызметкерлерінің 2015-2017 жылдарға ұзақ мерзімді ынталандырушы ҚНҚ-ні қарау туралы.

Стратегиялық жоспарлау комитеті

Стратегиялық жоспарлау комитеті Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органы болып табылады және Қоғам қызметінің стратегиялық мәселелері бойынша ұсыныстарды жасау үшін құрылған.

Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитеті мына құрамда құрылған:

- Спицын Анатолий Тихонович – тәуелсіз директор, Стратегиялық жоспарлау комитетінің төрағасы, Тағайындаулар және сыйақы комитетінің мүшесі;
- Дәукеев Ғұмарбек Жүсіпбекұлы – тәуелсіз директор, Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі, Тағайындаулар және сыйақы комитетінің төрағасы.
- Лука Сутера – тәуелсіз директор, Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ КОМИТЕТІНІҢ ОТЫРЫСТАР САНЫ			
	2014	2013	2012
Отырыстар саны	8	6	2
Тікелей	8	6	2
Сырттай	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%

Стратегиялық жоспарлау комитетінің отырысында қарастырылған негізгі мәселелер:

1. 2012-2022 жылдарға арналған «Самұрық-Энерго» АҚ ұзақ мерзімді Даму стратегиясын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына және 2012-2022 жылдарға арналған ұзақ мерзімді Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселені қарау.
2. 2013 жылға арналған «Самұрық-Энерго» АҚ Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есепті қарау;
3. «Самұрық-Энерго» АҚ Жалғыз акционерінің 2014 жылға арналған үміті бойынша іс-шаралар жоспарын қарастыру.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Қызметтің мақсаты, сандық құрамы, функциялары

Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне және Атқарушы органға Қоғам мен оның ЕТҰларының стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуіне қатысты міндеттерін орындауына қажетті көмек жасайды.

Ішкі аудит қызметінің негізгі мақсаты – Директорлар кеңесіне Қоғамдағы және ЕТҰ-дағы тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру.

Ішкі аудит қызметінің жетекшісі мен қызметкерлерін Директорлар кеңесі тағайындайды. Ішкі аудит қызметін Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит комитеті жетекшілік қадағалайды.

2014 жылы Ішкі аудит қызметінің нақты саны 7 адамнан тұрады. Қызмет жетекшісі - Сейдіғалиева Ақмарал Кәкімқызы.

Ішкі аудит қызметі өз қызметін ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарының басты қағидаттары негізінде жүзеге асырады.

Ішкі аудит Қызметінің негізгі функциялары мыналар:

- Қоғам мен оның ЕТҰ-ларының, сондай-ақ олардың

ақпараттық жүйелерінің корпоративтік басқару, операциялық қызмет (өндірістік және қаржылық) саласындағы тәуекелдеріне төнетін қауіп-қатерлерді, ішкі бақылаудың адекваттылығы мен тиімділігін бағалау;

- белгіленген тәртіпте Қоғам мен оның ЕТҰ-ларында тиісті этикалық стандарттар мен құндылықтарға сәйкес келетін қабылданған корпоративтік басқару қағидаттарды ендіру мен оларды сақтауды бағалауды қоса алғанда, Қоғам мен оның ЕТҰ-ларында корпоративтік басқару жүйесін бағалау (диагностикалау);

- Қазақстан Республикасы заңнамалары, халықаралық келісімдер, Қоғам мен оның ЕТҰ ішкі құжаттары талаптарының сақталуын, сондай-ақ уәкілетті және қадағалау органдарының нұсқауларын, Қоғам мен оның ЕТҰ органдарының шешімдерінің орындалуын тексеру, сондай-ақ осы талаптарды сақтау мақсатында құрылған жүйелерді бағалау;

- Қоғам мен оның ЕТҰ стратегиялық мақсаттарының аясында олардың алдына қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін Қоғам мен оның ЕТҰ бөлімшелері қолданатын шаралардың адекваттылығын бағалау.

Есептік кезеңдегі жоспарлардың орындалуы

Есеп беру жылында Ішкі аудит қызметі тоғыз ЕТҰ, Қоғамның корпоративтік орталығының алты құрылымдық бөлімшесіне аудит жүргізді, жоспардан тыс жеті тапсырманы орындады.

Сондай-ақ, төрт негізгі ЕТҰ-да корпоративтік басқару диагностикасы өткізілді, үш негізгі ЕТҰ ұйым-

дық құрылымының тиімділігіне аудит жүргізілді, инвестициялық жобалар портфелімен басқару тиімділігіне аудит, бес негізгі ЕТҰ-да тәуекелдер матрицасында көзделген негізгі бизнес-үдерістерді бақылау тиімділігіне тестілеу жүргізілді.

Ішкі аудит қызметінің тексеру нәтижелері бойынша тиісті ұсынымдар берілді.

ІАҚ және оның жетекшісінің қызметін бағалау үдерісі

Ішкі аудит қызметі мен оның жетекшісінің қызметінің тиімділігі Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген және Директорлар кеңесінің Аудит коми-



тетінің шешімімен мақұлданған Әдістемеге сәйкес тоқсан сайын бағаланады.

Қызметті бағалау

Қызметтің 2014 жылдың қорытындысы бойынша жұмысын Қоғамның Директорлар кеңесі «Тиімді» деп бағалады.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасының 2013 жылғы 16 сәуірдегі шешімімен бекітілген, № 4 хаттама (2014 жылғы 19 маусымдағы өзгерістермен қоса, №8 хаттама)



* «Самұрық-Энерго» АҚ ұйымдық құрылымына өзгерістер 08.07.2014 ж. бастап қолданысқа енді

БАСҚАРМА

Қоғамның ағымдағы қызметіне алқалы орган – Басқарма басшылық жасайды, оны Басқарма төрағасы басқарады. Басқарманың қызметі акционерлердің мүдделерін барынша сақтауға, сондай-ақ Қоғамның міндеттерін орындауға және оның стратегияларын іске асыруға бағытталған.

Қоғам Басқармасының жұмысын ұйымдастыруды, оның отырыстарын шақыру мен өткізу тәртібін, шешім қабылдау тәртібін 2012 жылы 7 қыркүйекте Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Қоғам Басқармасы туралы ережеде белгіленген (жаңа редакция).

Басқарма қызметінің негізгі қағидаттары: адалдық, тазалық, ақылдылық, сақтық, жүйелілік болып табылады.

Басқарма қызметі акционер мүдделерін сақтау негізінде құрылады және Директорлар кеңесі мен акционерге толық есеп беруге міндетті.

Басқарма жүйелі түрде өтетін отырыстарын тікелей дауыс беру түрінде өткізеді.

Қоғамда басшы және басқарушы лауазымдарға үміткерлерді тиімді іріктеу, оларды орналастыру мен бекіту, кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында Қоғам қызметкерлерінің жоғарыда аталған санаттары мен Басқарма мүшелігіне үміткерлерге қойылатын біліктілік критерийлері мен талаптарының тізбесі белгіленді.

Біліктілік критерийлерінің қатарына кәсіби білімінің деңгейіне, мамандығы бойынша жұмыс (тәжірибе) өтіліне, басшы лауазымындағы жұмыс тәжірибесіне, нақты лауазымдық міндеттерін атқару үшін қажетті кәсіби білімдері мен дағдыларына, Қоғамның өндірістік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметін регламенттейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерді білуіне, сондай-ақ Қоғамның техникалық, экономикалық және әлеуметтік даму перспективаларын, стратегияларын, басымдықтарын білуіне қойылатын талаптар кіреді.

Қоғам Басқармасының сандық құрамы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 1 қаңтардағы шешімімен тоғыз адам болып тағайындалған:

Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы	Басқарма төрағасы
Оспанов Серік Кеңесбекұлы	Басқарма төрағасының бірінші орынбасары
Ли Валерий Константинович	Басқарма төрағасының орынбасары
Максұтов Қайрат Берікұлы	Басқарма төрағасының орынбасары
Сәлімжуаров Ғани Ғалиоллаұлы	«Бөлу және өткізу» дивизионының басқарушысы
Платонов Сергей Викторович	«Отын, логистика және сервис» дивизионының басқарушысы
Мақұлбеков Рүстем Нұрланұлы	«СЭС және ҚКЭК» дивизионының басқарушысы
Молдабаев Қаныш Тәңірбергенұлы	Даму жөніндегі басқарушы директор
Әуезова Мира Жақсылыққызы	Заң департаментінің директоры

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басқарма құрамы

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басқарма құрамы мынадай Басқарма мүшелерінен тұрады:

Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы	Басқарма төрағасы
Ли Валерий Константинович	Басқарма төрағасының бірінші орынбасары
Максұтов Қайрат Берікұлы	Басқарма төрағасының орынбасары
Молдабаев Қаныш Тәңірбергенұлы	Басқарма төрағасының орынбасары
Сәлімжуаров Ғани Ғалиоллаұлы	«СЭС және ҚКЭК, Бөлу және Өткізу» дивизионының басқарушысы
Платонов Сергей Викторович	«Отын, логистика және сервис» дивизионының басқарушысы
Түйтебаев Серік Сүйінбекұлы	«Генерация» дивизионының басқарушысы
Шонаева Салтанат Аманғосқызы	Стратегия жөніндегі басқарушы директор
Әуезова Мира Жақсылыққызы	Заң департаментінің директоры

2014 жылы Басқарманың 19 тікелей отырысы өткізілді, 331 мәселе қаралды. Барлық шешімдерді Басқарма мүшелері бірауыздан қабылдады.

Басқарма құрамы




Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы

Қоғамның Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі

Экономика ғылымдарының кандидаты. ТМД-ның еңбек сіңірген энергетигі. 1970 жылы 31 қазанда туған. Азамттығы: Қазақстан Республикасы.

Сәтқалиев Алмасадам Майданұлының қызмет тізімі:

- 1992 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін бітірген, қолданбалы-математик, механик.
- 2009 жылғы желтоқсаннан – «KEGOC» АҚ Басқарма Төрағасы.
- 2011 жылғы мамырдан– «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқарушы директоры.
- 2012 жылғы қаңтардан – Қоғамның Басқарма Төрағасы.



**Ли
Валерий
Константинович**

Қоғамның Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары

1951 жылы 20 тамызда туған.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Ли Валерий Константиновичтің қызмет тізімі:

- 1974 жылы – Мәскеу энергетика институтын бітірді, механик инженер.
- 1993 жылы – Алматы халық шаруашылығы институтын бітірді, экономист.
- 1997-2012 жылдар – Шарттар мен коммерциялық теңгерімдер басқармасының басты коммерциялық диспетчері бөлімінің бастығы, Сату басқармасының бастығы, Коммерциялық департамент директорының орынбасары, Сату департаментінің директоры, басқарушы директор, вице-президент, «KEGOC» АҚ жүйелік қызмет және МТБ жөніндегі басқарушы директор.
- 2012-2013 жылдар – Қоғамның басқарушы директоры, Қоғамның «Генерация» дивизионының басқарушысы.
- 2013 жылдың қазан айынан бастап – Қоғамның Басқарма төрағасының орынбасары, 2014 жылғы сәуірден бастап Басқарма төрағасының бірінші орынбасары.

Өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.



**Мақсұтов
Қайрат
Берікұлы**

Қоғамның Басқарма төрағасының орынбасары

1970 жылы 16 мамырда туған.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Послужной список МаксUTOва Кайрата Бериковича:

- Мақсұтов Қайрат Берікұлының қызмет тізімі:
- 1991 жылы Қазтұтынушылародағы Қарағанды кооперативтік институтын бітірген, ревизор экономист.
- 2009-2012 жылдар – Қоғамның Басқарма төрағасының қаржы және экономика жөніндегі орынбасары.
- 2012-2013 жылдар – Басқарушы директор, Қоғамның корпоративтік басқару жөніндегі басқарушы директоры.
- 2013 жылғы қарашадан қазіргі кезге дейін – Қоғамның Басқарма төрағасының орынбасары.

Өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.



**Молдабаев
Қаныш
Тәңірбергенұлы**

Қоғамның Басқарма төрағасының орынбасары

1963 жылы 23 қазанда туған.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Молдабаев Қаныш Тәңірбергенұлының қызмет тізімі:

- 1987 жылы – Павлодар индустриалдық институтын бітірген, электр инженері.
- 2002 жылы – Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін экономист-заңгер мамандығы бойынша бітірді.
- 2004 жылы – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясын бітірді, мемлекеттік қызмет менеджері.
- 2009-2011 жылдар – ҰЭЖ департамент директоры, «KEGOC» АҚ
- 2011-2012 жылдар – Индустриалдық активтерді басқару жөніндегі директор, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ
- 2012 жылғы наурыз-қараша – Қоғамның инновациялық-технологиялық саясаты мен даму департаментінің директоры
- 2012 жылғы қарашадан – Қоғамның даму жөніндегі басқарушы директоры.
- 2014 жылғы сәуірден – Қоғамның Басқармасы төрағасының орынбасары

Өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.



**Сәлімжуаров
Ғани
Ғалиоллаұлы**

«Бөлу және өткізу, СЭС және ҚКЭК» дивизионының басқарушысы

1954 жылы 20 наурызда туған.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Сәлімжуаров Ғани Ғалиоллаұлының қызмет тізімі:

- 1982 жылы – Павлодар индустриалдық институтын бітірген, мамандығы – «Электр желілері және жүйелері».
- 2009-2011 жылдар – «АЖК» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс және даму жөніндегі орынбасары.
- 2011-2012 жылдар – «Екібастұз 2-ГРЭС» АҚ Басқарма төрағасы.
- 2012 жылғы ақпан - қараша – Қоғамның басқарушы директоры.
- 2012 жылғы қарашадан қазіргі уақытқа дейін – Қоғамның «Бөлу және өткізу» дивизионының басқарушысы.
- 2014 жылғы шілдеден бастап – «Бөлу және тарату, СЭС және ЖЭК» дивизионының басқарушысы.

Өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.



**Платонов
Сергей
Викторович**

«Отын, логистика және сервис» дивизионының басқарушысы

1955 жылы 28 шілдеде туған.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Платонов Сергей Викторовичтің қызмет тізімі

- 2008-2011 жылдар – «Goal Trade Company» ЖШС, Жер қойнауын пайдалану комитетінің төрағасы.
- 2011-2012 жылдар – Қоғамның Отын және логистика департаментінің директоры.
- 2012 ж. қарашадан қазіргі уақытқа дейін – «Отын, логистика және сервис» дивизионының басқарушысы.

Өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.



**Түйтебаев
Серік
Сүйінбекұлы**

«Генерация» дивизионының басқарушысы

1958 жылдың 27 мамырында туған.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Түйтебаев Серік Сүйінбекұлының қызмет тізімі:

- 1981 жылы – Алматы энергетика институтын бітірген, жылу энергетикасы инженері.
- 2000 жылы – Алматы энергетика институтын ЖЭК кәсіпорындарындағы экономика мен менеджмент мамандығы бойынша бітірді.
- 2010-2011 жылдары – «Алматы электр станциялары» АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары.
- 2011-2013 жылдары – Алматы қаласы Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының бастығы.
- 2013-2014 жылдары – «Солтүстік Қазақстан Энерго» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары.
- 2014 жылғы қаңтардан – «Генерация» дивизионының басқарушысы.

Өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.



**Шонаева
Салтанат
Аманғосқызы**

Стратегия жөніндегі басқарушы директор.

1974 жылы 22 шілдеде туған.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Шонаева Салтанат Аманғосқызының қызметтік тізімі:

- 1995 жылы – Қазақ мемлекеттік басқару академиясын бітірген, халықаралық экономист.
- 2008-2010 жылдары – «Kazyna Capital Management» АҚ №2 инвестициялық қор департаментінің инвестиция жөніндегі басқарушысы, Қазынашылық департаментінің директоры, Шетелдік қор департаментінің директоры.
- 2010-2012 жылдары – Қоғамның инвестициялар жөніндегі басқарушы директоры, Жобаларын басқару департаментінің директоры
- 2012 жыл қараша – Қоғамның стратегиясы жөніндегі басқарушы директоры.

Өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.



**Әуезова Мира
Жақсылыққызы**

Заң департаментінің директоры

1977 жылы 7 қыркүйекте туған.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Әуезова Мира Жақсылыққызының қызмет тізімі:

- 1998 жылы – Қазақ мемлекеттік заң университетін бітірген.
- 2008-2012 жылдары – «KEGOC» АҚ Заң департаментінің директоры.
- 2012 жылғы ақпаннан қазіргі уақытқа дейін – Заң департаментінің директоры.

Өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.

ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ ОТЫРЫСТАРЫНЫҢ САНЫ

	2014	2013	2012
Отырыстар саны	19	12	21
Тікелей отырыстардың үлесі	100%	100%	100%
Қарастырылған мәселелер саны	331	234	139

Басқарма мүшелерін іріктеу критерийлері

Басқарманың сандық құрамын, басқару өкілеттігінің мерзімін анықтау, басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ басқарма төрағасын тағайындау акционермен келісілген жағдайда басқарма төрағасын тағайындау Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

Басқарма құрамындағы лауазымдарға үміткерлердің өздеріне жүкетлген міндеттерді тиісті атқару үшін қажетті тәжірибесі, білімі және біліктілігі болуы қажет, жағымды беделі болуы тиіс және директорлардың басым бөлігінің мақұлдауын алуы қажет.

Басқарма құрамына сайлау және қызметке тағайындау кезінде Директорлар кеңесі Қоғамның осы лауазымға үміткерлер мен оларды сайлау рәсімдеріне қойылатын талаптарды белгілейтін ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

Басқарма мүшелерін іріктеу және тағайындау Директорлар кеңесі белгілеген ашық және нақты рәсімдер негізінде жүргізіледі.

Басқарудың тиімділігі

Басқарма мүшелеріне сыйақы берудің жұмыс қорытындыларына байланыстылығы

Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу бекітілген ҚНҚ негізінде іске асырылады. Бекітілген ҚНҚ бағалау нәтижелері бойынша, Басқарманың әр мүшесі үшін коэффициент және күнтізбелік жыл қорытындысы бойынша

жоспарланған сома есепке алынған сыйақы мөлшері анықталады. Сыйақы төлеудің қосымша талабы – есепті мерзім ішінде шоғырланған пайданың болуы болып табылады.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚНҚ ОРЫНДАЛУЫ

№	ҚНҚ атауы	Бірлік атауы	2014		орынд. %
			Жоспар	Нақты	
Өндірістік көрсеткіштер					
1	Белгіленген қуатты қолдану коэффициенті (БҚҚК)	%	38	40	100%
2	Электр энергиясын өндірудегі еңбек өнімділігі	мың кВтс / адам	3 485	3 740	107%
Қаржылық көрсеткіштер					
3	EVA	млн теңге	-69 167	-60 662	114%
4	Құнның өсімі	%	-	-	-
5	Дивидендтің кеңеюі	млн тенге	14 558	14 220	98%
6	Қарыз/Капитал	коэфф.	1,00	0,65	65%
7	EBIT/Пайыздық сыйақы бойынша шығыстар	коэфф.	1,59	1,86	117%
Әлеуметтік көрсеткіштер					
8	1000 адамға шаққандағы жарақаттану деңгейі	коэфф.	Не планир.	0,17	-
9	Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі	%	63	69	110%
Корпоративтік басқару көрсеткіштері					
10	Корпоративтік басқару рейтингі	%	72	73,5	102%

Өндірістік ҚНҚ

Электр энергиясын өндіру көлемінің артуына байланысты, электр энергиясын өндіру саласындағы еңбек өнімділігі жоспарлы деңгейден 7%-ға жоғары.

Қаржылық ҚНҚ

EVA көрсеткішінің жақсаруы пайданың артуы мен инвестицияланған капиталдың азаюына орай, ROACE көрсеткішінің 14 % артуымен байланысты.

Пайыздық сыйақы жөніндегі EBIT/шығыстар көрсеткішінің жақсаруы несиені жартылай капиталдандыру есебінен, пайыздық сыйақы жөніндегі шығындарды 17 % азаюымен байланысты.

Қарыз/Капитал көрсеткішінің жақсаруы ГРЭС-1-дің екінші үлесін сатып алу үшін 100 млрд теңге сомасындағы несиені капиталдандыруға орай қарыздың 30 % төмендеуімен байланысты.

Әлеуметтік ҚНҚ

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниясындағы топтың өндірістік персоналының әлеуметтік тұрақтылық рейтингісі 2014 жылы жағымды динамикамен сипатталып, 63%-дан 69%-ға дейін ұлғайды. Қоғамның бірқатар еншілес компанияларында мысалы, «Шардара ГЭС» АҚ (64 % дан 81 % дейін), «Т.И. Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ (62%-дан 81%-ға дейін), «Шығысэнерготрейд» ЖШС (62%-дан 78%-ға дейін), әлеуметтік тұрақтылық

индексінің едәуір көтерілгендігі байқалса, аталған көрсеткіш «Ақтөбе ЖЭО» АҚ-да ғана – 69%-дан 64%-ға дейін төмендеген, бірақ, сонда да болса индекс бәрібір «ортандан жоғары» деңгейде тұр. Сонымен қатар, 2013 жылы тек бір компания ғана «жоғары» деңгейде болса, 2014 жылы тұрақтылықтың жоғары деңгейіне 3 еншілес компания қол жеткізді.

Корпоративтік басқару ҚНҚ

Корпоративтік басқару рейтингі 2014 жылы сәл көтеріліп, жоспардан 2%-ға артты.

Директорлар кеңесінің Қоғамға қатысты пікірінің Басқармада ескерілуі жөніндегі шаралар

Директорлар кеңесі, өзінің Қоғамды басқару жөніндегі функциясын іске асыра отырып, Қоғамның стратегиялық мақсаттарын, дамуының басым бағыттарын анықтап, Қоғам қызметінің негізгі жолдарын белгілейді.

Директорлар кеңесінің бір мүшесі консультативтік-кеңестік органның мүшесі болғандықтан, Қоғамның инвестициялық-инновациялық қызметі мәселелерін қарастыру барысында да Директорлар кеңесі мүшелерінің пікірі ескеріледі.

Басқарма, өз кезегінде Директорлар кеңесінің барлық шешімдері мен тапсырмаларын орындайды.

ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ КОМИТЕТТЕРІ

- Қазіргі кезде Қоғам Басқармасының жанында мынадай консультативтік-кеңестік органдар құрылып, жұмыс істеуде:

 - Тәуекелдер және менеджмент жүйесі комитеті.
 - Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті.
 - Кредит комитеті.
- Стратегиялық жоспарлау комитеті.
 - Инвестициялық-инновациялық кеңес.

Барлық комитеттер Қоғам Басқармасына бағынады және осы органдар туралы ережелерге сәйкес Басқарма берген құзыреттілік шеңберінде әрекет етеді.

Тәуекелдер және менеджмент жүйесі комитеті

Құрылу мақсаты – тәуекелдерді және менеджмент жүйесін басқару саласында шешім қабылдауда Басқармаға көмек көрсету.

Реттеуші құжаты – Қоғам Басқармасының 2013 жылғы 2 сәуірдегі шешімімен бекітілген Тәуекелдер және менеджмент жүйесі комитеті туралы ереже.

Комитет төрағасы – Қоғамның Басқарма төрағасы.

Басқарма төрағасы – Корпоративтік басқару жөніндегі басқарушы директор.

Комитеттің құрамы – «Генерация» дивизионының басқарушысы, «СЭС және ҚКЭК» дивизионының басқарушысы, «Отын, логистика және сервис» дивизионының басқарушысы, «Бөлу және өткізу» дивизионының басқарушысы, Қаржы және экономика жөніндегі басқарушы директор, Стратегия жөніндегі басқарушы директор, Аппарат жетекшісі, Өндіріс жөніндегі басқарушы директор, Даму жөніндегі басқарушы директор, Ішкі аудит қызметінің жетекшісі (дауыс беру құқығынсыз).

	Барлығы	Тікелей	Сырттай
Отырыстар саны	6	6	0
Қаралған мәселелер саны		32	
Комитетте қаралған негізгі мәселелер	Тәуекелдерді басқару жөніндегі құрылымдық бөлімше басшысының Қоғамның маңызды тәуекелдеріне сипаттама беріліп, талдау жасалған тоқсан сайынғы есебін алдын ала мақұлдау		
	ТБКЖ жетілдіру жөніндегі шаралар жоспарын, негізгі тәуекелдерді, КІБЖ, КМЖ басқару жөніндегі жыл сайынғы шаралар жоспарын бекіту.		
	ТБЖ, ІБЖК, КМЖ жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарды келісу		
	Тәуекел-тәбетті, тәуекелдер тізілімі мен картасын, Негізгі тәуекелдік көрсеткіштерді, Негізгі тәуекелдерді және Қоғамның толеранттығын басқару жөніндегі жыл сайынғы шаралар жоспарын келісу		
	КМЖ жетілдіру жөніндегі мәселелерді қарастыру		

Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті

Құрылу мақсаты – Қоғам мен оның ЕТҰ қызметінің тиімділігін арттыру, оның ішінде олардың активтері мен шығыстарының құрылымын оңтайландыру.

Реттеуші құжаты – Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 18 сәуірде бекіткен Комитет туралы ережесі.

Комитет төрағасы – Қоғамның Басқарма төрағасының орынбасары.

Төрағаның орынбасары – Қоғамның Басқарма төрағасының орынбасары.

Комитет мүшелері – Басқарма мүшелері, стратегия және инвестиция мәселелерін қадағалайтын басқарушы директорлар; өндіріс, стратегия, экономика және бюджет, қаржы, инвестиция, қазынашылық, кадр және сатып алу мәселелеріне жауапты департаменттердің директорлары.

	Барлығы	Тікелей	Сырттай
Отырыстар саны	30	16	14
Қаралған мәселелер саны		30	
Комитетте қаралған негізгі мәселелер	Қоғам ЕТҰ-ларын дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған түзетулер енгізілген жоспарын қарастыру.		
	Қоғамның ЕТҰ-ларын дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған жоспарын қарастыру.		
	Қоғамның корпоративтік орталығын дамытудың 2014 жылға арналған жоспарын түзетуді келісу.		

Кредит комитеті

Кредит комитетінің мақсаты: осы Ережеде көзделген несиелер (заемдар), қаржылай көмек пен кепілдіктер берумен, активтер мен пассивтерді басқарумен, «Самұрық-Энерго» АҚ табыстылығын арттырумен, ақша қаражатын тарту және орналастыруға қатысты тәуекелдерді мейлінше азайтумен байланысты мәселелер бойынша уақытылы әрі сапалы шешім қабылдауды қамтамасыз ету.

Кредит комитеті төрағасының орынбасары – Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор

Кредит комитетінің құрамы:

- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның корпоративтік қаржы, қаржылық-салықтық есеп, экономикалық жоспарлау және тариф белгілеу мәселелеріне,

- қазынашылық операцияларға, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылауға, «Самұрық-Энерго» АҚ инвестицияларына жауапты құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері.

Кредит комитетінің құрамына «Самұрық-Энерго» АҚ-ның басқа қызметкерлері де қосымша кіруі мүмкін.

Комитетте қаралған негізгі мәселелер:

- Қоғамның уақытша бос ақшасын (УБА) орналастыру туралы инвестициялық шешімді алдын ала мақұлдау туралы
- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2014 ж. контрагент банктерге қатысты баланстық және баланстан тыс міндеттемелері бойынша шоғырландырылған шектелімдерін алдын ала бекіту туралы.

Стратегиялық жоспарлау комитеті

Құрылу мақсаты – Қоғамның Директорлар кеңесіне қызметтің (дамудың) басым бағыттары жөніндегі мәселелер бойынша ұсыныс дайындау, Қоғамның стратегиялық мақсаттарын (даму стратегиясы), оның ішінде Қоғам мен ЕТҰ қызметінің ұзақ мерзімдік перспективадағы тиімділігін арттыруға ықпал ететін шараларды әзірлеу.

Реттеуші құжаты – 2013 жылғы 2 сәуірде бекітілген Стратегиялық жоспарлау комитеті туралы ереже.

Төраға – Басқарма төрағасының бірінші орынбасары.

Төрағаның орынбасары – Стратегия жөніндегі басқарушы директор.

Комитет құрамы: Корпоративтік басқару жөніндегі басқарушы директор, Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор, Өндіріс жөніндегі басқарушы директор, Даму жөніндегі басқарушы директор, «Генерация» дивизионының басқарушысы, «СЭС және ҚКЭК» дивизионының басқарушысы, «Отын, логистика және сервис» дивизионының басқарушысы, «Бөлу және өткізу» дивизионының басқарушысы, Стратегиялық даму департаментінің директоры, Жобаларды басқару департаментінің директоры.

Инвестициялық-инновациялық кеңес

Құрылу мақсаты – инвестициялық және инновациялық қызметтің тиімділігін арттыру, сондай-ақ Қоғам мен ЕТҰ-да жергілікті қамтуды арттыру.

Реттеуші құжаты – Кеңес туралы ережені Қоғам Басқармасы 2011 жылғы 10 қазанда бекітті.

Төраға – Қоғамның Басқарма төрағасы.

Төрағаның орынбасары – Қоғамның Басқарма төрағасының кеңесшісі.

Кеңес мүшелері: Басқарма мүшелері, өндіріс, активтер мен жобаларды басқару, қаржы және экономика мәселелерін қадағалайтын бас директорлар, Қоғамның ЕТҰ өкілдері, Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері және тәуелсіз мүшелер.

	Барлығы	Тікелей	Сырттай
Отырыстар саны	11	8	3
Қаралған мәселелер саны		34	
Кеңесте қаралған негізгі мәселелер	«Шелек дәлізінде перспективада 300 МВт-ға дейін кеңейте отырып, қуаты 60 МВт жел электр станциясын салу» жобасының инвестициялық кезеңін жүзеге асыруды мақұлдау.		
	«АлЭС» АҚ Алматы 2-ЖЭО-ны қайта жаңғырту және кеңейту. III кезең. № 1-7 ст. қазандық агрегатын қайта жаңғырту» жобасын мақұлдау.		
	«Станцияны келешекте кеңейте отырып, Екібастұз ГРЭС-2-де 4-энергия блогын салу» жобасының инвестиция алды кезеңін мақұлдау.		
	«Самұрық-Энерго» компаниялар тобындағы энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарлама-сын мақұлдау.		
	«АлЭС» АҚ Алматы 2-ЖЭО жылу шығару жүйесін қайта жаңғыртуды мақұлдау.		
	«АлЭС» АҚ Алматы 3-ЖЭО қайта жаңғырту және жаңарту» жобасының инвестицияалды кезеңін жүзеге асыру.		
	Қоғамның корпоративтік орталығының 2014 жылға арналған даму жоспарының түзетулерін келісу		

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ҮДЕРІСТЕРІН САҚТАУ

Қоғамның Корпоративтік басқару кодексі Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілген (2007 жылғы 12 қарашадағы № 165-Ө бұйрығына қосымша).

Корпоративтік басқару кодексінің негізгі қағидаттары:

- акционердің құқығы мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- Директорлар кеңесінің Қоғамды тиімді басқару қағидаты;
- Басқарманың Қоғамды тиімді басқару қағидаты;
- Қоғамның өз бетімен әрекет ету қағидаты;
- Қоғам жұмысы туралы ақпараттың ашықтығы мен объективтілігі қағидаты;

- заңдылық пен этика қағидаты;
- тиімді дивидендтік саясат қағидаты;
- тиімді кадр саясаты қағидаты;
- қоршаған ортаны қорғау қағидаты;
- корпоративтік жанжалдар мен мүдделер жанжалдарын реттеу саясаты;
- жауапкершілік қағидаты.

Корпоративтік басқару қағидаттарының сақталуы туралы есеп «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Интернет-сайтында жарияланған. www.samruk-energy.kz.

Акционерлердің немесе ұйым қызметкерлерінің жоғары басқарушы органның жұмысына бағыт-бағдар сілтеп немесе оған кеңес беруіне мүмкіндік жасайтын тетіктер

Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің өзара іс-қимылы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ өкілдерінің «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялардың тобындағы Директорлар кеңесі мен қадағалау кеңестеріндегі жұмысын қамтамасыз ету тәртібімен» («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2010 жылғы 3 қыркүйектегі шешімімен бекітілген, № 53/10 хаттама) реттеледі.

Қоғамда қызметкерлердің Директорлар кеңесіне ақыл-кеңес беруіне мүмкіндік беретін арнайы тетіктер жоқ. Солай бола тұрса да, басқару жүйесінде қызметкерлердің пікірі мен алаңдаушылықтарын Директорлар кеңесіне жеткізуге шектеу қойылмаған.

Сақтық қағидаты

Қоғам БҰҰ-ның 1992 жылғы 3-4 маусымда Рио-де-Жанейрода өткен конференциясында қабылданған Декларацияда жазылған 15-ші алдын алу қағидатын ұстанады.

Қоршаған ортаны одан әрі қорғау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі «Жылу электр станцияларының қазандық қондырғыларында әртүрлі отын түрлерін жағу барысындағы қоршаған ортаға эмиссияға қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы 2007 жылғы 14 желтоқсанда № 1232 шешім шығарып, ол 2013 жылдың бірінші қаңтарынан бастап күшіне енді.

Хартиялар мен бастамаларға қатысу

Климаттың өзгеруі, қоршаған ортаның ластануы, кедейшілік сияқты және басқа да көптеген қазіргі заманғы көкейкесті мәселелер – бүкіл әлемдегі барлық елдер мен онда тұратын халыққа ортақ проблемалар.

Қоғам Қазақстан Республикасындағы ірі компаниялардың бірі ретінде осы мәселелердің өзіне тән бөлігін шешу жауапкершілігін өз мойнына алады.

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидатта-

«Самұрық-Энерго» Компаниялар тобы өз іс-әрекеті барысында қоршаған ортаға белгілі бір зиян келтіретінін түсіне отырып, қоршаған ортаға эмиссияны қысқартуға ықпал ететін шараларды жүзеге асырады. Техникалық регламенттің талаптарына сәйкес келу мақсатында «Самұрық-Энерго» компаниялар тобы атмосфераға шығарылатын зиянды шығарындыларды қысқарту үшін қоршаған ортаны ластауды анағұрлым азайтуға жағдай жасайтын түтін аулағыш сүзгілерді жарыса қоя бастады.

рына адалдығын көрсету үшін, Қоғам 2011 жылдың 5 қазанында БҰҰ Жаһандық шартына қосылып, бүгінгі күні БҰҰ Жаһандық шартының Он қағидатына қолдау көрсетуде.

2012 жылдан бастап Қоғам БҰҰ Жаһандық шартын мүлтіксіз қолдау туралы мәлімдеме ретінде танылатын және қағидаттар мен олардың нәтижелерін жүзеге асыруға бағытталған шараларды сипаттайтын Қол жеткен прогресс туралы хабарламаларды ұсына бастады.

Мүдделерді қорғау жөніндегі қауымдастықтарға және/немесе ұлттық және халықаралық ұйымдарға мүшелік

«Самұрық-Энерго» АҚ мына қауымдастықтардың/ұйымдардың мүшесі болып табылады:

- «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы
- ТМД Электр энергетика кеңесі.
- Қазақстан Электр энергетикасы қауымдастығы.

- Дүниежүзілік энергетикалық кеңес.
- Еуропа жел энергетикасы қауымдастығы/European wind energy association.



Омбудсмен: Жанжалдарды басқару

Мүдделер қайшылығы пайда болуының алдын алу жөніндегі практиканы мәртебесі мен лауазымына қарамастан барлық қызметкерлер мүлтіксіз сақтайды, әрі ол персоналды жұмысқа қабылдаудан бастап сатып алуларға дейінгі Қоғам іс-әрекетінің барлық аспектілерін қамтиды. Іскерлік этика және Корпоративтік басқару кодекстерінің талаптарын қасақана бұзуға бағытталған әрекеттерді Қоғам тәртіп бұзушылық теріс қылық ретінде қарастырып, бұл Қазақстан Республикасы заңдылықтарында белгіленген жауапкершілікке алып келуі мүмкін.

Қызметкерлерді ақпараттандыру мақсатында, Қоғам мүдделер жанжалы саласындағы саясатты реттейтін Іскерлік этика кодексі мен Корпоративтік басқару кодексін әзірледі. Үлгілік шартта қызметкерлердің Іскерлік этика кодексі мен Корпоративтік басқару кодексінің қағидаларын сақтау жөніндегі міндеттері көрсетілген.

Іскерлік этика кодексінің талаптарын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ-да сенім телефоны мен электрондық пошта құрылған, ол туралы ақпаратты «Самұрық-Энерго» АҚ сайтынан және кеңсесінен табуға болады. Қоғамда арыз-шағымдар мен ұсыныстар жәшігі бар.

Кодекс талаптарын түсіндіру және/немесе пайда болған этикалық мәселелер, Кодекс талаптарының бұзылуы дерегі, Қоғамның лауазымды тұлғасы мен қызметкерінің сыбайластық және басқа да заңға қайшы әрекеттері жайлы іскер серіктестер мен мүдделі тұлғалар:

- тікелей басшыға;
- омбудсменге;
- Ішкі аудит қызметіне;
- Корпоративтік хатшы қызметіне (Іскерлік этика қағидаттарының бұзылу фактілерін Қоғамның Директорлар кеңесі қарайды) хабарласа алады.

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен омбудсмен тағайындалған, оның негізгі

функциясы Кодекстің, Қазақстан Республикасы заңнамалары нормаларының және басқа да Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының сақталмауы және/немесе бұзылуы туралы мәліметтерді жинау, Қоғам қызметкерлеріне, лауазымды тұлғаларына Кодекс ережелері бойынша консультация беру, Кодекс ережелерінің бұзылуы жөніндегі таластардың қаралуына бастамашы болу, оларға қатысу болып табылады.

Іскерлік этика кодексі мен Корпоративтік басқару кодексі қағидалары орындалуының үлгісі ретінде Қоғамның Директорлар кеңесінде атқарушы органның сыйақы мөлшерін талқылау практикасын атауға болады, онда өзіне сыйақы және басқа да бонустар мөлшерін анықтау барысына Басқарма төрағасы қатыспайды.

Қызметкерлердің Корпоративтік басқару кодексі қағидаттарын сақтау мониторингіне жауапкершілік Корпоративтік басқару департаментіне жүктелген. 2014 жылдың қорытындысы бойынша, Корпоративтік басқару департаменті Корпоративтік хатшы қызметінің қатысуымен Корпоративтік басқару қағидаттарының сақталуы туралы есепті дайындады, кейіннен ол Қоғамның Интернет-сайтында орналастырылды. Мүдделер қақтығысы пайда болуының алдын алу мақсатында, Қоғамда Қор Компаниялар тобының үлестес тұлғаларының тізілімі жасалып, ол туралы Директорлар кеңесі мен Қоғамның Басқарма мүшелері хабардар етіледі, сондай-ақ Қоғамның ішкі интернет-порталында жарияланады.

2014 жылы «Самұрық-Энерго» Компаниялар тобында мүдделер қақтығысы оқиғасы тіркелген жоқ.

Сенім телефоны:	+7 (7172) 55-30-95
Электрондық пошта:	trust@samruk-energy.kz

8. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ САПАНЫ БАСҚАРУ



ТӘУЕКЕЛДІҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ


Қоғам, өзінің қаржылық тұрақтылығы мен беделіне нұқсан келтіруі мүмкін әлеуетті тәуекелдерді уақытылы сәйкестендіру мен басқаруға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі бөлігі ретіндегі тәуекелдерді басқару үрдісінің маңыздылығын түсінеді.

Тәуекелдерді басқару Қоғам тобының алдына қойылған бекітілген стратегиялар мен даму жоспарларынан келіп шығатын белгілі бір мақсаттар, міндеттер контекстінде іске асырылады. Директорлар кеңесі Қоғамдағы тәуекел-

дерді басқару жүйесінің жұмысына бақылау жасауды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады.


Қоғам компаниясы тобында тәуекелдерді басқару үдерісіне қатысушылардың бәрін бірдей болуы мүмкін тәуекелдер жайлы, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшелер басшыларының маңызды тәуекелдерді сипаттап, талдау жасаған есептері арқылы оларды барынша азайту жөнінде қабылданған шаралар туралы ұдайы хабардар етіп отыру қамтамасыз етілген.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ТОБЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



2014 жылғы қарашада Қоғамның Директорлар кеңесі алдағы жылға арналған тәуекелдер тізімін, тәуекелдер картасын, маңызды тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралар жоспарын, маңызды тәуекел-көрсеткіштер мен тәуекел – тәбетті бекітті. Жалғыз акционердің тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі тұжырымы мен саясатын жүзеге асыра отырып, Қоғамның Компаниялар тобында тәуекелдерді басқару саласындағы нормативтік құжаттар қайта қаралып, өзектендірілді.

Тәуекелдерді басқарудың корпоративті жүйесіне (одан әрі – ТБКЖ) талдау жасап, бағалау үшін, сыртқы аудиторлар ТБКЖ-ге тәуелсіз бағалау жұмысын жүргізді. ТБКЖ бағасының қорытынды баллы 76,86% құрады. ТБКЖ тәуелсіз бағалаумен қатар, Қоғамның ішкі бақылау жүйесіне (одан әрі - ІБЖ) де тәуелсіз бағалау жүргізілді. ІБЖ бағасының қорытынды баллы 73,64% құрады. Тәуелсіз бағалаулар нәтижесі бойынша Қоғамда ТБКЖ мен ІБЖ-ны одан әрі жетілдірудің 2015 жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.



Бұлар әр тәуекелдің маңыздылығына байланысты тәуекелдер картасында да көрініс табады:

Қызыл аймақ Қоғам үшін қатерлі болып табылады	Қызғылт-сары аймақ тәуекелдер шабуылының ықтималдығы өте жоғары немесе Қоғамның қаржылық тұрақтылығына әлеуеттік тұрғыдан күшті әсер етуі мүмкін
---	--

БИЗНЕС-СТРАТЕГИЯЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР


Тәуекелдер атауы	Тәуекелдің сипаттамасы	Маңызды тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралар
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР (Қоғам стратегиясымен байланысты тәуекелдер)		
Беделге нұқсан келу тәуекелі	БАҚ-тағы жағымсыз жарияланымдар. Құпия ақпараттың жария болуы. Іскерлік этика кодексінің бұзылуы.	БАҚ-та тақырыптық мақалалар дайындау. Құпия ақпараттың санкциясыз таралуына жол бермеу.
Қызметкерлердің денсаулығы мен өміріне залал келтірген өндірістегі қайғылы оқиғаның орын алуы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 3 наурыздағы № 74-ә «Өндірістегі қайғылы оқиғалармен байланысты құжаттар үлгісін бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген жіктелімге сәйкес себептер.	Өндірістік жарақатты азайтуға ықпал ететін шараларды әзірлеу, олардың орындалуына бақылау жасау.
Инвестициялық жобалар тәуекелі	Қаржыландырудың кешіктірілуі және/немесе қаржыландырудың қымбаттап кетуі. Мердігерлер, өнім берушілер тарапынан шарттың бұзылуы. Жобаның қымбаттауы.	Жобаны жүзеге асырудың желілік кестесін әзірлеу және мониторинг жүргізу. ЕТҰ үшін қуат пен электр энергиясына дербес тариф алу үшін ҚР меморгандарымен жұмыс істеу.

Тәуекелдер атауы	Тәуекелдің сипаттамасы	Маңызды тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралар
Лаңкестік акт тәуекелі	Қызметкерлер мен үшінші тұлғалардың жасырын пиғылдары. Лаңкестікке қарсы қорғаныс мәселелері бойынша өкілетті меморгандармен өзара әрекеттестіктің болмауы.	«Самұрық-Қазына» АҚ компаниясы тобында Стратегиялық нысандардағы қауіпсіздік пен лаңкестікке қарсы тұруды қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесіне қатысу. Лаңкестікке қарсы қорғаныс жөніндегі шаралар жоспарының орындалуы.

ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР (қаржы қызметіне байланысты тәуекелдер)		
Валюта тәуекелі	Макроэкономикалық көрсеткіштердің нашарлауы. Ұлттық банктің реттеушілік әрекеті.	Валюталық позиция мен VaR-да лимит белгілеу. Шет ел валютасындағы несиелерді уақытылы қайта қаржыландыру. Шет ел валютасымен шарттар жасауды азайту мақсатында валютаға қатысты мәмілелер бойынша жасалатын келісімдерге мониторинг жасау.
Тариф белгілеу	ҰЭМ ТМР БҚК тарифтерін ұлғайтудан бас тарту тәуекелі. Тарифтік сметаны және субъектінің инвестициялық бағдарламасын орындамау салдарынан, ҰЭМ ТМР БҚК өтейтін тарифті енгізу қаупі.	ҰЭМ ТМР БҚК алдында қажетті тарифті негіздеу. «Тарифтік саясаттың сақталуына мониторинг жүргізу; ҰЭМ ТМР БҚК тарифтік смета мен инвестициялық бағдарламаларды уақытылы түзету».
ЕТҰ-ны дамыту жоспарына жасалған сапасыз талдау, Даму жоспарын түзету және оның дивизиондар тарапынан орындалуы	Баға параметрі бойынша жоспарлау үрдісінің бұзылуы; Қол жеткізу мүмкін емес көрсеткіштерді жоспарлау.	Даму жоспары мен оны уақытылы түзетуге мониторинг жүргізу. Инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға жұмсалатын шығындарды қысқарту.
Сыртқы кредиторлар ковенанты мен листингтік талаптардың бұзылуы	Листингтік талаптардың орындалмауы және қарыз алудың артуы.	Белгіленген ковенанттар мен листингтік талаптарға сәйкестік. Қоғамның қарыздары мен қаржылық тұрақтылығы жөніндегі есепті қалыптастыру.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР		
Технологиялық бас тартулардың артуы	Моральдық және физикалық тұрғыдан ескірген жабдықтарды пайдалану. Адам факторы.	Жабдықтарды жұмыс істеуге қабілетті қалпында ұстап тұру және жөндеу жоспарын жүзеге асыру.
Электр энергиясын өндіру жоспарының орындалмау тәуекелі	Қаржы-экономикалық дағдарыс салдарынан сұраныстың төмендеуі. Нарықтағы бәсекелестік салдарынан тұтынушылардан айырылу. Технологиялық бас тартулар.	Жабдықтарды жұмыс істеуге қабілетті қалпында ұстап тұру және жөндеу жоспарын орындау, қолда бар қуатты арттыру. Жұмыс істеп тұрған қондырғыларды жаңғырту және қайта жөндеу, жаңа қуаттарды іске қосу. «Самұрық-Энерго» АҚ Сауда үйін құру. Сату көлемін жоспарлау. Өткізу саясатының тиімділігін арттыру. Жұмыс істеп тұрған және жаңа тұтынушылармен келіссөздер жүргізу.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҰҚТИМАЛДЫҒЫ



2014 жылдың ақпан айында теңгенің 18,6% девальвацияға ұшырауына байланысты Қоғамның қатерлі тәуекелдер аймағына «валюталық тәуекел» келіп қосылды. Бұдан басқа, Ресей Федерациясы рублінің әлсізденуі де электр энергиясын сату және энергетикалық көмір өндіру үрдісіне жағымсыз әсер етті. Жоғарыда көрсетілген тәуекелдерді азайту үшін Қоғамның Компаниялар тобында мынадай шаралар қабылданды:

- Қоғамның ашық валюталық позиция лимитін есептеу әдістемесін сипаттайтын «Валюталық тәуекелдерді басқару тәртібін» және VaR лимитін өзекті ету.
- Мүмкіндігінше тек ұлттық валютамен ғана шарт жасасу үшін бұған дейін жасалған келісімшарттарға мониторинг жүргізілді.

- Электр энергиясын сату және энергетикалық көмір өндіру көлемін жоспарлау үдерісі жетілдіріліп, аталған үдеріске әсер ететін сыртқы және ішкі факторлар есепке алынды.
- Өткізу саясаты қайта қаралды, одан әрі де бірге жұмыс істеу және өткізу нарығын кеңейту мақсатында жұмыс істеп тұрған және жаңа тұтынушылармен келіссөздер жүргізілуде. Жылдық жұмыс бағдарламасының орындалуы мен жоспарлы алдын алу жөндеу жұмыстарына мониторинг жүргізу қамтамасыз етілді. Қоғамның Даму жоспарының капиталдық салым бөліміне уақытылы түзету жасалды.

САПАНЫ БАСҚАРУ

Қоғамда халықаралық ISO 9001:2008 стандартына сәйкес келетін Корпоративтік менеджмент жүйесі енгізілген (одан әрі – КМЖ).

КМЖ-ны енгізу аясында Қоғамның ішкі нормативтік құжаттары бір ізге түсіріліп, КМЖ жоспарланған ішкі аудиті жүргізіліп тұрады. Сонымен қатар, мына ішкі нормативтік құжаттар әзірленіп, бекітілді:

- Қоғамның КМЖ саласындағы саясаты;
- КМЖ басшылығы;
- КМЖ міндетті үдерістері;
- Құрылымдық бөлімшелердің қолданылып жүрген барлық ішкі үдерістер картасы.

2011 жылы TUV Rheinland сертификациялық органы Қоғам КМЖ энергетикалық активтерді корпоративтік басқару жөніндегі қызмет бөлігінде қолдану саласымен бірге халықаралық ISO 9001:2008 стандартына сәйкестігіне табысты сертификациялады.

КМЖ-де қызметтің барлық бизнес-бағытында функционалдың нақты бөлінуі жолға қойылған, бұл Қоғамның Компаниялар тобында корпоративтік орталық деңгейінде маңызды шешім қабылдау үдерісіне операциялық бақылауды күшейтіп және орталықтандыруды қамтамасыз етеді.

2014 жыл бойы КМЖ-ны жұмыс жағдайында ұстап және жетілдіру мақсатында Қоғамда мынадай жұмыстар жүргізілді:

- Қоғам қызметкерлеріне КМЖ туралы оқытылды;
- ішкі нормативтік құжаттар өзектендірілді;
- Қоғам үдерісінің Ландшафттық картасы мен жауапкершілік матрицасы әзірленді;

- ішкі тұтынушыларға сауалнама жүргізіліп, қанағаттанушылық талдауы жасалды;
- КМЖ-нің халықаралық ISO 9001:2008 стандартының талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында ішкі аудит жүргізілді. Аудит қорытындысы бойынша ескертулер мен сәйкессіздіктерді жою жөніндегі түзету шаралары жүргізілді.


Жүргізілген жұмыстардың нәтижесі - 2014 жылдың 5 желтоқсанында КМЖ-нің халықаралық ISO 9001:2008 стандартына сәйкестігінің қайта сертификациялануы болды.

2014 жылғы 10 желтоқсанда Қоғамның КМЖ-ны энергетикалық активтерді корпоративтік басқару жөніндегі қызмет түрлерінде қолдану саласындағы TUV Rheinland сертификациялық органы халықаралық ISO 9001:2008 стандартына сәйкестікке табысты сертификациялады.

КМЖ енгізу құрылымдық бөлімшелердің өзара әрекеттестігінің нақты жүйесін қалыптастырды. Түптің түбінде бұл ішкі үдерістер мен көрсетілетін қызмет түрлері сапасының артуы арқылы көрініс тапты.

Менеджмент жүйесін халықаралық стандарттар негізінде жетілдіру – серпінді дамудың және еліміздің энергетикалық нарығындағы жайғасым күшеюінің маңызды факторы болып табылады.

9. ТҰРАҚТЫ ДАМУ



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Қоршаған ортаны қорғау

Қазақстандағы ірі электр энергетикалық компаниялардың бірі ретінде «Самұрық-Энерго» АҚ қоғамның тұрақты дамуы жолындағы өзінің айтарлықтай рөлін түсінеді. Қоршаған ортаны қорғау және ресурстарды тиімді пайдалану Қоғам мен оның еншілес және тәуелді ұйымдары арасында маңызды рөл атқарады. Ағымдағы кезеңде Компанияның басымдықты даму бағыттары және Компанияның ұзақ мерзімді Даму стратегиясы мен Экологиялық саясатында көрініс тапқан табиғатты қорғау саласындағы жұмыстарының мақсаты анықталуда.

Компания жаңа технологияларды енгізу мен жаңартылатын энергия көздерін қолдану арқылы өндірістік іс-әрекеттің қоршаған ортаға етер әсерін біртіндеп қысқартуды жоспарлауда.

Төменде менеджменттің экология саласындағы әр аспект бойынша тәсілдемесіне қатысты қысқаша мәліметтер сипатталған.



«Материалдар» аспектісі

G4-EN1 МАССАСЫ МЕН КӨЛЕМІНЕ ҚАРАЙ ЖҰМСАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметін жүзеге асырған кезде әрі қарай электр немесе жылу энергиясына айналдыру мақсатында табиғат ресурстары сатылып алынады. Табиғат ресурстарымен қатар, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының тұтыну көлемі жағынан едәуір аз химиялық өнімдерді, жағармайлар мен салқындататын сұйықтықтарды да пайдаланады.

Атап айтқанда, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниясының бірқатар еншілес және тәуелді ұйымдарында күні бүгінге дейін құрамында полихлорланған дифенилі (одан әрі – «ПХД») бар қондырғылар қолданылады. ПХД трансформаторларда, конденсаторларда және басқа да электр қондырғыларында адам денсаулығына қауіп-қатер тудыратын диэлектрлік сұйықтық ретінде пайдаланылады. ПХД-мен улану тәуекелінің алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасында «Күшті органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясына» (одан әрі – «КОЛ») қол қойылды. Аталған құжатқа сәйкес, Конвенцияның бір тарапына айналған Қазақстан Республикасы мынадай іс-шараларды іске асыруға тиісті болады:

- Қазақстан Республикасында құрамында КОЛ бар заттарды экспорттауға, импорттауға, өндіруге тыйым салу;

- 2025 жылға қарай құрамында ПХД бар қондырғыларды (яғни, трансформаторларды, конденсаторларды немесе заттардың сұйық қалдықтары бар басқа да қабылдағыштарды) қолдануды тоқтату;

- КОЛ қалдықтарының қоршаған ортаға кездейсоқ шығуын азайту жөніндегі шаралар;

- КОЛ-мен уланған учаскелерді анықтау үшін арнайы стратегия әзірлеуге күш салу;

- КОЛ-дың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға төндіретін қаупі туралы қоғамдастықты хабардар ету.

Қолданған материалдардың қоршаған ортаға әсерін азайту үшін «Самұрық-Энерго» Компаниялар тобы келешекте жаңартылатын энергия көздерін, атап айтқанда атмосфераға зиянды қалдықтардың бөлініп шығуын айтарлықтай қысқартатын күн және жел энергиясын молынан пайдалануды жоспарлауда.

Конвенция бойынша жоғарыда аталған іс-шараларды орындаудың нәтижесі ретінде экологиялық жағдайдың жақсаруын атауға болады, ал бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығына оң әсер етері сөзсіз.

EN1

МАССА МЕН КӨЛЕМІ КӨРСЕТІЛІП ЖҰМСАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР

	Өлшем бірлік	Көлем
Шикізат (яғни, өнімге немесе қызмет түріне айналдыру үшін қолданылатын табиғат ресурстары)		
Көмір	тонна	14 898 261,0
Ағаш	тонна	302,72
Мазут	тонна	126 876
Газ	мың м³	723 147
Су	мың м³	16 236 558 834
Өндіріс үдерісіне байланысты материалдар	тонна	-



«Энергия»
аспектісі

G4-EN3

ҰЙЫМ ІШІНДЕ ЭНЕРГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ

EN3

ЭНЕРГИЯНЫ БАСТАПҚЫ КӨЗІН КӨРСЕТЕ ОТЫРЫП, ТІКЕЛЕЙ ҚОЛДАНУ

	Өлшем бірлік	2014
Көмір	ГДж	197 071 651
Табиғи газ	ГДж	22 601 557,6
Мазут	ГДж	32 785 949,3
Бензин	ГДж	3 064,9
Дизель отыны	ГДж	5 958,7
Сұйытылған газ	ГДж	0

EN5

ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУДЫ АЗАЙТУ МЕН ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ
ШАРАЛАРЫ НӘТИЖЕСІНДЕ ҮНЕМДЕЛГЕН ЭНЕРГИЯ

	Өлшем бірлік	Саны
Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2014 жылы үнемделген жиынтық энергиясы		
Өндіріс үдерісін жаңғырту	ГДж	1 691 196
Қондырғыларды қайта жөндеу немесе ауыстыру	ГДж	73 734
Персонал мінезіндегі өзгерістер	ГДж	30

Энергия тұтынудың жиынтық қысқаруы 1,7 ГДж құрайды.



«Сулар»
аспектісі

G4-EN8

СУ КӨЗДЕРІНЕ БӨЛГЕНДЕГІ ТАРТЫЛАТЫН СУДЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ

«Самұрық-Энерго» Компаниялар тобының су бірінші кезекте электр қондырғыларын, циркуляциялық жүйені суыту үшін және гидроэлектр станцияларындағы, жылу және мемлекеттік аудандық электр станцияларындағы сумен жабдықтау айналымының қосалқы технологиялық үдерістерінде қолданылады. Тартылған судың біраз бөлігі технологиялық үдерісте қолдану барысында буланып кетеді. Өндірістік үдерісте қолданылған судың негізгі бөлігі механикалық, физика-химиялық және биологиялық тазартулардан өткеннен кейін табиғи ортаға қайтарылады.

Су ресурстары және экология жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар су тартуға қатысты мәселелерді реттейді, атап айтқанда, еншілес және тәуелді ұйымдардың қатысуындағы өңірлердің экожүйелеріндегі судың деңгейіне ерекше көңіл бөлінеді. Технологиялық үдерісте пайдаланылған су жоғалту көлемінің азаюы орта мерзімді перспективадағы басым бағыт болып табылады.

EN8

EN10

СУ КӨЗДЕРІНЕ БӨЛГЕНДЕГІ ТАРТЫЛАТЫН СУДЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ. ҚАЙТА-ҚАЙТА ЖӘНЕ ҚАЙТАЛАП ҚОЛДАНЫЛАТЫН СУДЫҢ ҮЛЕСІ МЕН ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ

Су объектілерінің беткі бөлігінен, жер асты көздерінен, муниципалдық және басқа сумен жабдықтау жүйелерінен алынған сулар мен басқа ұйымдардың ағынды суларын қоса алғанда, тартылатын судың жалпы көлемі 2014 жылы 16 236 млрд м³ құрады.

Қайта-қайта және қайталап қолданылатын судың жалпы көлемі 2014 жылы 0,3 млрд м³ (пайдаланылған судың жалпы көлемінің үлесі — 0,002 %) құрады.



«Биоәртүрлілік»
аспектісі

G4-EN11 **БИОӘРТҮРЛІЛІК**

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы өз қызметінің өсімдіктер мен жануарлар әлеміне тигізер әсерін барынша азайтуға тырысады. «Самұрық-Энерго» компаниялар тобының электр энергетикалық активтері орналасқан ұлттық табиғи парктер мен қорықтары бар өңірлерге айырықша назар аударылады.

Қазіргі кезде «Самұрық-Энерго» компаниялар тобында биоәртүрлілікті басқару саласындағы реттеуші құжат әзірленбеген. Биоәртүрлілікті басқару саласындағы реттеуші құжаттың болмауына қарамастан, «Самұрық-Энерго» тобының әр компаниясы қауіпсіз өндірістік үдерісті қолдану және жануарлар мен өсімдіктер әлемінің қауіпсіздігін арттыратын жаңа технологияларды енгізудің маңыздылығын түсінеді. Қазақстанда да,

әлемдегі сияқты тұрақты даму аспектілерінің күн санап өсіп келе жатқан мәнін ескере отырып, «Самұрық-Энерго» Компаниялар тобы өздері орналасқан және жұмыс істейтін өңірлерде биоәртүрлілікке бақылауды және оны басқаруды жақсартуды жоспарлауда.

Іле-Алатау табиғи паркінде «АлЭС» АҚ ГЭС каскадының өндірістік объектілеріне 31,42 га жер жалға беріліп отыр — бұл өндірістік алаң «Ұйымның меншігіне, жалға немесе басқаруына берілген және қорғалатын табиғи аумақтарға, сондай-ақ табиғи аумақтар шегінен тыс жердегі немесе мұндай аумақтарға жапсарлас жатқан биоәртүрлілігінің құндылығы жоғары аумақтарда орналасқан» санатқа жатады.

G4-EN12 **ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАР МЕН ТАБИҒИ АУМАҚТАР ШЕГІНЕН ТЫС ЖЕРДЕГІ БИОӘРТҮРЛІЛІГІ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАНАТЫН АУМАҚТАРДАҒЫ БИОӘРТҮРЛІЛІККЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ӘСЕР ЕТЕТІН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ, ӨНІМДЕР МЕН ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ**

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның өндірістік нысандары қорғалатын табиғи аумақтар мен табиғи аумақтар шегінен тыс жердегі биоәртүрлілігі жоғары бағаланатын аумақтардағы биоәртүрлілікке айтарлықтай әсер етпейді.

G4-EN14 **ХТҚО ТІЗІМІНЕ ЖӘНЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТҮРЛЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗІЛЕТІН, ТІРШІЛІК ЕТУ ОРТАСЫ СОЛ ТҮРЛЕРДІҢ ӨМІР СҮРУІНЕ ҚАУІП ТӨНДІРУ ДЕҢГЕЙІ БОЙЫНША ТОПТАСТЫРЫЛҒАН АУМАҚТАРДА ОРНАЛАСҚАН ТҮРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ САНЫ**

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниясы топтары орналасқан аумақтарда ХТҚО-ның қызыл тізіміне және Қорғалатын түрлердің ұлттық тізіміне енгізілген түрлер жоқ.



«Шығарындылар»
аспектісі

G4-EN15 **ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫҢ ТІКЕЛЕЙ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ (1-ҚАМТУ АЙМАҒЫ)**

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында «Самұрық-Энерго» компаниялар тобының жұмысы нәтижесінде парниктік газбен реттелетін, жылу және электр энергиясын, сондай-ақ көмір өндіру арқылы пайда болатын көмір қышқыл газының қос тотығы (CO₂) атмосфераға шығарылады. «Самұрық-Энерго» компаниялар тобының өндіріс деңгейі артқан сайын, атмосфераға шығарылатын парниктік газдың көлемі де ұлғая түсетіні сөзсіз.

Биомассаны өртеу мен оның іріп ағуы салдарынан пайда болатын CO₂ шығарындылары жоқ.

Парниктік газдар шығарындыларына квота бөлудің Ұлттық жоспарына сәйкес, 2014-2015 жылдарға арналған базалық жылдар ретінде 2011-2012 жылдар алынған. Базалық жылдардағы шығарындылар тиісінше 33 470 мың тоннаны және 34 461,7 мың тоннаны құрады, сәйкесінше, 2014 жылы парниктік газдардың шығарындыларын қысқарту көзделмеген.

Сондай-ақ, экологиялық заңнамаларда талаптың болмауы салдарынан парниктік газдардың қарқындылық есебі жүргізілмейді.

G4-EN21 **АТМОСФЕРАҒА ШЫҒАРЫЛАТЫН АЗОТ ТОТЫҒЫ (NO_x), КҮКІРТ ТОТЫҒЫ (SO_x) ЖӘНЕ БАСҚА ДА МАҢЫЗДЫ ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ**

	Мәні	Өлшем бірлік
NO _x	тонна	63 127,2
SO _x	тонна	143 993,7
Күшті органикалық ластағыштар (КОЛ)	тонна	0,00000004
Ұшатын органикалық қосыластар (ҰОҚ)	тонна	120,4262
Қауіпті ауа ластағыштар	тонна	47 811,989
Нақты және ұйымдаспаған көздерден шығатын шығарындылар	тонна	97 891,261
Қатты бөліктер	тонна	39 766,595
Атмосфераға шығарылатын шығарындылардың нормативтік актілерде қолданылатын басқа да стандарттық санаттары	тонна	128 151,765



«Қалдықтар мен төгінділер» аспектісі

G4-EN23 ҚАЛДЫҚТАРДЫ ТҮРЛЕРІ МЕН ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ТӘСІЛДЕРІ БОЙЫНША БӨЛГЕНДЕГІ ЖАЛПЫ МАССАСЫ

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобының өндірістік қызметінің әсерінен шығатын әдеттегі қалдықтар қатарына көмірден түсетін күл, қож, трансформаторлық майлар, пайдаланылған сынапты шамдар мен аккумулятор батареялары жатады. Қазіргі кезде «Самұрық-Энерго» компаниялар тобында қалдықтарды басқарудың бірыңғай тәсілі жоқ.

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы ЕТҰ-лары қалдықтарды басқару барысында Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі мен Қалдықтарды дұрыс пайдалану нормативтерін (ҚДПН) басшылыққа алады. Қауіпті қалдықтардың төлқұжаттары әзірленді. Пайда болу түріне қарай қалдықтар өндірістік:

- «пайдаланылған трансформатор майлары», «майлық шүберектер», «металл сынықтары», «құрамында ПолиХлорДифинил (ПХД) бар бұзылған конденсаторлар», «құрамында сынап бар шамдар», «өндіріс және құрылыс қалдықтары» жән т.б.
- коммуналдық: «қатты тұрмыстық қалдықтар» – күнделікті тіршілікте пайда болатын қалдықтар деп бөлінеді.

Қауіптілік деңгейі бойынша барлық (өндірістік және коммуналдық) қалдықтар екіге бөлінеді:

G4-EN24 ТӨГІНДІЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ МЕН САНЫ

Компаниялар тобы бойынша төгінділер тіркелген жоқ.

G4-EN25 БАЗЕЛЬ КОНВЕНЦИЯСЫНЫҢ I, II, III ЖӘНЕ VIII ҚОСЫМШАЛАРЫНА СӘЙКЕС «ҚАУІПТІ» ДЕП ЕСЕПТЕЛЕТІН ТАСЫЛҒАН, ИМПОРТТАЛҒАН, ЭКСПОРТТАЛҒАН НЕМЕСЕ ҚАЙТА ӨНДЕЛГЕН ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ МАССАСЫ, СОНДАЙ-АҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАСЫМАЛДАУ ПАЙЫЗЫ

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен БҰҰДБ-ның бірлескен «Қазақстанда полихлордифенилдерді басқару бойынша кешенді жоспар әзірлеу және орындау» жобасымен бірлесіп, конденсаторларды пилоттық тасып әкетуді жүзеге асыру мақсатында 2014

- жасыл –G индексі (қауіпті емес);
- янтарь түсті –А индексі (қауіпті);
- қызыл –R индексі (қауіпті).

Құрамында сынап бар қалдықтар бәрінен де уытты әрі қауіпті болып саналады (пайдаланылған люминесцентті шамдар), әрі демеркуризация жасау үшін арнайы кәсіпорынға өткізілетін, қауіптіліктің «қызыл» деңгейіне жатады, қалған қалдықтар «янтарь» және «жасыл» деңгейлерге жатады.

Өндірістің негізгі қалдықтары – қондырғыларды пайдалану, жөндеу және жаңғырту үдерісінде пайда болатын трансформатор майлары мен металл сынықтары.

Өндіріс қалдықтары мамандандырылған ұйымдармен жасалған шарттарға сәйкес, түр-түрімен орналастырылып, кәдеге жаратылады. Компания бөлімшелерінің коммуналдық қалдықтарын орналастыру үшін қатты қалдықтарды көметін арнайы полигондармен шарттар жасалған. Жалпы, кәсіпорын бойынша қалдықтар қауіпсіздің 4 және 5 сыныбына жатады және қалалық полигонда орналыстырылады.

жылдың желтоқсан айында құрамында ПХД бар 350 дана конденсатор «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ аумағынан әрі қарай БҰҰ/ЖЭҚ-тың қаржыландыруымен Францияда кәдеге жарату үшін шығарылды.

G4-EN26 БИОӘРТҮРЛІЛІКТІҢ СУ НЫСАНДАРЫ ТАРАПЫНАН ҚАРАҒАНДАҒЫ ТИІСТІЛІГІ, МӨЛШЕРІ, ҚОРҒАЛУ МӘРТЕБЕСІ, ҚҰНДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ТІРШІЛІК ЕТУ ОРТАСЫ МЕН ОНЫҢ АУМАҒЫНДАҒЫ ЖОҒАРЫДАҒЫ АҒЫСҚА ҰЙЫМНЫҢ ТАСТАЙТЫН ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ АЙТАРЛЫҚТАЙ ӘСЕРІ

Экологиялық қауіпсіздік және табиғи ресурстарды, оның ішінде суды тиімді пайдалану «Самұрық-Энерго» Компаниялар тобының жұмысында маңызды орын алады.

Электр станцияларының қалыпты жұмыс істеуіне қажетті су тарту және су қалдықтары көлемін қысқарту Қазақстан Республикасындағы экожүйеге шығарылатын қалдықтарды біртіндеп азайтудың бірінші кезектегі шарасы болып табылады.

Қазақстан Республикасының су көздеріне түспестен бұрын, жұмыс істеп тұрған станциялардың қалдықтары ағын суды ластайтын элементтердің тиісті қалыптан асып кетпеуіне талдау жасалады. Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша, «Самұрық-Энерго» компаниялар тобы өндірген барлық қалдықтар Қазақстан Республикасы Экологиялық заңдылықтарының талаптарына сай келеді.



«Көлік» аспектісі

G4-EN30 ҰЙЫМ ҚЫЗМЕТІ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӨНІМДЕРДІ, БАСҚА ДА ТАУАРЛАР МЕН МАТЕРИАЛДАРДЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫС КҮШІН ТАСЫМАЛДАУДЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ТІГІЗЕТІН ӘСЕРІ

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобының негізгі өнімдері мен көрсететін қызметі электр және жылу энергиясын өндіру, электр энергиясын тарату және тасымалдау, көмір өндіру, электр энергетикалық кешен нысандарын қайта жөндеу және жаңғырту болып табылады. Өзекті мақсат – ұсынылатын қызмет түрлері мен өнімді қол жеткен деңгейде ұстап тұру, сондай-ақ электр энергетикасы мен көмір өндіру саласындағы өнімдер мен қызмет түрлеріне қатысты батыс стандарттарын қолдана отырып, сапа мен басқа параметрлерді одан әрі жетілдіру.

Жасалған жұмыстардың нәтижесі ретінде «Самұрық-Энерго» компаниялар тобы Қазақстан Республикасы ау-

мағында ұсынылатын тауарлар мен қызмет түрлерінің сапасы мен параметрлеріне қойылатын барлық талаптарды сақтайды.

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы үшін басым бағыт ЕТҰ қызметі нәтижесінде пайда болатын парниктік газдың шығарындыларының барынша азайтылуы болып табылады. Қызметкерлер мен отын тасу үшін қолданылатын парниктік газдың шығарындысы электр немесе жылу энергиясы генерациясынан алынған шығарындылармен салыстырғанда болар-болмас қана. Электр энергиясын тасымалдау барысында көп жағдайда атмосфераға және су объектілеріне зиянды заттарды шығаруға алып келетін үдерістер болмайды.



«Жалпы ақпарат» аспектісі

G4-EN31 ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЖҰМСАЛАТЫН ЖАЛПЫ ШЫҒЫНДАР МЕН ИНВЕСТИЦИЯЛАР, ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ТОПТАҒАНДА

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы бойынша қоршаған ортаға жұмсалған жалпы шығыстар мен инвестициялар 2014 жылы шамамен 8, 8 млрд теңгені құрады.

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы энергия тиімділігін арттыруға ықпал етуге бар күш-жігерін салады. Бұл мәселедегі басымдықты шара ескірген электр қондырғыларын жақсартып, жаңғырту, электр және жылу энергиясын өндіру, тасымалдау мен таратудағы тиімділікті арттыру, халыққа электр және жылу энергиясын дұрыс пайдалана білу жолдарын түсіндіру болып табылады.

Осы мақсатта және қоршаған ортаға етер әсерді азайту үшін «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы 2012-2014 жыл ішінде манадай жұмыстарды жүргізді:

- ГРЭС-1-дің жұмыс істеп тұрған барлық 6 энергия блогында және СЭГРЭС-2-інің энергия блогында электр сүзгілерін орнату жұмыстары аяқталды, нәтижесінде көмір күлінің ауаға шығуы едәуір азайды.

Түтін газдарын тазарту тиімділігі 99,6 %-ға дейін және одан да жоғары арттырылды, жаңа электр сүзгілері жұмыс істей бастағалы, шаңдату 2 620 мг/м³ орнына 400 мг/м³ құрады.

- «АлЭС» АҚ 2, 3-ЖЭО-ның қазандық агрегаттарында күл ұстап қалу деңгейі 99,4 %-дан кем емес, жаңа үлгідегі эмульгаторлар орнатылды. Экологиялық тиімділігі: органикалық емес шаңның бөлінуі 3-ЖЭО-да жылына 1 000 т/жыл, 2-ЖЭО-да 2 135 т/жыл төмендеді;
- «АлЭС» АҚ 1, 3 -ЖЭО-ның қазандық агрегаттарында жағу құрылғылары жаңғыртылды. Экологиялық тиімділігі: азот тотығын қалпына келтіру арқылы техникалық регламентке сай 650 мг/м³ болуы тиіс азот тотығының концентрациясы 500 мг/м³ дейін төмендетілді.

Атап айтқанда, 2014 жылы мынадай жұмыстар атқарылды:

- «АлЭС» АҚ 1, 3-ЖЭО департаменттері қазандық агрегаттарында Техникалық регламент талаптарына сай,

азот тотығы эмиссиясының деңгейіне сай келуі үшін отжағар құрылғылары жаңғыртылды.

- Екібастұз 1-МАЭС-тің № 2 энергия блогында электр сүзгілерін монтаждау;
- Екібастұз 1-МАЭС-тің № 2 энергия блогында эмиссиясы төмен отжағарды орнату;

- шаруашылық-фекаль ағындысын тазарту жөніндегі құрылғыларды сатып алу;

- белгіленген техникалық регламенттің эмиссиясы деңгейін ұстап тұру жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

- қолданылып жүрген қондырғыларды (қазандық агрегаттары, жаңа үлгідегі эмульгаторлар, желдеткіш градирнялар, багерлік қондырғылар, ТӨА арналары) қалпына келтіру-жөндеу жұмыстары;

- жұмыс істеп тұрған күлтөкпені қалпына келтіру-жөндеу жұмыстары;

- ХСТ-ны қайта жөндеу ;

- күл өткізгіштерді жөндеу және ауыстыру бойынша жұмыстар, қазандықтардағы, турбинадағы, химиялық цехтардағы, тазарту қондырғыларындағы сору құрылғыларын жөндеу бойынша шараларды іске асыру;

- гидро күл жойғышты, өндірістік бағыттағы жүйелерді, тұндырылған су қоры бағын қалпына келтіру-жөндеу жұмыстары;

- газ-турбина электр станцияларында (ГТЭС) – газ көлемі бірлігін 35 % және одан жоғары, және ҚНҚ-ні 55 %-ға дейін көтеріп, электр энергиясын ұлғайту арқылы бу-газ циклын енгізу;

- жаңартылатын энергия көзі құрылысын, оның ішінде жел және күн электр станцияларын салу.

ӘЛЕУМЕТТІК ФАКТОРЛАР

Персоналды басқару

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік Қоғамнан тыс жерлерге де тараттырылып, мүдделі тараптардың кең көлемін қамтиды: өкімет органдары, жергілікті қоғамдастық, іскер серіктестер, өнім берушілер, клиенттер. Қоғамның инвестициялары, ең алдымен, әлеуметтік жауапкершілік сипатында болып, таза технологиялар мен ЖЭК-ті дамыту, қоршаған ортаны қорғау, ресурс және энергия тиімділігін арттыру міндеті қойылады да, Қоғам бәрінен бұрын өз қызметкерлері тығыз орналасқан елді мекендерді дамытуға тырысады, Қоғам сыбайластыққа қарсы тұру саясатын қабылдап, еңбек саласында кемсітушілікке жол бермейді.

Қоғамның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік стратегиясы компания шегінен тыс жерлерде де жүзеге

ге асырылады: әлеуметтік жауапкершілік шаралары қызметкерлерді және адам капиталын, денсаулықты, қауіпсіздікті, персоналды еңбекке ынталандыруды, тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаларды әзірлеуді, спорттық шараларды, өмір мен денсаулықты сақтандыруды, кәсіподақтар құруға көмектесуді, персоналды оқытуды инвестицияландыруға байланысты шараларға да қатысты.

Әлеуметтік жауапкершілік шаралары, ең алдымен, Қоғам компаниялары тобы қызметкерлерінің әл-ауқатын арттыруға бағытталып, адам ресурсы құрылымы есебінен жүргізіледі.

Персонал құрылымы

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Қоғам Тобының тізім бойынша саны 23 539 адамды құрады.

Жұмыс ерекшелігіне байланысты, Қоғамда ер адамдар саны басым. Ерлер мен әйелдердің ара қатынасы мынадай: әйелдер – 27,4%

(6 447 адам; ерлер – 72,6 % (17 122 адам).

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы қызметкерлерінің басым көпшілігі өндірістік секторда толық мөлшерлемеден және тұрақты келісімшарт бойынша еңбек етеді. Өндірістік кәсіпорындарда толық мөлшерлемеден жұмыс істейтін қызметкерлердің жоғары деңгейі жұмыс күшінің тиімді пайдаланылатындығын көрсетеді.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы персоналының 2014 жылдың соңындағы орташа жасы 41 жасты құрады.

Персоналдың жас бойынша құрылымын алып қарайтын болсақ, қызметкерлердің басым көпшілігі, яғни жалпы санының 45 %-ы 30 бен 50 жас аралығына келеді, бұл физикалық ресурстар мен персоналдың кәсіби тәжірибесін тиімді үйлестіруге жағдай жасайды.

Қоғамдағы персоналдың жалпы санында жоғарғы менеджменттің үлесі 0,4 %-ды құрайды, оның ішінде жоғарғы менеджменттегі әйелдердің үлесі – 15,2 %-ды құрайды.

Жоғарғы менеджменттің үлесі: 30 жасқа дейін – 2,2 %, 30 дан 50 жасқа дейін – 56,5 %, 50 жастан асқандар – 41,3 %.

Қоғамның тобы бойынша энергетика саласындағы орташа жұмыс өтілі 11,1 жылды құрайды.

Ағымдағы кадрдың білім деңгейі Қоғам талаптарына жауап береді. Жоғары білімі бар қызметкерлердің үлесі тұрақты өсу үрдісінде, әрі персоналдың жалпы санының 32 %-ын құрайды.

2014 жылы Қоғам тобына 2 988 адам жұмысқа қабылданды.

Персоналдың сапасын қамтамасыз ету үшін, Қоғам компаниялары тобында бос орындарға кандидаттарды конкурстық іріктеу рәсімі жүзеге асырылады, онда конкурстық іріктеуге қатысатын барлық кандидаттар үшін бірдей жағдай қарастырылған.

Конкурстық рәсімдерді енгізу персоналдың бекітілген біліктілік талаптарына сай келуін, бос орындарға кадр іріктеу барысындағы объективтілік пен ашықтықты қамтамасыз етеді.

2014 жылы Қоғам компаниялары тобында әкімшілік бос орындарға 148 конкурстық процедуралар жүргізілді.

Жаңа қызметкерлерді лауазымға уақытылы және тиімді қалыптастыру бейімделу және жаңа қызметкерлерге тәлімгерлік жасау жолымен іске асырылады.

Оның үстіне, Қоғамдағы корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында, Қоғамның еншілес ұйымдарындағы басшы және басқарушы лауазымдарға кандидаттарды келісу және тағайындау практикасы енгізілген.

2014 жылдың соңындағы персоналдың тұрақсыздығы көрсеткіші (барлық себептер бойынша) 12,4 %-ды құрады, бұл 2013 жылғы осы мерзіммен салыстырғанда 1,2 %-ға төмен (2013 жылы – 13,6 %).

G10 ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУЫ, ЖАЛДАУ ШАРТЫ ЖӘНЕ ӨНІРЛЕР БОЙЫНША ШАҚҚАНДАҒЫ ЖҰМЫС КҮШІНІҢ ЖАЛПЫ САНЫ

LA12 АЗШЫЛЫҚ ӨКІЛДЕРІ МЕН БАСҚА ДА ӘРТҮРЛІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІН КӨРСЕТЕ ОТЫРЫП, ҰЙЫМНЫҢ БАСҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫ МЕН ПЕРСОНАЛЫНЫҢ ЖЫНЫСЫНА, ЖАСЫНА ШАҚҚАНДАҒЫ ҚҰРАМЫ

LA1 ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ САНЫ ЖӘНЕ ЖАҢАДАН ҚАБЫЛДАНҒАНДАР ПАЙЫЗЫ, СОНДАЙ-АҚ ЖАСЫ, ЖЫНЫСЫ МЕН ӨНІРЛЕРГЕ ШАҚҚАНДАҒЫ КАДР ТҰРАҚТАМАУШЫЛЫҒЫ


2014 Ж.ӘР АЛУАН КРИТЕРИЙЛЕР БОЙЫНША КАДРЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ САРАЛАНУЫ

ЖАЛДАУ ШАРТЫ
БОЙЫНША ШАҚҚАНДАҒЫ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ
САНЫ




А Шектелмеген/тұрақты шарт 22 123
Б Уақытша/мерзімі белгіленбеген шарт 1 446

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУЫ
БОЙЫНША ШАҚҚАНДАҒЫ
ЖҰМЫС КҮШІНІҢ ЖАЛПЫ
САНЫ




А Қызметкерлер 23 569
Б Бақыланатын қызметкерлер 318

ӨНІРЛЕР БОЙЫНША
ШАҚҚАНДАҒЫ ЖҰМЫС
КҮШІНІҢ ЖАЛПЫ САНЫ




А Оңтүстік 8 963
Б Батыс 1 312
С Солтүстік 10 226
Д Шығыс 3 386

ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША
ШАҚҚАНДАҒЫ ЖҰМЫС
КҮШІНІҢ ЖАЛПЫ САНЫ



А Ерлер 17 328
Б Әйелдер 6 559

ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫН-
ША ШАҚҚАНДАҒЫ ЖҰМЫС
КҮШІНІҢ ЖАЛПЫ САНЫ
(«Самұрық-Энерго» АҚ ҰО ескерусіз)




А Өндіру 7 611
Б ГЭС және ЖЭК, Тарату және сату 9 087
С Отын және сервис 7 000

2014 Ж.ҚАЙТА ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР


(жалпы құрамның 12,7%-ы)

ЖЫНЫСЫНА ШАҚҚАНДАҒЫ ҚАЙТА
ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР




А Ерлер 8,7%
Б Әйелдер 4,0%

ЖАСЫНА ШАҚҚАНДАҒЫ ҚАЙТА
ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР



А 30 жастан кіші 7,1%
Б 30-50 жас аралығында 4,5%
С 50 жастан жоғары 1,1%

ӨНІРЛЕРГЕ ШАҚҚАНДАҒЫ ҚАЙТА
ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР




А Оңтүстік 4,1%
Б Батыс 0,8%
С Солтүстік 5,6%
Д Шығыс 2,2%



2014 ЖЫЛЫ КАДР ТҰРАҚТАМАУШЫЛЫҒЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ


(жиынтық көрсеткіш 12,4%)

ЖЫНЫСЫНА ШАҚҚАНДАҒЫ
КАДР ТҰРАҚТАМАУШЫЛЫҒЫ




А Ерлер 8,7%
Б Әйелдер 3,7%

ЖЫНЫСЫНА ШАҚҚАНДАҒЫ
КАДР ТҰРАҚТАМАУШЫЛЫҒЫ



А 30 жастан кіші 4,5%
Б 30-50 жас аралығында 4,4%
С 50 жастан жоғары 3,5%

ӨНІРЛЕРГЕ ШАҚҚАНДАҒЫ
КАДР ТҰРАҚТАМАУШЫЛЫҒЫ



А Оңтүстік 3,6%
Б Батыс 0,6%
С Солтүстік 6,4%
Д Шығыс 1,8%

LA12 **ЖЫНЫСЫНА, ЖАСЫНА ҚАРАЙ ЖӘНЕ АЗ ҰЛТ ӨКІЛДЕРІ КӨРСЕТІЛГЕН ҰЙЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰРАМЫ**

№	Көрсеткіш	Мәні, адам	Үлесі
1.	ЖЫНЫСЫ	23 569	-
1.1.	Ерлер	17 122	73%
1.2.	Әйелдер	6 447	27%
2.	АЗШЫЛЫҚ ТОПТАРЫ	23 569	-
2.1.	Қазақтар	12 495	53%
2.2.	Орыстар	8 075	34%
2.3.	Украиндар	974	4%
2.4.	Ұйғырлар	370	2%
2.5.	Татарлар	443	2%
2.6.	Немістер	384	2%
2.7.	Белорустар	179	1%
2.8.	Корейлер	95	0,4%
2.9.	Басқалар	554	2%
3.	ЖАСЫНА ҚАРАЙ	23 569	-
3.1.	30 жасқа дейін	5 718	24%
3.2.	30 дан 50 жасқа дейінгілер	10 622	45%
3.3.	50 жастан асқандар	7 229	31%

Персоналды даярлау және оқыту

Қоғам тобының тұрақты әрі серпінді дамуы оның қызметкерлерінің біліктілігі мен кәсіпқойлығына тікелей байланысты. Қызметкерлерді оқыту, олардың кәсіби өсуі мен біліктілігін арттыру Қоғамның персоналды басқару саясатының ең маңызды бағыты болып табылады.

Қоғам дамуының 2012-2022 жылдарға арналған стратегиясына сәйкес, қолда бар электр энергиясын өндіруші қуаттарды жаңғырту/оңтайландыру/қайта құрылымдау және жаңа қуаттарды салу, жаңартылатын энергия көздерінің әлеуетін дамыту жөніндегі ірі жобаларды жүзеге асыру көзделген.

Алға қойған мақсаттарды және жоспарланған жобаларды жүзеге асыру үшін біліктілігі жоғары, дайындығы мықты кадрлар қажет. Алайда, еңбек нарығындағы қазіргі жағдай өндіріс талаптарына сай келмейді. Білікті кадрлардың жетіспеушілігі Қоғам активтері құнының артуына және өндіріс тиімділігіне ықпал ететін негізгі операциялық тәуекел ретінде айқындалған.

LA12 **ЖЫНЫСЫНА, ЖАСЫНА ҚАРАЙ ЖӘНЕ АЗ ҰЛТ ӨКІЛДЕРІ КӨРСЕТІЛГЕН ҰЙЫМНЫҢ БАСҚАРУШЫ ОРГАНЫНЫҢ ҚҰРАМЫ**

№	Көрсеткіш	Үлесі
1.	ЖЫНЫСЫ	-
1.1.	Ерлер	85%
1.2.	Әйелдер	15%
2.	АЗШЫЛЫҚ ТОБЫ	-
2.1.	Қазақтар	68%
2.2.	Орыстар	22%
2.3.	Украиндар	3%
2.4.	Ұйғырлар	0%
2.5.	Татарлар	2%
2.6.	Немістер	0%
2.7.	Белорустар	1%
2.8.	Корейлер	2%
2.9.	Басқалар	1%
3.	ЖАСЫНА ҚАРАЙ	-
3.1.	30 жасқа дейінгілер	2%
3.2.	30 дан 50 жасқа дейінгілер	57%
3.3.	50 жастан асқандар	41%

Осыған байланысты Қоғам қызметкерлерің құзыреттілігін, біліктілігі мен кәсіпқойлығын арттыру, бизнес-мақсаттарды шешудің креативті және бастамалы тәсілін дамытуды, сондай-ақ әр қызметкердің әлеуетін ашу үшін жағдай туғызу жөніндегі шаралар кешенін іске асырады.

Қоғамда кадрларды даярлау бойынша бизнестің барлық бағыты мен персоналдар санатын қамтитын корпоративті жүйесі құрылып, жұмыс істеуде. Жүйе көрнекі құралдарды, макеттер мен тренажерларды қолдана отырып, энергетика саласына арналған тар шеңбердегі және арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асыру үшін әзірленген.

Қоғам тобында персоналды даярлау және қайта даярлау жүйесіне оқытудың екі негізгі бағыты енгізілген: персоналды сыртқы білім беру мекемелерінде оқыту және өзінің оқу орталықтары базасындағы оқыту шаралары немесе өзінің күшімен болмаса сырттан оқытушылар тарту арқылы, сондай-ақ жұмыс орнында оқыту.



Іште оқыту өндіріс үдерісін жетілдіру және жаңа технологияларды игеру үшін Қоғам тобы ішіндегі білімді жинақтау, жүйелеу, сақтау мен беруді білдіреді және ол ұйым аумағында немесе корпоративішілік оқу орталықтары аумағында іске асырылады:

- «Алматы электр станциялары» АҚ-да персоналды оқыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіретін, негізгі энергетикалық мамандықтар бойынша даярлауды, қайта даярлауды, біліктілікті көтеру жөніндегі курстарды жүргізетін, сондай-ақ қауіпті өндірістік нысандарды пайдалануды іске асыратын қызметкерлер үшін корпоративтік семинарлар ұйымдастыратын Оқу орталығы бар;
- «Алматы Жарық Компаниясы» АҚ-да кәсіби шеберлікті арттыру, алдыңғы қатарлы әдістер мен жөндеу-пайдалану жұмыстарын атқару жолдары, қосалқы станциялар мен электр тарату желілерінің қондырғыларына қызмет көрсету барысында қолданылатын алдыңғы қатарлы технологияларды, жаңа құрылғылар мен құрал-жабдықтарды енгізу жөніндегі курстар өткізілетін 6 оқу-жаттығу полигоны бар;
- «Богатырь Көмір» ЖШС-да персоналды қауіпсіздік пен еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытатын және білімдерін тексеруге арналған қазіргі заман талаптарына сай жарақталған оқу-курс комбинаты бар. Оқу-курс комбинатында арнайы жабдықталған тау-кен көлігі құралдары мен машиналары, теміржол көлігі, жүк көтергіш машиналар, слесарьлық және электрмен дәнекерлеу ісі, еңбекті қорғау кабинеттері бар.

«Самұрық-Қазына» АҚ қаржы-экономикалық блогы қызметкерлерінің біліктілік деңгейін арттыру жөніндегі бастамасын жүзеге асыру мақсатындағы басым бағыт – Қоғам топтарындағы қаржы-экономикалық блок қызметкерлерін сертификаттау болып табылады.

2014 жылы Қоғамның компаниялар тобындағы ҚЭБ қызметкерлерінің 35 %-ы сертификатқа ие болып, Қордың 2014 жылдың соңына қарай қызметкерлердің 30 %-ының сертификат алуын қамтамасыз ету бойынша қойып отырған талабына сай болды.

Қоғам қызметкерлерінің ағылшын тілін меңгеру деңгейін арттыру мақсатында топтық және жеке форматтағы тілдік курстар жұмыс істейді. Қазіргі кезде Қоғамның 26 қызметкері өзінің ағылшын тілін меңгеру деңгейін арттыруда.

Қоғамның еншілес компанияларында мемлекеттік тілді меңгеру курстары да табысты жүзеге асырылуда.

Бұдан басқа, Қоғам басшы және басқарушы қызметкерлерді дамытуға да баса мән беріп, олардың Қоғамның стратегиялық дамуының талаптары мен перспективалары ескерілетін техникалық машықтануларға, семинарларға, тренингтерге, конференцияларға, форумдарға қатысуын қарастырады.

Осы мақсатта, ағымдағы жылы Австралияның Мельбурн қаласында көмір кен орындарында жұмыс істудің белгілі әдістері мен технологияларын жетілдіру жөніндегі алдыңғы қатарлы тәжірибені оқып-үйрену бойынша техникалық машықтану, Ұлыбританияның Лондон қаласында энергетика саласындағы компанияларды трансформациялау жөніндегі семинар, Жапония Экономика, сауда және индустрия министрлігінің шетелдік инфрақұрылымдық жобаларға қолдау көрсету жөніндегі бағдарламасы бойынша тренинг ұйымдастырылды. Аталған бағдарламалар шеңберінде қызметкерлердің алдыңғы қатарлы әлемдік компанияларда болып қайтуы қамтамасыз етілді.

2014 жылы аталған шаралар аясында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша 14 400 қызметкер оқытылды, Компаниялар тобы бойынша персоналды оқыту мен дамытуға еңбекке ақы төлеу қорынан бөлінген инвестиция 2014 жылы 1,1 % -ды құрады.

Қоғам мақсаттарына тиімді қол жеткізу мақсатында, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында қызметкердің тиімділігін бағалау жүйесі енгізілуде. 2014 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметкерлерінің 3 %-ы ресми түрде нәтижелілікті бағалаудан өтті.



LA9

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНАТЫНА ШАҚҚАНДА, БІР ҚЫЗМЕТКЕРДІ БІР ЖЫЛ ІШІНДЕ ОҚЫТУ САҒАТТАРЫНЫҢ ОРТАША САНЫ

Персонал санаты	2014 жылдың соңындағы жалпы саны	2014 жыл ішіндегі даярлық сағаттарының саны	Жыл ішіндегі бір қызметкердің даярлық сағатының орташа саны
Жоғары басшылық (топ-менеджмент)	87	1 534	17,63
ӘБП	1 735	22 980	13,24
Өндірістік персонал	21 117	931 550	44,11
Қызмет көрсету персоналы	630	2 202	3,50

Персонал санаты	2013 жылдың соңындағы жалпы саны	2013 жыл ішіндегі даярлық сағаттарының саны	Жыл ішіндегі бір қызметкердің даярлық сағатының орташа саны
Жоғары басшылық (топ-менеджмент)	84	1 606	19,12
ӘБП	1 698	41 930	24,69
Өндірістік персонал	21 003	956 306	45,53
Қызмет көрсету персоналы	728	4 374	6,01

LA11

НӘТИЖЕЛІЛІКТІ БАҒАЛАУ МЕН МАНСАПТЫ ДАМУ ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ЖҮРГІЗІЛІП ТҰРАТЫН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҮЛЕСІ

№	Көрсеткіш	Мәні, адам
1.	2014 жылдың соңындағы қызметкерлердің жалпы саны (тізім бойынша)	23 569
2.	Нәтижелілікті бағалаудан ресми түрде өткен қызметкерлер саны, оның ішінде	784
2.1.	Ерлер	299
2.2.	Әйелдер	485
3.	Нәтижелілікті бағалаудан ресми түрде өткен қызметкерлер үлесі	3%
3.1.	Ерлер	38%
3.2.	Әйелдер	62%

Кадр резервін жасақтау

Компанияның бәсекелестік жағдайында ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерге уақытылы көңіл аударып отыруы қажеттілігін ескере отырып, Қоғам тобындағы менеджменттің басым міндеттерінің бірі сабақтастықты қалыптастыру болып табылады.

Осыған байланысты «Самұрық-Энерго» тобында «Самұрық-Энерго» АҚ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы негізгі лауазымдарға кадр резервін жоспарлау тәжірибесі жүзеге асырылуда.

Аталған міндетті орындау үшін Қоғамда кадр резервін қалыптастыру мен жұмыс үдерісін реттейтін ішкі нормативтік құжаттар, Қоғам тобы ішіндегі қызметкерлердің кірігуі/орын ауысуы мүмкіндігі ескеріле отырып, сабақтастық бағдарламасы қалыптастырылатын негізгі лауазымдар қайта қаралды.

2014 жылы кадр әлеуетін пайдалану тиімділігін арттыру және персоналды басқару жүйесін жетілдіру мақсатында Самұрық-Энерго тобында кадр резерві құрамын

көккейкесті ету жөніндегі шаралар жүзеге асырылды: үміткерлер әлеуетін бағалау іске асырылды, калибрлік сессиялар өткізілді, іріктелген резервте тұрғандардың мансаптық жоспары айқындалды. Жүргізілген рәсімдердің қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ тобы бойынша кадр резерві құрамының саны 628 адамды құрады.

Кадр резервинде тұрған қызметкерлерді даярлау және одан әрі дамыту мақсатында оқыту шаралары, резервтегілердің Директорлар кеңесі мүшелерімен, Қоғам Басқармасы төрағасымен кездесуі ұйымдастырылып, өткізіледі.

Бұдан басқа, трансформациялау бағдарламасы мен «Самұрық-Энерго» АҚ тобына өзгерістер енгізу аясында, нарық сұранысы мен алдағы болар сын-қатерлерді есепке ала отырып, болашақ басқарушылар мен сала көшбасшыларын анықтауға мүмкіндік беретін құзыреттіліктің жаңа үлгісі енгізілді.

Жастармен жұмыс және тәлімгерлік институтын дамыту

Жастар саясаты жас қызметкерлерді тартуға, олардың өзін-өзі көрсетуінің табысты түрде және тиімді іске асуына, кәсіби әлеуетінің дамуына жағдай жасап, мүмкіндік беруіне бағытталған басымдықтар мен шаралар жүйесін білдіреді.

Қазіргі кезде Қоғам компаниялары тобында жастардың қоғамдық ұйымдары мен жастар қозғалысы құрылып, жұмыс істеуде, олардың жұмысының негізгі бағыты - жастардың рухани, мәдени, білім беру, кәсіби қалыптасуы мен тән дамуы, олардың шығармашылық әлеуетін ашу үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық талаптар мен кепілдіктерді жасау болып табылады.

Қоғам компаниялары тобында құрамында барлығы 4 700 адам бар 12 жастар ұйымы жұмыс жүргізуде.

Техникалық және кәсіби білімі бар білікті жас мамандарды даярлау сапасын арттыру мақсатында, сондай-ақ студенттер оқу орнында оқитын теория мен өндірістегі және еңбек нарығындағы талаптар арасындағы айырмашылықты қысқарту мақсатында Қазақстанда техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау және жаңғырту үдерісі басталды.

Осы мақсатта «Богатырь-Көмір» ЖШС мен «Алматы электр станциялары» АҚ базасында техникалық оқу орындарымен мамандар даярлау мәселесіндегі кооперацияны қарастыратын дуальдық білім беру жүйесі жоспарлы түрде енгізілуде.



Ағымдағы жылы «№ 18 Екібастұз кәсіби лицейі» ММ-нен құрал-жабдықтарды күту және жөндеу жөніндегі электр слесарьларының бірінші тобы – 17 студент оқу бітіріп шықты, олардың 5-еуі «Богатырь Көмір» ЖШС-ға жұмысқа орналастырылды. Алматы мемлекеттік энергетика және электрондық технологиялар колледжінің Автоматика және өлшеу құралдары жөніндегі электр слесарьлары тобының 25 түлегі 2017 жылы оқу бітіреді деп күтілуде. Қазіргі кезде олар «Алматы электр станциялары» АҚ өндірістік учаскелерінде оқудан өтуде.

Дуальдық оқыту жүйесі практикасын одан әрі дамыту мақсатында 2015 жылы Қоғамның 4 кәсіпорнына қажетті 50 студентке техникалық, кәсіби білім беру үшін техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарымен келісім/шарттарға қол қою жоспарлануда.

Бұған қоса, техникалық және кәсіби білімі бар жас мамандарды даярлау сапасын арттыру үшін Қоғам серіктес-колледждерді материалдық-техникалық жарақтандыру ісіне де қолдау көрсетеді. 2014 жылы Қоғамның еншілес компаниясы – «Богатырь Көмір» ЖШС мен «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ Екібастұз политехникалық колледжінің балансына 21 атаулы техникалық құрал-жабдықтарды берді, оның ішінде өлшеу құралдары, релелік аппаратура, диодтар, тиристорлар, конденсаторлар, жібергіштер, күштік автоматтар, станоктар (тегістейтін, әмбебап құбыр игіш) және т.б. бар.

Қоғамды жас мамандарды оқытудың анағұрлым тиімді формасы ретінде тәлімгерлік жүйе белсенді түрде енгізілуде. Тәлімгерліктің негізгі мақсаты жас қызметкер-

лердің Қоғамның еңбек ұжымына сіңісіп, кірігіп кетуі үшін қолайлы жағдайлар туғызу. Тәлімгерлік жұмысқа жаңа келген машықтанушының Қоғамның тәжірибелі әрі біліктілігі жоғары қызметкері ретіндегі тәлімгерінен ұдайы ақыл-кеңес алып отыру ұстанымы негізінде қалыптасады.

Ұрпақтар сабақтастығын насихаттап, энергетик мамандығын дәріптеу мақсатында ағымдағы жылдың мамыр айында Қоғам Астана қаласында 11 еңбек династиясымен кездесу өткізді, олардың еңбек өтілі 100-ден 160 жылға дейін жетеді. Кездесу материалдары сайт беттерінде және еншілес компаниялардың қабырға газеттерінде жарияланды.

Ынталандыру және еңбекке ақы төлеу

Қоғам өз қызметкерлерінің өндірісте жоғары жетістіктерге жетуге талпынуына, олардың компания ішіндегі кәсіби және мансаптық өсуге қызығушылық танытуына айырықша мән береді. Қоғам персоналға лайықты еңбекақы төлеу арқылы жоғары деңгейде ынталандыруды қамтамасыз етуге тырысады.

Осы бағыттағы жұмыстар шеңберінде және Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2014 жылғы 1 сәуірден бастап «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының тікелей өндірісте еңбек ететін қызметкерлерінің жалақысы көбейтіліп, ол 2014 жылдың соңында 141 566 теңгені құрап, жоспар 101 %-ға орындалды (140 004 теңге).

2014 жыл ішіндегі орташа айлық жалақы көрсеткіші 154 355 теңгені құрап, өткен жылғы осы мерзіммен салыстырғанда 12,6 %-ға өскен, оның ішінде ӘБП бойынша – 302 457 теңге (өсім 9,6 %), өндірістік персонал бойынша – 141 566 теңге (өсім 12,9 %).

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 124-бабы негізінде және қызметкерлерге ақы төлеу мәселелерін реттейтін ішкі құжаттар ережелеріне сәйкес, Қоғам тобында жыл сайын 1 қаңтардан бастап, айлық тарифтік мөлшерлемеге (лауазымдық жалақы) инфляция деңгейіне (Қазақстан Республикасының «Республикалық бюджет туралы» Заңымен бекітілген төменгі еңбек ақы мөлшерінің өзгеруіне тепе-тең) индексация жүргізіледі.

Қоғам қызметкерлері үшін кәсіпті (лауазымды) қоса атқарғаны, қызмет көрсету аумағының кеңейгені немесе жұмыс ауқымының ұлғайғаны үшін бекітілген еңбекақы қоры шегінде қосымша ақы енгізілген, сондай-ақ жоғары кәсіби шеберлігі мен жоғары біліктілігі немесе айырықша маңызды жұмысты орындағаны үшін тарифтік мөлшерлемеге сараланған үстемелер белгіленеді.



«Самұрық-Энерго» компаниялар тобында ауыр, зиянды (айырықша зиянды), қауіпті жұмыс жағдайында еңбек ететін қызметкерлер үшін Қазақстан Республикасының «Республикалық бюджет туралы» Заңында белгіленген тиісті жылға арналған төменгі айлық еңбекақы көлемі есебінен және салалық коэффициентті арттыратын еңбекақының ең төменгі стандарты сақталады.

Еңбекақы жүйесін жетілдіру мақсатында 2014 жылы Қоғамда еншілес ұйымдардың еңбекке ақы төлеу және сыйақы беру саласындағы саясатын бірегейлендіру үрдісі басталып, аталған үрдісті реттейтін нормативтік құжаттардың жаңа редакциясы бекітілді.

«Шардара ГЭС» АҚ, «Бұқтырма ГЭС» АҚ, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-де бекітілген еңбекақы қоры шегінде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай 10 ТЕ-АМ-нан (төменгі еңбек ақы мөлшерлемесінен) аспайтын көлемді біржолғы сыйақы төлеу қарастырылған. «Бұқтырма ГЭС» АҚ, «Samruk-Green Energy» ЖШС, «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС-де кезекті еңбек демалысына айлық жалақы көлемінде материалдық көмек төлеу қарастырылған. Аталған төлемдерге бөлінетін қаржы 2015 жылға арналған даму жоспарында қарастырылған.

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобында еңбекке ақы төлеу жүйесі мынадай негізгі ұстанымдарға сүйеніп жүргізіледі:

- Дербес жұмыстың, құрылымдық бөлімшелер жұмысының және ұйымның стратегиялық мақсаттарға жету тиімділігін арттыру арқылы Қоғам мақсаттарына қол жеткізу үшін қызметкерлерді ынталандыру;

- Аймақтық және бизнес ерекшеліктерін ескере отырып, еңбек нарығындағы әлеуметтік топтаманың бәсекеге қабілеттілігі;

- Ашықтық — барлық қызметкерлердің құрылымды қалыптастыру және құпиялылықты сақтау жағдайында сыйақы беру деңгейі ұстанымдарын түсінуін қамтамасыз ету;

- Еңбекке ақы төлеу жүйесінің Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдылықтарына сай келуі;

Қоғам мен оның еншілес және тәуелді ұйымдары жыл сайын аймақтардағы еңбек нарығына қатысуға мониторинг жүргізіп, алынған мәліметтер негізінде қызметкерлердің еңбек ақы мөлшеріне түзету енгізеді. Қоғам бойынша төменгі еңбек ақы көлемі 2014 жылы 60 802 теңгені құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 7 %-ға артық. Қазақстан Республикасының «Республикалық бюджет туралы» Заңына сәйкес, 2014 жылғы төменгі еңбек ақы көлемі 19 966 теңгені құрады.

EC5 ҰЙЫМ ӘРЕКЕТ ЕТЕТІН МАҢЫЗДЫ АЙМАҚТАРДАҒЫ БАСТАПҚЫ ДЕҢГЕЙДЕГІ ЕҢБЕКАҚЫ МЕН БЕКІТІЛГЕН ТӨМЕНГІ ЕҢБЕКАҚЫ ҚАТЫНАСЫНЫҢ ДИАПАЗОНЫ

Көрсеткіш	Мәні (2014)	Өлшем бірлік
Төменгі еңбек ақы	мың теңге	19,966
Ұйым әрекет ететін маңызды аймақтардағы бастапқы деңгейдегі қызметкердің еңбек ақысы	мың теңге	88,398
Ерлер	мың теңге	89,430
Әйелдер	мың теңге	87,366
Қатынасы	%	443
Ерлер	%	448
Әйелдер	%	438

Әлеуметтік жауапкершілік

Әлеуметтік саясат

Қоғамның әлеуметтік саясаты Даму стратегиясы мен Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік стратегиясына сәйкес жүргізіледі. Оның негізгі бағыты әлеуметтік саладағы мемлекеттік бағдарламаларды жүзге асыру, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау, қайырымдылық және демеушілік көмек көрсету, персоналдың талаптарын қанағаттандыру және оның денсаулығын жақсарту.

Әлеуметтік тұрақтылықты өлшеу және арттыру

Қоғам топтарындағы еңбек ұжымдарының әлеуметтік көңіл-күйін бағалау, қызметкерлердің хал-жағдайының негізгі көрсеткіштерін өлшеу және көкейкесті мәселелер мен мазасыз аймақты анықтау мақсатында, 2014 жылдың үшінші тоқсанында «Самұрық-Қазына» АҚ Әлеуметтік серіктестік орталығы мен Корпоративтік университеті әлеуметтік тұрақтылық пен персоналдардың қызығушылығы көрсеткішінің рейтингін анықтауға арналған зерттеулер жүргізді.

Зерттеу қорытындысында Қоғам топтары бойынша өндірістік персоналдың әлеуметтік тұрақтылығы рейтингісінің 2014 жылғы көрсеткіші жағымды динамикамен сипатталып, 2013 жылғы 63 %-дан 2014 жылы 69 %-ға дейін артқаны анықталды. 2013 жылы Қоғамның бір ғана еншілес компаниясы «жоғары» рангінде болса, 2014 жылы Қоғамның үш еншілес компаниясы жоғары тұрақтылық деңгейіне қол жеткізгенін атап өткен жөн.

Әлеуметтік топтама

Қоғам экономикалық және әлеуметтік құрамдасқа баса мән бере отырып, бизнестің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге тырысады. Персоналдар уәждемесін арттырудың, біліктілігі жоғары қызметкерлерді тарту және ұстап қалудың негізгі құралдарының бірі – қызметкерлердің табысын арттыруға бағытталған әлеуметтік топтама және олардың әлеуметтік қорғалуы болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметкерлеріне 2014 жылы ұсынылған әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер қатарына: қызметкерлердің өзінің еңбек (қызметтік) міндетін орындау барысында болған қайғылы оқиғалардан сақтандыру, денсаулығын жақсартуға берілетін біржолғы көмек, шипажайлық-курорттық

ту, кадр әлеуетін дамыту және өндірісті дамытуға тиімді инвестиция жасау болып табылады.

Қоғам, әлеуметке бейімделген кәсіпорын ретінде түрлі әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға үлкен мән береді, әлеуметтік серіктестік туралы келісімдер аясында облыстар мен қалалардың әкімдіктерімен өзара әрекеттестікте болады.

Әкімшілік-басқарушы персоналдың қатыстырылу деңгейі де 2013 жылғы 63 %-дан 2014 жылғы 65 %-ға дейінгі жағымды өсімге ие. Қоғам топтарының қызметкерлері өсу перспективаларына қанағаттану сезімін білдіруде. Сұралған респонденттердің төрттен бірінен астамы (27 %) еңбекақының жақсы деңгейде екенін атап көрсетті.


Компанияны әлеуметтік дамыту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу және персоналдың қатыстырылуын арттыру мақсатында, Қоғамның Компаниялар тобында әлеуметтік тұрақтылық рейтингісін арттырудың 2014-2018 жылдарға арналған шаралар жоспары қалыптастырылған, сондай-ақ компания тобы басшыларының ҚНҚ-сіне әлеуметтік тұрақтылық рейтингісін енгізу туралы бастама жасалды. Оның шеңберінде әлеуметтік-еңбек дауларының алдын алу мен шешу, еңбек ұжымымен кері байланыс деңгейін қамтамасыз ету және арттыру көзделген.

емделу, сырқаттану парағына төлем жасау, медициналық сақтандыру мен емделу, өндірістік жарақат алған жағдайда материалдық көмек көрсету және т.б.

Бұдан басқа, «Самұрық-Энерго» компаниялар тобында ұжымдық шарттарға сәйкес, артық жұмыс уақытына, мереке және демалыс күндеріне, түнгі жұмыстарға ақы төлеу, ауыр, зиянды және айырықша зиянды, қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлерге қосымша және үстеме ақы төлеу; ақы төленетін қосымша жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы, электр энергетикасында үздіксіз 10 жыл және одан да көп жұмыс өтілі болған жағдайда мерейтойға (50, 60 жас) байланысты біржолғы сыйақы беру қарастырылған.

Жұмыс пен білім беру ұйымдарындағы оқуды қатар алып жүрген қызметкерлерге де емтихан немесе сессия кездерінде, дипломдық жобаны (жұмысты) дайындау және қорғау, мемлекеттік емтихандар тапсыру кезінде қосымша демалыс беріледі.

Сөйтіп, 2014 жылы Қоғамның компаниялары тобы бойынша 3 087 296 мың теңге сомасында әлеуметтік төлемдер төленген.




Қоғамның еншілес ұйымдарында қызметкерлердің тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін тұрғын үй сатып алуға несие беру жөніндегі бағдарлама жүзеге асырылады. Осылайша, «Богатырь-Көмір» ЖШС-да персоналды ұстап қалу үшін жас қызметкерлерге үй сатып алуға қарыз беру бағдарламасы жүзеге асырылады. 2014 жылы 47 жас қызметкер 294 890 мың теңге сомасына тұрғын үй сатып алды. Сондай-ақ, «Мойнақ ГЭС» АҚ персоналы да тұрғын үймен қамтамасыз етілді, үстіміздегі жылы қызметкерлердің өмір сүру жағдайын жасау үшін автокөлік жолдарын қайта жөндеу, кентішілік жолдардың құрылысын салу жөніндегі жұмыстар атқарылды, ЖЖМ құрылысы бітуге тақау.

Қызметкерлерге төлемақы мен жеңілдіктер беру

Қызметкерлерге берілетін төлемақылар мен жеңілдіктер

	Жұмыспен толық қамтылған қызметкерлер үшін	Жұмыспен толық қамтылмаған немесе уақытша қамтылған қызметкерлер үшін
Өмірді сақтандыру	Беріледі	Беріледі
Денсаулық сақтау (медициналық сақтандыру)	Беріледі	Беріледі
Еңбекке жарамсыздық/мүгедектік бойынша өтемақы	Беріледі	Беріледі
Анаболу/әке болу бойынша демалыс	Беріледі	Беріледі
Зейнетақы беру (зейнетке шыққан кездегі біржолғы төлемақы)	Беріледі	Берілмейді
Компанияның акцияларын меншікке беру	Берілмейді	Берілмейді
Өзге (шипажай-курорттық емделу, баланың туылуына байланысты материалдық көмек, отбасы мүшелерін емдеуге берілетін материалдық көмек, сауықтыруға байланысты материалдық көмек)	Беріледі	Беріледі

ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР ҚҰРЫЛЫМЫ



- A** Демалыс берген кезде денсаулығын жақсартуға біржолғы көмек 38%
- B** Жас қызметкерлерге үй сатып алуға қарыз беру 10%
- C** Мерекелік, мәдени жаппай және спорттық шараларды өткізуге шығындар 9%
- D** Қызметкерлердің шипажай-курорттық емделуі 6%
- E** Медициналық сақтандыру 4%
- F** Басқа төлемдер 33%

Салауатты өмір салты

Қоғам қызметкерлер мен олардың отбасыларының салауатты өмір салтын кеңінен насихаттап, қолдайды. Жыл сайын «Самұрық-Энерго» Компаниялар тобының кәсіподақтарымен бірлесіп қызметкерлердің белсенді демалысына арналған бұқаралық спорттық жарыстар және қызметкерлердің белсенді демалуына байланысты іс-шаралар өткізіледі.

Сөйтіп, 2014 жылдың қыркүйегінде «Энергетиктер кәсіподақтары федерациясы» қоғамдық бірлестігінің күшімен Астана қаласында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметкерлері арасында ІІ Спартакиада өткізіліп, оған 14 команда құрамында 300-ден астам адам қатысты. Спартакиада қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ құрама командасы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2-ші Спартакиадасына қатысып, 17 команда арасында құрметті 3-орынды иеленді.



Ұжымдық шарттар

Қоғам компаниялары тобында қызметкерлер мен жұмыс берушілердің әлеуметтік серіктестік аясындағы өзара қарым-қатынасын, тараптардың өзара жауапкершілігін айқындайтын, қызметкерлерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуге бағытталып, оларға қосымша жеңілдіктер мен кепілдер беруді көздейтін 13 ұжымдық шарт жасалып, қолданылуда.

Ұжымдық шарттарды әзірлеп, жасау Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 282-бабына сәйкес іске асырылады. Ұжымдық шарттар кәсіподақтағы еңбек өтілдері 10-35 жыл аралығындағы кәсіподақ комитет-

тері төрағаларының қатысуымен әзірленеді. Ұжымдық шарт үш жыл мерзімге жасалады. Ұжымдық шартқа қол қойылар алдында заңгердің сараптамасынан өткізіледі.

Шартта көрсетілген міндеттер тұрақты орындалады. Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі екіжақты комиссиялар сындарлы жұмыс істейді. Олар шарт міндеттемелерінің орындалуын, сондай-ақ оған қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бақылау жасауды іске асырады.

LA4

ҰЙЫМ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ХАБАРЛАМА ЖАСАУДЫҢ ЕҢ АЗ МЕРЗІМІ, СОНЫМЕН ҚАТАР ОЛ ҰЖЫМДЫҚ КЕЛІСІМДЕ КӨРСЕТІЛГЕН БЕ

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 48-бабы 2-тармағына сәйкес, Қоғам мен оның ЕТҰ басшылары қызметкерді және/немесе оның өкілін еңбек шартының өзгергені туралы кемінде бір ай бұрын жазбаша түрде

ескертеді. Аталған тармақ ұжымдық шартта көрсетілген және «Самұрық-Энерго» компаниялар тобының әр ұйымында мүлтіксіз сақталады.

G11

2014 ЖЫЛЫ ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТАРДА ҚАМТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҮЛЕСІ

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	Мәні
2014 жылдың соңындағы қызметкерлердің (тізім бойынша) жалпы саны	адам	23 569
Оның ішінде 2014 жылға арналған ұжымдық шартта қамтылған қызметкерлер саны:	адам	22 745
Ұжымдық шартта қамтылған қызметкерлердің жалпы санының үлесі:	%	97

Қоғамның адам құқықтарын сақтауы

Қоғамның тұрақты даму саласында персоналмен қарым-қатынасындағы басты мақсаты адамның еңбек ету құқығын іске асыру болып табылады.

Қоғам өз қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық базасына қайшы келмейтін діни нанымдары мен саяси көзқарастарын құрметтейді. Сондай-ақ Қоғам өз қызметкерлерінің жұмыс уақытынан тыс кезде, жеке тұлға ретінде саяси, діни және қоғамдық жұмыстарға араласуына кедергі келтірмейді.

2014 жылы «Самұрық-Энерго» компаниялар тобында жергілікті және саны аз халықтардың құқығына қатысты бірде-бір оқиға болған жоқ. Қоғам құқықтар мен мүмкіндіктер теңдігі ұстанымын мойындайды. Қызметкерлер қолданылып жүрген заңдылықтар шеңберінде қауымдастықтарға бірігіп және ұжымдық келіссөздер жасау еркіндігі құқығына ие.

2014 жылдың ішінде «Самұрық-Энерго» компаниялар тобы зиянды және (немесе) қауіпті жұмыс жағдайында 18 жасқа толмағандардың еңбегін пайдалануға тыйым салатын талапты қатаң орындады, сондай-ақ қызметкерлер мен іскер серіктестерге қатысты қандай да болмасын кемсітушілікке жол берген жоқ.

Қазіргі кезде «Самұрық-Энерго» компаниялар тобында 16 кәсіподақ ұйымы жұмыс істейді, Қоғамның компаниялар тобы қызметкерлерінің 80 % (19 000 астам адам) оның мүшесі болып табылады.

2014 жылдың бірінші жартыжылдығында жоғарыда аталған 16 кәсіподақ ұйымының құрамында 844 адамы бар 6 бастауыш кәсіподақ ұйымы белсенді жұмыс істей бастады. Кәсіподақ комитеттерінің жетекшілері болып бұған дейін әлеуметтік тұрақтылық рейтингін арттыру мен персоналды тарту жөніндегі шараларды іске асыруға белсене ат салысып жүрген тәжірибелі кәсіподақ мүшелері сайланды.

Әлеуметтік шиеленіс деңгейін төмендетіп, еңбек дауларын реттеу және қызметкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында Қоғамның компаниялар тобында медиаторлар институты құрылды, 2014 жылдың соңында

оның құрамы 319 адамға жетті, олардың 8-і корпоративтік медиатор сертификатына ие болды.

Ағымдағы жылы Қоғамның компаниялары тобында медиаторлар мен ЕТҰ жетекшілерінің қатысуымен «Психологиялық аспектілер және жанжалдарды шешу» тақырыбындағы дөңгелек үстел, «Әлеуметтік-тұрмыстық талаптар», «Өндірістік бөлімшелердің қызметкерлері арасындағы қарым-қатынастар», «Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау мәселелері» тақырыптарында дөңгелек үстелдер өткізілді.

Сонымен қатар, 2014 жылы медиаторлардың қатысуымен еншілес ұйымдар, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар басшыларына жолданған 24 шағым қаралды, бұл 2013 жылғы осы мерзіммен салыстырғанда 42 %-ға аз (2013 жылы – 41 шағым).

2014 жылы арыз-шағымдар құрылымында оң өзгерістер орын алғанын айта кету керек. Егер 2013 жылы барлық арыз-шағымдардың 37 %-ынан астамы жоғары органдарға жолданған болса, 2014 жылы бұл көрсеткіш 18 %-ды құрады. Ал, келісу комиссиясының, кәсіподақ ұйымдарының және кәсіпорын жетекшілерінің атына жолданған арыз-шағымдардың көрсеткіші 82 %-ға жетіп, бұл өз кезегінде қызметкерлердің кәсіподақ ұйымдары мен кәсіпорынның әкімшілігіне деген сенімінің арта түскенін білдіреді.

Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу шеңберінде, «Самұрық-Энерго» АҚ тобында кәсіподақ ұйымдарымен қатар Әлеуметтік-еңбек дауларын реттеу жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссиялар құрылған.

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы қызметкерлерінің ішкі шағымдарын тіркеу үшін «қауыт желі» телефонын, арыздар мен шағымдарға арналған арнайы жәшік орнату жұмыстары енгізілген, әрі ұйым басшыларының дербес блогы құрылып, жұмыс істейді.

Бұған қоса, Қоғамның компаниялар тобында омбудсмен институты құрылуда, Омбудсмен туралы ереже мен Іскерлік этика кодексі бекітілді.Бүгінгі күні Қоғам компаниялары тобында 13 омбудсмен жұмыс істейді.

LA16

ШАҒЫМ БЕРУДІҢ РЕСМИ ТЕТІКТЕРІ АРҚЫЛЫ БЕРІЛГЕН, ӨНДЕЛГЕН ЖӘНЕ РЕТТЕЛГЕН, ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ ПРАКТИКАСЫ ЖАЙЫНДАҒЫ ШАҒЫМДАР САНЫ

Көрсеткіш	Мәні
2014 жылы Шағым берудің ресми тетіктері арқылы берілген, еңбек қатынастары практикасы жайындағы шағымдардың жалпы саны, оның ішінде	24
есепті мерзім ішінде өңделгені	24
есепті мерзім ішінде реттелгені	24
Есепті мерзім басталғанға дейін берілген және есепті мерзім ішінде реттелген еңбек қатынастары практикасы жайындағы шағымдардың жалпы санын көрсетіңіз	1

LA8

КӘСІПОДАҚТАРМЕН ЖАСАЛҒАН РЕСМИ КЕЛІСІМДЕРДЕ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ КӨРСЕТІЛУІ

Көрсеткіш	Мәні
Кәсіподақтармен жасалған (жаһандық және жергілікті деңгейде) ресми келісімдерде денсаулық және қауіпсіздік мәселелері көрсетіле ме	Иә
Егер көрсетілсе, денсаулық және қауіпсіздік мәселелерінің ұйым қол қойған жергілікті келісімдерде қамтылу деңгейіне қатысты мәліметтер. Жергілікті деңгейдегі келісімдер, әдетте, мынадай сұрақтарды қамтиды:	
Дербес қорғаныс құралдары	Иә
Басшылық өкілдері мен қызметкерлердің қатысуымен құрылған Денсаулық және қауіпсіздік жөніндегі бірлескен комитеттер	Иә
Қызметкерлер өкілдерінің денсаулық және қауіпсіздік, аудит және жазатайым оқиғаларды зерттеу мәселелері жөніндегі инспекцияларға қатысуы	Иә
Білім беру және оқыту	Иә
Шағым беру тетігі	Иә
Қауіпті жұмыстардан бас тарту құқығы	Иә
Мерзімді инспекциялар	Иә
Егер болса, денсаулық және қауіпсіздік мәселелерінің ұйым қол қойған жаһандық келісімдерде қамтылу деңгейіне қатысты мәліметтер. Жаһандық деңгейдегі келісімдер, әдетте, мынадай сұрақтарды қамтиды:	Иә
Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) нұсқаулықтарына сәйкестік	Иә
Мәселелерді шешу жөніндегі шаралар немесе құрылымдар	Иә
Қолданылып жүрген практикалық тәсілдердің мақсаттық стандарттарының нәтижелілігіне немесе деңгейіне қатысты міндеттемелер	Иә

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік көрсеткіштері

Қоғамның Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік стратегиясын жүзеге асырудың табыстылығы қызметтің негізгі көрсеткіштерінің мәні мен динамикасы арқылы анықталады. Қоғам нәтижені біртіндеп жақсартуды көздеп отыр, оған Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы негізгі көрсеткіштердің нақты мәліметтері айғақ.

ҚНҚ атауы	Өлшем бірлігі	Нақты 2013	Жоспар 2014	Нақты 2014
«Самұрық-Энерго» АҚ-ның ҚР бойынша жалпы өнімдегі үлесі	%	31,1	29,3	30,0
«Самұрық-Энерго» АҚ-ның ҚР бойынша көмір өндірудегі үлесі	%	37	31,2	35
Негізгі қызметтен түсетін кіріс	млн теңге	135 844	221 497	178 085
Компанияның түсіміндегі инновациялық жобаларға салынған инвестицияның үлесі	%		14,0	14,8
Компанияның жалпы таза пайдасындағы инновациялық жобаларды іске асырудан түскен пайданың үлесі	%		0,02	2,39
Апаттық жағдайлардан келген шығынның көлемі	млн теңге		7,00	14,04
Еңбекті және қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығын	млн теңге	1 514	1 574	1 430
Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі	%	63	63	69
Кадр тұрақтамаушылығы	%	10,1	12,0	8,6
Маман тарту деңгейі	%	63	63	65
Персоналдың жалпы тізімдегі саны, барлығы	адам	17 426	18 781	18 203
1 адамды оқытуға жұмсалатын шығын, бір жыл	мың	29,4	20,84	20,28
ЕАҚ-дан оқуға жұмсалатын шығын %	%	1,20	1,30	1,13
Өндірістегі жазатайым оқиғалар саны, мың адам	саны/1000 адам	0,5	Жоспар жоқ	0,2
Демеушілік және қайырымдылық көмек шығыны	млн теңге	824	1 540,7	1 170,9
Төлеуге аударылған салықтар мен басқа да міндетті төлемдер	млн теңге	10 859	19 785	17 654
Тауарлардағы, жұмыстар мен қызмет түрлеріндегі жергілікті мазмұнның үлесі	%	69,0	63,0	76,0

* Көрсеткіштердің деректері «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамының даму жоспарына сәйкес келтірілген

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік

G4-LA5

МОНИТОРИНГКЕ ҚАТЫСАТЫН ЖӘНЕ ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАРЛАМАҒА ҚАТЫСТЫ НҰСҚАУЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН, БАСШЫЛЫҚ ӨКІЛДЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚАТЫСУЫМЕН ҚҰРЫЛҒАН ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ БІРЛЕСКЕН РЕСМИ КОМИТЕТТЕРДЕ КӨРСЕТІЛГЕН БАРЛЫҚ ПЕРСОНАЛДЫҢ ҮЛЕСІ

Қоғамның барлық еншілес және тәуелді ұйымдарында (ЕТҰ) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 339-бабына сәйкес, Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі комитеттер (комиссиялар) (ҚЖЕҚК) құрылған. ҚЖЕҚК құрамына басымдық негізде жұмыс берушілердің өкілдері, кәсіподақ ұйымдары мен қызметкерлердің басқа да өкілетті өкілдері кіреді.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі комитеттерде Қоғам ЕТҰ қызметкерлерінің орта есеппен алғанда 2,8 %-ы қамтылған.

G4-LA6

ӨНІРЛЕР МЕН ЖЫНЫСЫНА ШАҚҚАНДАҒЫ, ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУДЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ДЕҢГЕЙІ, КӘСІБИ АУРУЛАР ДЕҢГЕЙІ, ЖОҒАЛТҚАН КҮНДЕР КОЭФФИЦИЕНТІ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ОРНЫНДА БОЛМАУ КОЭФФИЦИЕНТІ, СОНДАЙ-АҚ ЖҰМЫСПЕН БАЙЛАНЫСТЫ ӨЛІМГЕ ӘКЕП СОҚҚАН ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ

2014 жылы, 2013 жылмен салыстырғанда Қоғам ЕТҰ-да өндірістік жарақат саны анағұрлым азайған. Алайда, 2014 жылы орын алған, өлімге әкеп соққан жазатайым оқиғалар туралы атап өту қажет.

Жарақат түрлері	2013	2014
Химиялық күйік	1	-
Соғып алу	1	-
Травматикалық ампутация	1	-
Электр жарақаттары	4	1
Сынықтар	5	3
Барлығы	12	4

Өндірістегі жазатайым оқиғаларды тіркеу, хабарлау реті мен есебі Қазақстан Республикасы (ҚР) Еңбек кодексінің «Еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғалар мен қызметкерлердің денсаулығына келтірілген басқа да залалдарды тексеру және олардың есебін жүргізу» тақырыбындағы 37-тарауына және ҚР-ның басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүргізіледі. Ай сайын қауіпсіздік пен еңбекті қорғау және өндірістік жарақат саласындағы мониторинг бойынша есеп жасалып, ол ҚР еңбек жөніндегі өкілетті органына ұсынылады. Жыл қорытындысы бойынша, ҚР Статистика агенттігіне еңбек қызметімен байланысты жарақаттар туралы «7-ТПЗ» формасындағы есеп беріледі.

Көрсеткіштер	2013	2014
Жарақаттану коэффициенті (ЖК)	0,06	0,02
Кәсіби аурулар коэффициенті (КАК)	0	0
Жоғалтқан күндер коэффициенті (ЖКК)	6,24	1,0
Жұмыс орнында болмау коэффициенті (ЖБК)	9,8	20,5
Өлімге әкеп соққан жазатайым оқиғалар саны	0	1

Ескерту:

Жарақат коэффициенті (ЖК) – ЖК = Жарақаттанудың жалпы саны * 200 000 / Жалпы атқарылған сағаттар саны;

Жоғалтқан күндер коэффициенті (ЖКК) – ЖКК = Жоғалтқан күндердің жалпы саны * 200 000 / Жалпы атқарылған сағаттар саны;

Жұмыс орнында болмау коэффициенті (ЖБК) – ЖБК = мерзім ішіндегі босатқан (болмаған) күндердің жалпы саны * 200 000 / Осы уақыт ішіндегі жалпы атқарылған сағаттар саны.

G4-LA7

ЖҰМЫС ЕРЕКШЕЛІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ, ЖАРАҚАТТАНУ ЖӘНЕ АУРУҒА ШАЛДЫҒУ ТӘУЕКЕЛІ ЖОҒАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

Қоғамның ЕТҰ	Саны
«Алматы Электр Станциялары» АҚ	2 109
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	307
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	1 101
«Жамбыл ГРЭС» АҚ	379
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	900
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	164
«Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ	744
«Маңғыстау электртораптық бөлу компаниясы» АҚ	25
«Шардара ГЭС» АҚ	119
«Богатырь Көмір» АҚ	5 041

Қоғамның барлық еншілес және тәуелді ұйымдарында жұмыс орындарындағы еңбек жағдайларына аттестация өткізілді. Жұмыс орындарының аттестациясына сәйкес, еңбек жағдайы зиянды және қауіпті жұмыс орындары айқындалды. Ондағы барлық қызметкерлерге тиісті жеңілдіктер беріліп, дербес қорғаныс құралдарымен және арнайы киім-кешекпен жабдықталды.

Қоғамның барлық ЕТҰ-да зиянды және қауіпті жағдайда еңбек ететін қызметкерлерінің еңбек жағдайын жақсарту жөніндегі шаралар жоспары әзірленді.

«Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт, емдік-профилактикалық тағам, арнайы киім, арнайы киім мен басқа жеке қорғану құралдарын беру, қызметкерлерді ұжымдық қорғану құралдарымен, санитарлық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету; қызметкерлерге жұмыс берушінің есебінен сүт беру нормаларын; қызметкерлерге жұмыс берушінің қаражаты есебінен емдік-профилактикалық тағам беру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 05.12.2011ж. №1458 қаулысы

ҚОҒАМНЫҢ БАРЛЫҚ ЕТҰ-ЛАРЫНДА ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТ АЛУДЫ АЗАЙТУ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШАРАЛАР:

1.



Жазатайым оқиғалардың анық-қанығы мен себептері барлық қызметкерлерге хабарланады.

2.



Барлық өндірістік персоналға жоспардан тыс нұсқамалық жүргізіледі.

3.



Жазатайым оқиға орын алған бөлімшелердің барлық қызметкерлері үшін кезектен тыс ТПЕ, ҚТЕ және қауіпсіздік пен еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар бойынша білімдері тексеріледі.

4.



Ай сайын кәсіпорынның бірінші басшысының қатысуымен Қауіпсіздік техникасы күні өткізіледі. Өткізілген Қауіпсіздік техникасы күні нәтижесі бойынша анықталған қателіктерді жою жөніндегі шаралар әзірленеді.

5.




Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметтері қондырғыларға, ғимараттар мен құрылғыларға, жұмыс орнына кешенді түрде тексеру жүргізеді. Кешенді тексеріс қорытындысы бойынша орындау мерзімі мен жауапты тұлғалар белгіленген шаралар жоспары әзірленеді.

6.



Қызметкерлердің қауіпсіздік пен еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі білімдерін тексеру, нұсқамалар беру және оқыту ережелеріне сай, барлық өндірістік персоналды оқыту жүргізіледі.

7.



Жөндеу науқаны алдында, барлық ЕТҰ-да құрылымдық бөлімшелерінің наряд беруге, жұмыс басында басшы және өндіруші болуға құқығы бар инженерлік-техникалық қызметкерлеріне жасақты өндірістік жұмыстарға жіберу мен нарядты рәсімдеуді дұрыстап атқару жөнінде практикалық сабақтары бар семинар-кеңестер өткізіледі.

8.



Кәсіпорындарда ең азы бес жылда бір рет жұмыс орындарындағы еңбек жағдайына аттестация жүргізіледі.

9.



Пайдаланылу ресурсын тауысқан және өндірістік персонал үшін қауіп тудыратын қондырғыларды жоспарлы түрде ауыстыру іске асырылады.

10.



Қоғамның барлық дерлік ЕТҰ-да «Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджментінің OHSAS-18001 жүйесі» халықаралық стандарты енгізілген.

11.



Өндірістік жарақаттанудың әрбір оқиғасы Қоғам ЕТҰ-ның Директорлар/Қадағалау кеңестерінің отырыстарында талқыланады.

G4-LA8 **КӘСІПОДАҚТАРМЕН ЖАСАЛҒАН РЕСМИ КЕЛІСІМДЕРДЕ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ КӨРІНІС ТАБУЫ.**

Қоғамның барлық ЕТҰ-да жұмыс берушілер мен қызметкерлер атынан шығатын кәсіподақтар арасында ұжымдық шарттар жасалған. Ұжымдық шарттар жа-сау тәртібі Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (ҚР ЕК) 31-тарауымен реттеледі. ҚР ЕК-нің 284-ба-бымен айқындалған ұжымдық шарттардың мазмұны мен құрылымы, оның ішінде «...қауіпсіздік пен еңбекті

қорғау жөніндегі шараларды қаржыландыру көлемі ту-ралы, денсаулықты қорғауды жақсарту туралы, ...еңбек ету мен тұрмыстың сау әрі қауіпсіз жағдайын туғызу-ды» қарастырады.

Ұжымдық шарттар қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігі мәселелерін 100 % қамтиды.

G4-LA5-LA7 **АУЫР СЫРҚАТТАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ, ОЛАРДЫҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІНЕ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ ӨКІЛДЕРІНЕ КӨМЕК КӨРСЕТУ МАҚСАТЫНДА БІЛІМ БЕРУ, ОҚЫТУ, КЕҢЕС БЕРУ, АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДІ БАҚЫЛАУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ.**

Қоғам ЕТҰ-да нақты бір сырқат түріне шалдығу тәу-келі анағұрлым көп немесе жоғары тәуекел жағдай-ында жұмыс істейтін қызметкерлер жоқ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 қаңтардағы № 166 «Міндетті медициналық тексеріс жүргізлетін зиянды өндірістік факторларлардың, мамандықтар-дың тізімін, Міндетті медициналық тексерісті жүргізу тәртібін бекіту туралы» қаулысына сәйкес (одан әрі – Қаулы), «Самұрық-Энерго» Компаниялар тобының қы-зметкерлері алдын ала және мерзімді медициналық тексерістерден өткізіледі. Медициналық тексерістерді денсаулық жағдайы бойынша кәсіби жарамдылықты бағалау жөніндегі медициналық әрекетті іске асыруға лицензиясы бар денсаулық сақтау институттары жүзе-ге асырады. Алдын ала және мерзімді медициналық тексерістердің қорытындысы бойынша, комиссия қы-зметкерді сауықтыруға бағытталған шаралар кешенін, атап айтқанда, стационарлық тексерістен өту және ем-делу, оңалту, шипажайлық-курорттық емдеуді ұсынуға және оған шипажай-профилакторийге жолдама беруге кеңес береді.

Сондай-ақ, жоғарыда айтылған қаулыға сәйкес, қыз-меткерлердің белгілі бір тобы күн сайын ауысым ал-дында медициналық куәландырудан өтеді.

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы тұрақты түрде өз қызметкерлері үшін вакцина егу шарасын өткізеді, сонымен бірге аурулардың алдын алу мақсатында им-мунитетті көтермелеуге арналған басқа да шаралар түрлерін пайдаланады.

Қызметкерлердің отбасы мүшелерімен және халықтың өкілдерімен ауыр сырқаттарға қатысты жұмыстар жүр-гізілмейді.

Мердігер және қосалқы мердігер ұйымдар қызметкерлерінің денсаулығы мен қауіпсізді-гіне қатысты саясат пен талаптар

Қоғамның Жұмыс тобының нұсқаулықтарына сай, барлық ЕТҰ-да әзірленген ішкі нормативтік құжаттар-да мердігер таңдаудың талаптары қарастырылған, ол бойынша олардың ҚР қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік және өрт қауіпсіздігі саласындағы норма-тивтік-құқықтық актілерінің талаптарын сақтауын, сондай-ақ мердігерде сапа, экологиялық қауіпсіздік, қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы халықара-лық стандарттар сертификатының болуы талап етіледі.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша тиісті оқудан өткен мердігерлер мен қосалқы мердігерлер қызметкерлерінің пайызы

Мердігер ұйымдардың қызметкерлерін шарт міндетте-мелеріне сай жұмыс жүргізу үшін жұмыс орындарына жіберу қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау норма-ларының ережелеріне сәйкес жүргізіледі. Жіберер ал-дында кіріспе, бастапқы және мақсатты нұсқаулықтар жасалып, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі оқудан, сондай-ақ медициналық тексерістен өткендігі көрсетілген біліктілік куәлігінің болуы тек-серіледі. Жоғарыда айталғандарға сәйкес, мердігер ұйымдардың еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі тиісті оқудан өткен қызметкерлері 100 %-ды құрайды.

Қайырымдылық және демеушілік



Мемлекет бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бо-йынша теңгермелі саясатты ұстау жөніндегі жұмыс-тарды жүргізуде. 2011 жылы Самұрық-Энерго БҰҰ Жаһандық шартына қосылып, Корпоративтік әле-уметтік жауапкершілік стратегиясын бекітті, оның мақсаты әлеуметтік бағдарламаларды жүйелеу, жетілдіру және жүзеге асыру болып табылады. Со-нымен қатар, Самұрық-Энерго мүмкіндігі шектеулі мамандарды жұмысқа қабылдау жөніндегі жұмыс-тарды да жоспарлы түрде жүргізіп келеді.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ Басқармасының 2014 жылғы 27 қаңтардағы № 03/14, 2014 жылғы 6 ма-мырдағы 23/14, 2014 жылғы 24 масымдағы 29/14, 2014 жылғы 27 тамыздағы 41/14, 2014 жылғы 4 желтоқсандағы 54/14, 2014 жылғы 25 желтоқ-сандағы 58/14 шешімдеріне сәйкес, көрсетілген мерзім ішінде 575 175 000 теңге сомасындағы жо-балар қаржыландырылған, оның ішінде демеушілік көмекке – 564 782 000 теңге сомасында, қайы-рымдылық көмекке – 10 393 000 теңге сомасында қаржы жұмсалған.

Спорт федерацияларының, клубтардың жұмысын қаржыландыруға және спорттық шараларды ұй-ымдастыруға Қоғам компаниялары тобы 489 870 000 теңге бөлді. WEC Бүкіләлемдік энергетикалық кеңесі, «Табиғи және техногендік минералдық шикі-затты байыту және кешенді өңдеудің прогрессивті тәсілдері» («Плаксин оқулары-2014») халықаралық конференциясы, Қазақстанның энергетикалық оқу орындары студенттерінің «Болашақ энергия-сы» форумы, «Қазақстанның энергетикасы» жыл-нама-кітапты басып шығару, экологиялық сен-біліктер және т.б. әлеуметтік-маңызды жобаларға қолдау көрсетілді. Ардагерлердің, мүгедектердің ұйымдарына, Балалар үйлері мен орталықтары-

на үлкен көмек көрсетіледі. Мүгедек балалар мен аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға арналған «Мектепке жол», қарт адамдар айлығы, «Самұрық-Энерго» АҚ есебінде тұратын энергетик зейнеткерлерге Еңбек династиялары күні аясын-да құрмет көрсету сияқты ауқымды республика-лық акцияларға қатысты. «Шардара ГЭС» АҚ-да аса мұқтаж ҰОС мен ауған соғысы ардагерлеріне электр энергиясын тұтынуға жеңілдік беру көп жылғы игі дәстүрге айналған.

Аталған шаралар компанияның іскерлік беделін жақсартып, әлеуметтік жауапкершілік деңгейін арт-тыруға ықпал етеді.

Самұрық-Энерго әлеуметтік жауапкершілік мем-лекеттік бағдарламаларына және қайырымдылық бағдарламаларына қатысу арқылы бұдан былай да әлеуметтік саланы дамытуды көздеуде, сондай-ақ өзі жұмыс істейтін әр аймақтағы адамдардың қа-уіпсіздігіне де қамқорлық жасайды.

Демеушілік саласындағы жүргізілген іс-шаралар тізбесі

Қазақстан Республикасы Президентінің, Директор-лар кеңесінің және Қор Басқармасының тапсырма-ларын орындау жөніндегі іс-шараларға қолдау көр-сету аясында 57 870 млн теңге бөлінді. Оның ішінде:

- «Забота» корпоративтік қорына «ШҚО Зырьян ауданы бойынша № 3 БЖСМ» ҚММ үшін спорт жабдықтарын сатып алуға – 270 мың теңге.
- «ҚР Таэквон-до федерациясы» ҚБ ОҚО фили-алына Р. Қуандықовтың Катманду (Непал)

- қаласында өтетін Таэквон-до бойынша 7-ші Азия чемпионатына қатысуы үшін – 200 мың теңге.
- «Азиялық бокс конфедерациясы» ФК-дағы ЗТБ-ға отандық волейболға қолдау көрсетіп және дамыту үшін – 15 млн теңге.
 - «Павлодар» волейбол клубы» БФ-ға отандық волейболға қолдау көрсету және дамыту үшін – 30 млн теңге.
 - «Спорттық жекпе-жек және спорттың күш қолданылатын түрлері конфедерациясы» ФК-дағы ЗТБ мен «Бокс конфедерациясы» ФК-дағы ЗТБ-ны қаржыландыруға – 10 млн теңге.
 - «Семей-Астана» ФК» ҚБ «Семей» футбол клубының әуесқойлар командасы арасындағы ЕУРО-2014 Еуропа чемпионатына қатысуына қаражат бөлінді.
- Әлеуметтік маңызды жобаларды қолдауға 475 712 млн теңге. Оның ішінде:
- «Астана» Президенттік кәсіби спорт клубы» ФК –ға «Астана-Арланс» ПК» ЖШС-ны қаржыландыру үшін, оның ішінде WSB нұсқасы бойынша АИБА-ның III және IV маусымдарының екі чемпионының мәнерлі суперматчын ұйымдастыру үшін – 200 млн теңге.
 - «Қазақстандық жаратылыстану ғылымдары ұлттық академиясы» РҚБ-ға «Табиғи және техногендік минералдық шикізатты байыту мен кешенді қайта өңдеудің прогрессивтік әдістері» («Плаксин оқулары-2014») халықаралық конференциясын өткізу үшін – 3 млн теңге.
 - «Энергетиктер кәсіподағы федерациясы» ҚБ-ға Қазақстанның энергетикалық оқу орындары студенттерінің «Болашақтың энергиясы» форумын өткізу үшін – 6 618 мың теңге.
 - «Екібастұз қаласы әкімдігі білім беру бөлімінің № 11 жалпы білім беретін орта мектебі» ҚММ-ге Екібастұз қаласындағы № 11 ОМ бірінші қабатына жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін – 27 258 мың теңге.
 - «Энергетиктер кәсіподағы федерациясы» ҚБ-ға экологиялық сенбілікті ұйымдастыру үшін – 2 109 мың теңге.
 - «Астана» Президенттік кәсіби спорт клубы» ФК-ге «Астана-Арланс» ПК» ЖШС-ны қаржыландыру үшін – 132 млн теңге.
 - «Қазақстандық электр энергетикасы қауымдастығы» ҚБ-ға «Қазақстанның энергетикасы» жылнама-кітапты басып шығаруға көмек көрсету үшін – 4 727 мың теңге.
 - «Астана» Президенттік кәсіби спорт клубы» ФК-ге «Астана-Арланс» ПК» ЖШС-ны қаржыландыру үшін – 80 млн теңге.

- «Астана» Президенттік кәсіби спорт клубы» ФК-ге «Астана-Арланс» ПК» ЖШС-ны қаржыландыру үшін – 20 млн теңге.

Басқа да имидждік жобаларға қолдау көрсету үшін 31 200 мың теңге бөлінген. Оның ішінде:

- «KAZENERGY» ЗТБ-ға WEC Бүкіләлемдік энергетикалық кеңеске – 31 200 мың теңге.

Қайырымдылық көмек саласындағы көрсетілген көмек бойынша іс-шаралар тізбесі

Ардагерлерге, мүгедектер ұйымдарының балалар үйлері мен орталықтарының, әлеуметтік саладағы басқа да коммерциялық емес ұйымдардың жарғылық қызметіне қолдау жасау үшін 6 954 мың теңге бөлінді. Оның ішінде:

- «ШҚ АЭК» АҚ «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ мен К.А. Князькинге кәмелетке жеткен бойда тұрғын үй құрылысы жинағы жүйесі бойынша тұрғын үй сатып алу туралы шарт жасасты.
- «ШҚ АЭК» АҚ «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ мен В.Ю. Зайцеваға кәмелетке жеткен бойда тұрғын үй құрылысы жинағы жүйесі бойынша тұрғын үй сатып алу туралы шарт жасасты.
- «Забота» корпоративтік қоры Балалар үйіне арнап сыныптан тыс іс-шаралар үшін 200 мың теңгеге аудиожүйе сатып алынды.
- «Үміт-Надежда» балалар қайырымдылық қоры» ҚҚ-ға мүгедек балаларға арнап «Мектепке жол» акциясын өткізу үшін 205 мың теңге сомасында көмек көрсетілді.
- «Забота» корпоративтік қорына «Серебрянск қаласындағы мүгедектер мен қарттарға арналған жалпы типтегі дәрігерлік-әлеуметтік мекемесі» ҚММ-ге тұрмыстық құралдар сатып алу үшін 49 мың теңге бөлінді.
- «Забота» корпоративтік қорына аз қамтылған отбасыларынан шыққан балаларға арнап мектеп құрал-жабдықтарын сатып алу үшін – 500 мың теңге бөлінді.
- «Ардагерлер ұйымы» РМК Алматы қалалық филиалына қарт адамдар айлығын өткізу үшін – 1 990 мың теңге бөлінді.
- «Нұр» қайырымдылық отбасылық үйі» КМ-ге қысқы маусымда ғимаратты жылыту үшін дизельді отын сатып алуға 3 450 мың теңге бөлінді.

Ұйым есебінде тұратын зейнеткерлерге, ҰОС ардагерлерін және оларға теңестірілген тұлғаларға қолдау көрсету мақсатында 3 799 мың теңге бөлінді. Оның ішінде:

- ҰОС және Ауған ардагерлеріне, СЭС зейнеткерлеріне электр энергиясы бойынша жеңілдіктер жасауға

және аса мұқтаж ҰОС және Ауған ардагерлеріне – 1 568 мың теңге.

- «Поколение» АБҰ коммуналдық қызметтер тарифінің көтерілуі мен зейнеткерлердің жалпы өмір сүру деңгейінің төмендеуіне байланысты көмек ретінде 500 мың теңге бөлді.
- «Энергетиктер кәсіподағы федерациясы» ҚБ Еңбек династиялары күні аясында «Самұрық-Энерго» АҚ-ның есебінде тұратын энергетик зейнеткерлерге

құрмет көрсетуге арналған шараны өткізуге 1 515 мың теңге бөлінді.

- Зейнеткерлерге – «ГРЭС-1» ЖШС бұрынғы қызметкерлеріне азық-түлік жиынтығын тапсыру үшін (Қарттар күні мен Энергетиктер күніне) – 51 мың теңге бөлді.
- Зейнеткерлерге – «ГРЭС-1» ЖШС бұрынғы қызметкерлеріне қайырымдылық көмек көрсету үшін – 165 мың теңге бөлінді.



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Жергілікті қамту үлесін дамыту

Жергілікті қамту үлесін дамыту саласындағы миссия

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қазандағы қаулысымен бекітілген жергілікті қамту үлесін (одан әрі - ЖКҰ) дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру шеңберінде, Қоғам қолда бар өндіруші қуаттарды жаңғыртып және жаңаларын іске қосу барысында жергілікті қамту үлесін дамытуды жоспарлы түрде қамтамасыз етіп, сондай-ақ отандық тауар өндірушілерді (одан әрі - ОТӨ) электр энергетикасы саласында жаңа өндіріс орындарын құру барысындағы өндірістік және перспективалық жобаларды жүзеге асыруды қамтамасыз етуге ат салысуға шақырады.

Жергілікті қамту үлесін дамыту саласындағы пайымдау

Қоғам өзін энергетика саласындағы отандық тауар өндірушілер үшін ОТӨ-нің ел экономикасының электр энергетикалық сегментіне қатысуы мен дамуы саласындағы, оның ішінде «жасыл» экономика стратегиясының негізін құру және жүзеге асыру, ЖЭК-ті дамыту, өндірістің ресурстық және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі жұмыстар шеңберіндегі көшбасшы ретінде сезінеді.

Жергілікті қамту үлесін дамытудың жолдары мен әдіс-тәсілдері

Қоғам, жергілікті қамту үлесін дамыту саласындағы миссияны орындау және ОТӨ-нің барлық диалогтық алаңдардағы салалық жобаларды жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында, Жергілікті қамту үлесін дамыту жөніндегі бағдарламаны орындаудың бірқатар шараларын ұсынады және оларды өз қызметіне сәйкес жүзеге асырады:

- өндірістегі жаңалықтарға, алдыңғы қатарлы технологияларға қол жеткізу мақсатында алдыңғы қатарлы құқық иеленушілермен бірлескен кәсіпорындар құру;
- ОТӨ-ні оқшаулау үлесін ұлғайту;
- инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысында қазақстандық кадрларды тарту;
- ОТӨ-ні қолда бар энергетика нысандарын жаңғырту және жаңасын салу ісіне кеңінен тарту.

Күтілетін нәтижелер

Аталған шаралар кешенін жүзеге асыру ОТӨ-нің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, отандық бизнесті электр энергетикасына барынша кешенді әрі жүйелі түрде тартуға, саланың жалпы тиімділігі мен инновациялылығын арттыруға мүмкіндік береді. Осылайша, жаңа өндірістерді құруға, жеткізілетін қондырғылардың қосалқы бөлшектерін өндіру барысындағы жергілікті қамтудың үлесін арттыруға, әлемдік алдыңғы қатарлы құқық иеленушілердің технологияларды беру шарттарын алуға және жеткізілетін қондырғыларға сервистік күтім жасау сегментін дамытуға жағдайлар жасалатын болады. Жоғарыда аталған шаралар нәтижесінде жаңа жұмыс орындарының құрылуы мен жергілікті персоналдың жеткізілетін және өндірілетін қондырғыларды пайдалану, сервис және жөндеу саласындағы біліктілігін арттыруға қажетті жағдайлар туғызудың өзі өз алдына жеке оң әсер бола алады. ОТӨ-мен ұзақ мерзімді шарттар жасасу арқылы өнімдерді кепілдендірілген түрде өткізу мәселелері де шешілетін болады.

2012-2014 жылдары отандық тауар өндірушілермен жасалған шарттардың саны жайлы ақпарат

2012 жылы Қоғам тауарлар бойынша 168 млрд теңге сомасына 3 918 шарт жасасты, оның ішінде ОТӨ-мен 37 млрд теңгенің 237 шарты жасалды.

2013 жылы Қоғам тауар бойынша барлығы 299 млрд теңгеге 4 672 шарт жасасты, оның ішінде ОТӨ-мен 69 млрд теңгеге 388 шарт жасалды.

2014 жылы Қоғам 3 768 шарт бойынша 157,97 млрд теңге сомасындағы нақты тауарларды жеткізуді іске асырды, оның ішінде ОТӨ-мен 124,75 млрд теңгенің 432 шарты бар.

2013-2014 жылдарда жасалған ұзақ мерзімді шарттардың саны туралы ақпарат

2013 жылы отандық тауар өндірушілермен жалпы сомасы 8,3 млн теңге болатын 4 ұзақ мерзімді шарт жасалды.

Сонымен қатар, Топ кәсіпорындары әлеуметтік жауапкершілікке де үлкен мән береді. Слған байланысты 2014 жылы Қоғам мүгедектер ұйымдарымен 28 млн теңге сомасына шарт жасасты.

2012-2014 жылдардағы сатып алулардағы жергілікті қамту үлесі бойынша ақпарат, мың теңгемен *

	2012 нақты			2013 нақты			2014 нақты		
	Жасалған шарттардың жалпы сомасы	ЖМ сомасы	ЖМ %	Нақты жеткізілген ТЖҚ жалпы сомасы	ЖМ сомасы	ЖМ %	Нақты жеткізілген ТЖҚ жалпы сомасы	ЖМ сомасы	ЖМ %
Тауарлар	175 949 669	112 421 300	64%	166 114 048	123 164 229	74%	157 966 728	125 853 121	80%
Жұмыстар	66 287 021	26 184 573	40%	127 069 408	57 398 008	45%	99 769 397	49 652 585	50%
Қызметтер	98 087 186	94 582 504	96%	80 782 171	78 555 575	97%	99 018 102	97 399 442	98%
Барлығы	340 323 876	233 188 377	69%	373 965 627	259 117 812	69%	356 754 227	272 905 148	76%

*Ескерту: «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС-ның мәліметтері.

2012 жылмен салыстырғанда, 2013 жылы жергілікті қамту үлесі ақшаға шаққанда 25,9 млрд теңгеге, ал 2014 жылы 13,8 млрд теңгеге ұлғайды.

Жергілікті қамтуды дамыту бойынша аймақтық көрмелерге қатысу

Қоғам өткен жылы Астана және Алматы қалаларындағы «ИТП АЭА инновациялық кластері: «NADLOC» жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ ұйымдастырған жергілікті қамтуды дамытудың жаңа тәсілдері» атты диалогтық алаңға, Қарағанды облыстық әкімдігі ұйымдастырған Жергілікті қамтуды дамыту бойынша республикалық форумға, жыл сайын Алматы қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен Алматы қаласында

қала әкімі мен «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Басқарма төрағасының қатысуымен өтетін «Мемтапсырыс-2015» акциясына, Павлодар қаласындағы Жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі аймақтық форумға және «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС, «NADLoC» жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ұйымдастырған отандық тауар өндірушілермен кеңестерге қатысты.

Отандық тауар өндірушілермен жасалған шарттар жөніндегі ақпарат

Тапсырыс беруші ретінде біз жаңа отандық тауарларды өндіруге үлкен қызығушылық танытудамыз, сонымен қатар, отандық тауар өндірушілермен ұзақ мерзімді шарттар жасауды жалғастырудамыз. Бұл өндірілетін өнімге сұраныстың тұрақты болуын, тиісінше, өндіріске ұзақмерзімді инвестицияны қамтамасыз етеді.

1. «Кентау трансформатор зауыты» акционерлік қоғамы: тауар жеткізу: айырғыштар, трансформаторлар, сөндіргіштер, сөндіргіштерді іске қосқыштар – **201 млн теңге** сомасында.
2. «Азия Авто» АҚ: автокөлік жеткізу - **91 млн теңге** сомасында.
3. «Казэнергокабель» АҚ: кабель өнімдерін жеткізу - **54 млн теңге** сомасында.
4. «КОРУНД» ЖШС: тауар жеткізу: жылу-механикалық қондырғылардың қосалқы бөлшектері, жартылай муфта мен жылу алмастыру аппаратының жиынтығы - **74 млн теңге** сомасында.

5. «Казцентрэлектропровод» ЖШС: кабельдік-өткізгіштік өнімдерді, муфталарды, шкафтарды жеткізу - **22 млн теңге** сомасында.
6. «HighIndustrialLubricants&LiquidsCorporation» («HILL») ЖШС: тауар жеткізу: майлар мен жағармайлар - **201 млн теңге** сомасында.
7. «Орика-Казахстан» АҚ: тауар жеткізу: өндірістік жарылғыш заттар - **432 млн теңге** сомасында;
8. «Темір-бетон комбинаты» ЖШС: тауар жеткізу: тір-куіштер, іргетас блогы, темір-бетонды құрылғылар - **83 млн теңге** сомасында.
9. «Kagaz Shahary SEZ» ЖШС: тауар жеткізу: қағаз - **32 млн теңге** сомасында.
10. «Жаңа Семей шпал зауыты» АҚ: тауар жеткізу: тақтайлар - **51 млн теңге** сомасында.
11. «Запчасть» АҚ: тауар жеткізу: локомотивтік қалыптар - **45 млн теңге** сомасында.
12. «ҚАЗЭЛЕКТРМАШ» ЖШС: тауар жеткізу: кабелдік-өткізгіштік өнімдер - **215 млн теңге** сомасында.
13. «КЭМОНТ» АҚ: тауар жеткізу: трансформаторлық қосалқы станция - **34 млн теңге** сомасында.

Өз кезегінде, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы жүзеге асыратын инвестициялық жобалар, қуатты кеңейту, өндірісті жаңғырту жөніндегі жобалар, сондай-ақ, ағымдағы капиталдық шығындар отандық тауар өндірушілерді шығаратын өнім түрлерін көбейтуге ынталандыруы тиіс.

Сатып алуларды басқару

1 материалдық ресурстарға сұранысты анықтау:
Материалдық ресурстарға сұраныс Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің қызметтік және өндірістік қажеттілікке орай берген тапсырыстары бойынша жасалған Қоғамның даму жоспары негізінде айқындалады.

2 жеткізушіні таңдау:
жеткізушіні таңдау Қордың сатып алулар ережесіне сәйкес, баға ұсыныстарына сұраныс және бір көзден сатып алу бойынша жүргізілген тендер нәтижесінде анықталады.

3 сатып алуларды жүзеге асыру:
Қоғамдағы сатып алуларды жүзеге асыру «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ және дауыс беруші акцияларының елу және одан да көп пайызы меншіктік және сенімгерлікпен басқару құқығында тікелей және жанама түрде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-на тиесілі ұйымдардың «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 212 жылғы 26 мамырдағы №80 шешімімен бекітілген Тауарларды, жұмыс пен қызметті сатып алу туралы ережесіне сәйкес іске асырылады.

Барлық сатып алулар Электрондық сатып алулардың ақпараттық жүйесінде, <http://tender.sk.kz> сайтында жүргізіледі.

Тікелей емес экономикалық әсер

Қоғам басшылығы мен Директорлар кеңесі өздерінің алдарына тұрақты компания құруды мақсат етіп қояды. «Тұрақты» термині «Самұрық-Энерго» Компаниялар тобының ресурстарын, сонымен қатар қоғамдық ресурстарды тиімді қолдануды да білдіреді.

Осы мақсатта, жекелеген кәсіпорындарда менеджменттің кіріктірілген жүйесі енгізіліп, станцияларды техникалық қайта жарақтандыру жүргізілуде және персонал мен жеткізушілерге қойылатын талап та күшеюде. Бұл жағдайда экономикалық аспектілерге де көп көңіл бөлінеді, өйткені корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, экологиялық жағдайды жақсарту саласындағы жобалар «Самұрық-Энерго» Компаниялар тобының жеке операциялық табысынан қаржыландырылады.

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, басшылық тұрақты дамудың барлық аспектілеріне экономикалық тиімділік тұрғысынан талдау жасайды. Мысалы, еңбек өнімділігі, пайдаланылатын шикізат (қоршаған ортаға әсер) және басқа да аспектілер «Самұрық-Энерго»

Компаниялар тобының жұмысын жоспарлау барысында ескерілетін болады. Осылайша, 2014 жылдың қорытындысы бойынша, электр энергиясын өндіру саласындағы өнімділік 3 740-ты (мың кВтч/адам) құрады. Динамикада көрсеткішті 2017 жылға қарай 6 298-ге дейін, ал 219 жылға қарай 7 280-ге дейін ұлғайту көзделуде.

